

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ

Алматы энергетика және байланыс университетінің
Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Мейрімгүл Мұхамедиярқызы Төлеуп

ҚАЗАҚ ТІЛІ
Ғылыми-техникалық мәтіндермен жұмыс дағдыларын қалыптастыру
Оқу құралы

Алматы 2014

ӘОЖ 811.512.122 (075.8)

БК 81.2 қаз Я 73

T82 - ҚАЗАҚ ТІЛІ. Ғылыми-техникалық мәтіндермен жұмыс дағдыларын қалыптастыру. Оқу құралы / Төлеуп М. М.

АӘЖБУ. Алматы, 2014. – 88 бет.

ISBN 978-601-7327-99-6

«Қазақ тілі-1» пәні бойынша оқу құралы барлық мамандық бағыттарында оқитын бакалаврларға арналған. Оқу құралындағы материалдар студенттердің коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруды мақсат етеді. Материалдар ауқымды он тақырыпты қамтиды. Оқу құралы қазақ тілінің Білім және ғылым министрлігі бекіткен типтік оқу бағдарламасына негізделіп әзірленді. Құралда В1, В2, С1 деңгейлеріне арналған мәтіндер, тапсырмалар, жаттығулар топтастырылған.

Әдеб. көрсеткіші. – 7 атау.

ӘОЖ 809.434.2 (075.8) қаз.

БК 81.2 қаз Я 73

Пікір беруші: Қ. Сәтпаев атындағы Қаз ҰТУ ф.ғ.к., проф.

Г.Т. Тұрсынова

Әл-фараби атындағы ҚазҰУ-дың ф.ғ.к., доцент

Л.Ж. Мұсалы

АӘЖБУ, фил. ғыл. канд., доцент. Шарибжанова Ғ.Ғ.

ISBN 978-601-7327-99-6

© «Алматы энергетика және байланыс институтының» КЕАҚ, 2014 ж.

Алғы сөз

Алматы энергетика және байланыс университетінің барлық мамандықтарында оқитын студенттерге арналған «Қазақ тілі 1» пәні бойынша оқу құралы Білім және ғылым министрлігінде бекітілген жаңа типтік оқу бағдарламасына негізделіп жасалғандығы оқу құралының өзектілігінің дәлелі болып табылады. Оқу құралы пәннің жаңа оқу жоспарлары мен силлабустарын жасауға арқау болады.

Оқу құралында «жеңілден қиынға» принципі пайдаланылып, 10 үлкен лексикалық тақырыпты қамтитын оқу материалдары тілдік құзіреті әртүрлі студенттерге қолжетімді болатындай етіп ұйымдастырылған:

- 1) грамматика деңгейін тексеруге арналған тапсырмалар;
- 2) жаңа тақырып бойынша сөйлеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (диалогтар, жағдаяттық тапсырмала);
- 3) жазбаша тіл деңгейін жетілдіруге арналған жаттығулар;
- 4) ақпаратқа қанық көлемі мен қиындық деңгейі әртүрлі мәтіндер;
- 5) мәтін алды және мәтіннен кейінгі тапсырмалар мен жаттығулар;
- 6) техникалық терминдерге кіріспе;
- 7) ғылым жаңалықтарына шолу.

Құралда әртүрлі функционалдық стильдерге жататын аутентивтік мәтіндер беріледі, әйтсе де жалпы ғылыми стильде жазылған түрлі тақырыптағы оқу материалдары басымдыққа ие. Оқушылардың ойын қозғау мақсатындағы проблемалық сұрақтар, когнитивтік сипаттағы тапсырмалар көптеп беріледі. Сонымен бірге, қосымша материал ретінде орыс тілінен қазақ тіліне аудару дағдысын қалыптастыру мақсатындағы ғылыми мәтіндер де ұсынылған.

1 Сәлем – сөздің анасы

1.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.

1. Мен Қостанайданмын.
2. Мен 1996 жылы Семейде тудым.
3. Мен Астанада тұрамын.
4. Менің екі қарындасым, үш інім бар.
5. Мен қазақ тілін үйреніп жүрмін, өйткені қазақ тілі Қазақстанның мемлекеттік тілі.
6. Мен қазақ тілін 5 жылдан бері үйреніп жүрмін.
7. Мен Қытай, Америка, Испания, Жапония елдерінде болдым.
8. Мен былтыр Еуропаны араладым.
9. Мен келесі жылы ағылшын тілін үйренбекпін.

1.2 Өзіңізді таныстырыңыз

Өзіңізді таныстырыңыз, басқа студенттермен танысыңыз. Олардың аттарын есіңізде сақтауға тырысыңыз.

Сәлем, менің атым - ..., сенің атың кім?

Сәлем, менің атым ..., танысқанымға қуаныштымын.

Мен де қуаныштымын.

1.3 Достарыңыздың есімдері есіңізде қалса сөздерді пайдаланып, бір-біріңізбен әңгімелесіңіз: *кімнің аты ..., кімнің аты кімнің атына ұқсас, кімнің аты кімнің атымен бірдей*

ең қиын (оңай) есім

дәстүрлі есім

ең қысқа (ұзын) есім

заманауи есім

айтылуы қиын есім

ерекше есім

сирек кездесетін есім

аттас

мағынасы күрделі есім

1.4 Сәлемдесу формаларының қайсысын қандай жағдайда қолданасыз?

Досыммен амандасқанда «Сәлем» деймін.

Егде адамдармен амандасқанда «...» деймін.

Жасы үлкен ер адамдармен сәлемдескенде «...» деп амандасамын.

Сәлем!

Армысыз!

Сәлеметсіз бе?

Сәлеметсің бе?

Сәлеметсіздер ме?

Сәлеметсіңдер ме?
Амансыз ба?
Есенсіз бе?
Аман-есенсіз бе?
Ассаламағалейкум!

1.5 «Сәлем – сөз басы» тақырыбына әңгімелесіңіз.

1.6 Достарыңызды тереңірек біліңіз.

Сен қайдан...?
Қайда тұр...?
Аға-іні, апа-қарындас... бар ма?
Қандай мектепті ...?
Қашан, қайда ту...?
Қандай музыка ...?
... спортпен айналыс...?
Жазда не ...? ... бардың? ... демалдың?
Теледидардан ... хабар көруді ...?
Кітап немесе журнал ...?
Соңғы рет қандай кітап ...?
Қандай музыканы ...?
Қандай шетел тілдерін ...?
Достарың ... ма?
Қазақ тілін ... деңгейде ...?

1.7 Қасыңыздағы студентке осы және басқа да сұрақтарды қойып, ол туралы көбірек білуге тырысыңыз және білген ақпаратыңызды топтастырып, әңгіме құрап, айтып беріңіз.

Сәлемдесу дәстүрі

Сөздік

ізет – почет, уважение

ізет көрсету, ізет ету – оказывать уважение

ізетті –учтивый, благовоспитанный

мейлі – хоть, пусть

Қазақ тілінде сәлемдесудің түрі өте көп. Соның ішінде жас адам жасы, жолы үлкен адамға алдымен ұмтылып, екі қолын кеудесіне қоя қусырып, «Ассаламағалейкум» деп дауысын шығарып амандасатын дәстүр бар. Бұл арабша «Сізге Алланың нұры жаусын!» деген мағынаны білдіреді. Қарсы жақ та дауысын шығарып ізетпен «Уағалейкум ассалам» деп қол алысады. Бұл да арабша «Сізге де Алланың нұры жаусын» дегенді білдіреді.

Егер жас адам қарияға жол үстінде кездесе, амандасудан кейін «Жолыңыз (сапарыңыз) оң болсын» дейді. Қария «Әлей болсын» деуі керек.

Ауылдың бір адамы ұзақ сапардан оралса, мейлі ол жас болсын, оған ел адамдары барып амандасады. Халқымыздағы «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді» деген мақал содан шыққан.

Ерте замандарда «Армысың», «Армысыз» деп амандасқанда жауап беруші жақ «Бар болғын, балам!» дейтін болған. (Ш.К.Бектұров, А.Ш.Бектұрова. Қазақ тілі. 15 бет)

1.8 Мәтін бойынша сұрақ қойып, мәтінді толық түсінуге тырысыңыз, мәтін бойынша пікір алысыңыз.

1.9 Мына сөздерге мағынасы ұқсас сөздерді жазыңыз.

қария
нұр
амандасу
деу
алыс
ерте
заман
көп
кездесу

1.10 Мына сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздерді жазыңыз.

жас
алыс
ерте
ұзақ
көп
оң

1.11 Сәлем туралы нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді талқылаңыздар:

1. Сәлем - әдептілік белгісі.
2. Әдепті елдің баласы,
Алыстан сәлем береді.
3. Сәлем беру де парыз,
Сәлем алу да парыз.
4. Жақсы сөз - жарым ырыс.
5. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені,
Жақындықтың белгісі – келіп-кетіп жүргені.
6. Сәлемі түзудің өзі түзу.
7. Сәлем берген саламаттық тілейді,
Сәлем алған жаны тынып түлейді (Ю.Баласағұни).

Бірқатар шығыс елдеріндегі сәлемдесу рәсімі

Тибет. Көптеген елдерде тіл шығару әдепсіздік болып танылса, кейбір жерде тілін шығарған жан жазаға тартылады. Тіл шығару тибет халқына жат емес, себебі олар бір-бірін көргенде, тілдерін шығарады. Бұл рәсім 9-ғасырда бастау алған. Сол замандағы Тибет елінің көсемі Ландарманың тілі қара болған деседі. Тибет халқы өзгелерге өздерінің жауыз емес екендерін көрсету мақсатында бір-бірін көрген кезде тілдерін шығара бастайды. Бұл дәстүр өз жалғасын әлі күнге дейін табуда.

Монғолия. Бейтаныс жанды үйіне қонаққа шақырған кезде монғолдар оған "хада" деп аталатын жібек не мақта-маталы жолақ береді. Әдетте оның түсі ақ. Кейде көк я жасыл түсті болады. Хада ұсынылған кезде келген қонақ оны екі қолмен алып, басты изеуі тиіс. Хада ұсыну мен алу рәсімі – үлкен құрметтің белгісі.

Жапон халқы сәлемдесу рәсіміне аса мән береді. Бір-бірін көрген кезде олар иіледі. Жастар өзара бастарын изеп амандасады. Ал татамиде тізерлеп отырып, жерге қарай иілу керек. (<http://news.nur.kz/kk/213293.html> алынды)

1.12 Басқа халықтардың ерекше сәлемдесу дәстүрлері туралы ақпаратты оқып, өз топтасыңызбен бөлісіңіз, пікір алмасыңыз.

1.13 Тәуелдік, меншіктік қатынасты білдіру.

1.13.1 Керекті қосымшаларды жалғаңыз.

Сенің қал... қалай? Оның жағдай... жақсы. Сенің жас... нешеде? Сіздің жұмыс... қиын ба? Оның ана... жас. Менің жұмыс... қызық. Біздің үй... жаңа. Сендердің көше... таза екен. Менің ата... егде адам. Оның әже... қайда? Сіздің әке... инженер ме? Сендердің ана... - мұғалім бе? Олардың мектеп... алыс. Менің пәтер... кең. Сіздің ана... осында. Біздің аға... үлкен. Сенің жеңге... кіші. Сіздердің тәте... қайда? Олардың іні... бақытты.

1.13.2 Жақшаның ішіндегі сөздерге тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлем құрастырыңыз (сұраулы және хабарлы).

Менің (сұрақ) дұрыс.

Сіздің (жұмыс) алыс?

Сіздің (мамандық) дәрігер.

Сендердің (жұмыс) қиын.

Олардың (тек) Оралов.

Сіздердің (қалам) бар?

Біздің (пәтер) кең.

Оның (уақыт) жоқ.

Сенің (компьютер) жаңа?

Біздің (бастық) білімді адам.
Сенің (хатшы) бар?
Сіздің (кұрбы) есепші?
Сендердің (сұрақ) дұрыс емес.
Менің (жауап) түсінікті?
Менің (керек) бар?

1.13.3 Сөйлемдерді болымсыз формаға қойыңыз.

Үлгі: Сіздің есіміңіз Арман ба? Жоқ, менің есімім Арман емес, Абзал.

Сенің үйің алыс па?
Оның жұмысы қиын ба?
Сенің мамандығың заңгер ме?
Сіздің мамандығыңыз оқытушы ма?
Сендердің ата-аналарың жас па?
Сіздің ағаңыз жиырмада ма?
Сенің бағаң жоғары ма?
Сіздердің жұмыстарыңыз жақын ба?

1.13.4 Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Оның оқулық... жаңа. Оның мамандық... қазір үлкен сұранысқа ие.
Біздің кітап... таза. Сенің тек... кім? Менің мектеп..... жақын. Сенің сұрақ...
дұрыс емес. Оның енді керек... жоқ. Біздің жауап... сізді қанағаттандыра ма?
Біздің құқық... мемлекет деңгейінде қорғалуы керек.

1.13. 5 Әңгімені толықтырыңыз.

- Танысайық. _____ кім?
- _____ – Маржан Асанқызы. Сіздің аты-жөніңіз кім?
- Менің аты-жөнім – Саят Серікұлы. _____ қуаныштымын.
- Мен де қуаныштымын. Кешіріңіз, мына кісі кім?
- Бұл _____ әріптесім – Мұрат Болатұлы.
- Болат Асқарұлы, мамандығыңыз кім?
- Менің _____ сәулетші. _____ ше?
- Менің _____ оқытушы. Университетте оқытушымын. Мұрат Болатұлы да сәулетші ме?
- Иә, екеуміз де _____ .
- _____ бар ма?
- Иә, бар. Әйелім, екі _____ бар. Өзіңіздің ше?
- Менің де отбасым бар. _____, екі кішкентай қызым бар.
- Өте жақсы.

1.14 Екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріңіз.

А
сурет

Ә
бастау

киноға	сөйлеу
оқуға	жетік білу
сұрақ	салу
жауап	беру
қазақша	бару
ағылшынша	қою
жұмысты	түсу
ерте	ояну

1.15 Екі бағандағы диалогтарды мағынасына қарап, сәйкестендіріңіз.

А	Ә
Кешіріңіз.	Әрине, отырыңыз.
Кіруге бола ма?	Рақмет! Бірге болсын!
Шығуға рұқсат па?	Келесі көшеден солға бұрылсаңыз, алдыңызда тұрады.
Кешке кафеге барып, шай ішіп, әңгімелесейік.	Оқасы жоқ.
Сізге Алматы ұнай ма?	Рақмет! Жақсы барып келдім.
Мына орынға отырсам, қарсы емессіз бе?	Кешір, кешке қолым бос емес. Тағы бірде кездесерміз.
Ертең кездесек, қолың бос па?	Ертең қолым тимейді, емтихан тапсырамын.
Айтып жіберіңізші, дәріхана қай жерде?	Кіріңіз.
Мереке құтты болсын!	Рұқсат, шыға қойыңыз.
Келуіңізбен! Қалай барып келдіңіз?	Алматы өте әсем қала, қатты ұнайды. Адамдары да тамаша.

Техникалық мамандықтар терминдеріне кіріспе.

компьютер жады – память компьютера
компьютердің тінтуірі - мышка компьютера
пернетақта - клавиатура
аналық тақта - материнская плата
қатқыл диск - жесткий диск
айқұлақ (электронды поштаның көрсеткіші) – собачка
жүйе – система
ақпараттық жүйелер – информационные системы
желі – сеть
Интернет желісі – сеть Интернет
элеуметтік желілер – социальные сети

1.16 Сұрақтарға жауап беріңіз.
Тінтуірді не үшін қолданады?
Қатқыл диск не үшін керек?
Қандай әлеуметтік желілерді қолданасыз?
Интернет желісінен қандай ақпарат аласыз?
Ақпараттық жүйелер туралы не білесіз?
Сіздің компьютеріңіздің қатқыл дискісінің көлемі қандай?
Мына электрондық мекенжайды оқыңыз: tirshilikkozi@gmail.com

Ғылым мен технология жаңалықтары

Триллион градус

2012 жылдың тағы бір маңызды жаңалығы - АҚШ-тың Брукхейвен ұлттық зертханасында жасалған сынақ. Мамандар кварк-глюонды плазма өндіріп, оның температурасын төрт триллион градус цельсийге жеткізе алды.

Бұл күн ядросынан 250 мың есе ыстық. Заттың мұндай күйі секундтың бір бөлшегінде ғана сақталады. Мұндай температура алтын иондарын жарық жылдамдығымен соғыстырған кезде пайда болған. (<http://www.azattyq.org/> сайтынан алынды)

1.17 Мәтінге сұрақтар қойып, жаңалықты талқылаңыздар.

2 Мен таңдаған мамандық

2.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Дұрыс сөйлемдерді белгілеңіз.

1. Мен Алматы қалада тұрамын.

Мен Алматы қаласында тұрамын.

2. Алмас екінші курсына оқиды.

Алмас екінші курста оқиды.

3. «Мега» үлкен дүкен.

«Мега» үлкен дүкені.

4. Біз ұлттық университеттің студентпіз.

Біз ұлттық университеттің студентіміз.

5. Қандай жоғары оқу орында оқисың?

Қандай жоғары оқу орнында оқисың?

6. Менің досым Қазақ ұлттық университетінде оқып жүр.

Менің досым Қазақ ұлттық университетте оқып жүр.

7. Атам Абайдың қара сөздерін оқиды.

Атам Абайдың қара сөздерді оқиды.

2.2 Топтасыңызға төмендегі (басқа да) сұрақтарды қоя отырып, мамандықты қалай таңдағаны туралы сөйлесіңіз.

Таңдаған мамандығың ұнай ма?

Бұл мамандыққа өз қалауыңмен түстің бе?
 Осы мамандықты таңдауыңа кім кеңес берді?
 Бұл туралы қашаннан бастап армандап жүрсің?
 Бұл мамандық туралы алғаш қашан, кімнен естідің?
 Бұл мамандық несімен ұнады?
 Болашақ мамандығың ұнамаса, қандай мамандық туралы армандайсың?
 Не себептен осы оқу орнын таңдадың?

2.3 Төмендегі сөздерді және алған ақпаратыңызды пайдаланып, жұптарыңызды өзгертіп, бір-біріңізбен таңдаған мамандықтарыңыз туралы әңгімелесіңіз:

қызық
 жалақысы жоғары
 жұмыс табу оңай
 оған бәрібір, бұл мамандық оған ұнамайды
 бұл мамандыққа сұраныс жоғары
 оның өзінің қалауы емес
 ата-анасының айтқанын тыңдау
 таптырмас мамандық
 үнемі ізденуді талап етеді
 көп білімді қажет етеді
 тапшы мамандық
 түлектердің көбі таңдайды

2.4 Мамандық атауларын қазақ тіліне аударып, бұл мамандық иелерінің немен айналысатынын айтыңыз:

педагог
 журналист, языковед
 переводчик
 бухгалтер
 водитель, ведущий
 ученый
 писатель
 эксперт
 повар
 певец
 танцор
 актер

2.5 Екі бағандағы мамандық атауларын сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз.

А	Ә
тігінші	үйлерді, ғимараттарды жобалайды.

үйлестіруші	жобаларды, шараларды ұйымдастыратын маман
құрылысшы	үй, ғимарат, түрлі жайларды салады.
хатшы	кәсіпорынның іс қағаздарын жүргізеді, бастыққа көмектеседі
малшы, шопан	түрлі құрылғы, қондырғы, жабдықтарды жобалау, орнату, баптаумен айналысатын маман
суретші	адамдарға киім тігеді.
қызметкер	адамдардың құқығын қорғайды
заңгер	адамдарды, қоршаған ортаны бейнелейді
инженер	ауылда тұрып, қала адамдарын етпен, сүт өнімдерімен қамтамасыз етуді
тілші	адамдарға ақпарат беруге көмектесетін маман
әкім	белгілі бір мәселені ғылым тұрғысынан зерттейтін маман
ғалым	бұқаралық ақпарат құралдары материалдарын талдайтын маман
сазгер	ауыл, қала, аудан, облысты басқарады
сәулетші	ән шығарады
үй тазалаушы	кәсіпорында жұмыс істейтін қатардағы жұмыскер
шолушы	үйді, офисті тазалықта ұстаушы жұмыскер

2.6 Кім не істейді? Алдыңғы тапсырманы үлгіге алып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Дәрігер _____ .
 Аспаз _____ .
 Мұғалім _____ .
 Сатушы _____ .
 Күзетші _____ .
 Жүргізуші _____ .

2.7 Кестедегі сөздерді пайдаланып, сұрақтар төңірегінде әңгімелесіңіз.

Қазіргі заманның табысты маманы қандай?

Оның бойында қандай қасиеттер болуы керек?

Сіздің бойыңызда осы қасиеттер бар ма?

Жоқ болса, не істейсіз?

білікті	жоғары дәрежелі	табанды	мақсатты	жауапты
бастамашыл	креативті	білімді	бәсекеге	қабілетті
өз ісінің шебері	мұқият	тыңғылықты	еңбекқор	

Жоғары сұранысқа ие мамандықтар

Жыл сайын сарапшылар тапшы мамандықтар рейтингін жасап, өз болжамдарын білдіріп жатады. Еңбек нарығындағы жағдай жыл сайын өзгеріп отырады. Егер бір жылы сату менеджерлері керек болып жатса, екінші жылы сауатты экономика мамандары, ал келесі жылы жарнама немесе PR саласы мамандары қажет болып жатады.

Ғаламтор бетінде жарияланған мамандардың 2014-17 жылдарға арналған болжамдарына көз салатын болсақ, бірінші орында техникалық мамандықтар тұр. Табысқа жету үшін бұл кәсіп иелерінің техникамен қатар, экономика және заң саласындағы білімдері жоғары деңгейде болуы керек. Сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық қарқынды дамып жатқандықтан, шетел тілдерін меңгерулері керек. Жалпы алғанда, біліктілік талаптары жылдан-жылға арта береді. Сонымен бірге, жас мамандар өз мамандығы аясында бірнеше қызметті іске асыра алуға дайын болуы керек. Тек техникалық білімінің болғаны жеткіліксіз. Кәсіби білімімен қатар, басқару дағдысын игерген үміткерлер басымдыққа ие.

Екінші орында IT-мамандары, программалық қамту әзірлеушілері мен графикалық интерфейстер дизайнерлері тұр. Программалық қамту нарығы ең тез дамитын сала, оның жұмысын қамтамасыз етушілер алдағы он-жиырма жылда ең жоғары сұранысқа ие мамандар болып табылады.

Үшінші орынды баламалы энергетика мамандары иеленген. Оның себебі - энергияның дәстүрлі көздері (газ, көмір, мұнай) қорларының тез азаюында.

Шынына келетін болсақ, өз ісінің шебері және жауапкершілігі мол кез келген сала маманы жалақысы жоғары және сұранысқа ие кәсіп иесі бола алады.

2.8 Сұрақтарға жауап беру арқылы өз ойларыңызды айтыңыз.

Мамандықтар рейтингі не үшін жасалады?

Не себептен аталған мамандықтар үлкен сұранысқа ие деп ойлайсыз?

Алдағы жылдары сұранысқа ие болып қала беретін мамандықтар қандай?

Табысты маман болу үшін сұранысқа ие кәсіп иесі болу жеткілікті ме?

Сіздің болашақ мамандығыңыз жоғары сұранысқа ие мамандыққа жата ма?

2.9 Глоссарийді толықтырыңыз.

_____ істелінген жұмысқа төленетін ақы.

_____ табылуы қиын немесе жетіспейтін нәрсе.

- _____ арнайы оқу орнында оқып, алған білім.
_____ сан алуан отын түрлері, резина, каучук т.б. алынатын зат.
_____ болашақта мүмкін болатын жағдайлар туралы айтылатын пікір.

2.10 Сөздердің глоссарийін жазыңыз:

- Көмір –
Мұнай –
Газ –
Баламалы энергия -
Дизайн –

2.11 Екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріңіз.

А	Ә
мамандық	қамту
сұранысқа	игеру
қарқынды	жету
дайын	таңдау
дағдыны	жасау
жылдан-жылға	ие болу
табысқа	арту
болжам	айту
рейтинг	болу
программалық	даму

2.12 «Көз» сөзімен келетін тұрақты тіркестердің тура мағынасын жазыңыз.

- көз салу -
көз алмау -
көзіне айту -
көзін табу-
көзін іздеу -
көзі ашық –
көз жетер жер –
көзге түсу –
көз бояушы –
көз жазып қалу –
көз жүгірту –
көз қырына алу -

Галилео Галилей

Галилей Галилео (15.02.1564, Италия, Пиза — 08.01.1642, Флоренция маңындағы Арчетри қ.) — италиялық физик, механик, астроном, табиғат тану ғылымдарының негізін салушы. Кедейленген ақсүйек отбасында туған. Әкесі

Винченцо белгілі музыкант болған. Галилейдің үлкен оқымысты болуына әкесінің ықпалы тиген. 11 жасына дейін Пиза қаласында тұрып, кейін отбасы Флоренцияға көшеді. 1581 ж. Пиза университетіне түсіп, медицинаны оқып үйренеді. Мұнда ол Аристотель, Евклид, Архимед еңбектерімен танысады. Сөйтіп, геометрия мен механикаға әуестенген Галилей медицинаны тастайды. Кейін Флоренцияға қайта оралып, төрт жыл бойы математиканы зерттейді. 1589 ж. Пизада математика кафедрасын қабылдап алып, ғылыми жұмысын онан әрі жалғастырады. Аристотельге қарсы "Қозғалыс туралы сұхбат" деген еңбек жазады. 1592 ж. Падуяда математика кафедрасын басқарады. Бұл кезең (1592-1610) Галилей шығармаларының кемеліне келген шағы болатын. Тепе-теңдік принципіне негізделген машина жайлы зерттеуі, дененің еркін түсуі, дененің көлбеу жазықтықтағы қозғалысы, көкжиекке (горизонтқа) бұрыш жасай лақтырылған дененің қозғалысы, маятник тербелісінің изохрондығы туралы жаңалықтары осы кезеңге жатады. 1609 ж. Галилей өзінің алғашқы телескопын құрастырады. Ол осы телескоптың көмегімен Шолпан планетасының фазасын, Күндегі дақты, Юпитердің 4 серігін, Сатурнның сақинасын ашты. Дін басылары Н. Коперник іліміне тыйым салған соң (1616), Галилей ұзақ уақыт үй тұтқынында ұсталды. 1630 ж. "Әлемнің екі негізгі жүйесі туралы сұхбат" деген еңбегін Римге алып келді. Мұнда Коперник пен Евклидтің дүние жүйелері қаралған еді. 1637 ж. Галилей екі көзінен айырылады. Галилей 17 ғасырдағы механика, оптика және астрономия ғылымдарының дамуына елеулі үлес қосты. Ол ашқан жаңалықтар дүниенің гелиоцентрлік жүйесі туралы ілімнің жеңіп шығуына ықпал етті. Статика тарихы Архимедтен басталса, динамика тарихы Галилейден басталады. Ол ұлы ғалым болумен бірге, музыкант, суретші, ақын, әдебиетші де болған. (<http://www.kitaphana.kz/>)

1. Мәтінді абзацқа бөліп, әр абзацқа атау беріңіз.
2. Мәтіндегі сан есімдерді сөзбен жазыңыз.
3. Мәтіндегі физика терминдерін атаңыз.
4. Мәтіндегі мамандық атауларын атаңыз.
5. Галилей медицинаны неге тастады?
6. Галилейдің кемеліне келген шағында ашқан жаңалықтары қандай?
7. Галилей неліктен үй тұтқынында болды?
8. Галилейден физиканың қандай бөлігінің тарихы бастау алады?
9. Галилейдің денсаулығы туралы не айтылған?
10. Галилейдің бойында қандай өнерлер болды?
11. Галилейдің отбасы туралы не айтасыз?

2.13 Екі бағандағы сөздерді мағыналарына қарай сәйкестендіріңіз.

А	Ә
телескоп	жазу
жеңіп	салу
ықпал	айрылу

еңбек	зерттеу
негізін	оралу
механикаға	жатады
математиканы	қосу
қайта	шығу
осы кезеңге	ұсталды
Галилейден	ету
тұтқында	құрастыру
екі көзінен	әуестену
үлес	басталады

2.14 Абайдың «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын» және Шоқан Уәлихановтың "Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет" деген сөздері төңірегінде ой таластырыңыздар.

2.15 Шығыс мақал-мәтелдерінің біреуін таңдап, мамандық, кәсіп, жұмыс, еңбек тақырыбына эссе жазыңыз.

1. Біреулер басқалардың тәжірибесінен үлгі алса, базбіреулерді өздерінің қателері үйретеді.
2. Тау қанша биік болса да, жол одан асып түседі.
3. Ағынды су жол табар.
4. Жалғыз дөңгелекпен алысқа кете алмассың.

Техникалық терминдерге кіріспе (электр энергетикасы бағыты)

ток көзі – источник тока

ток күші – сила тока

кернеу – напряжение

жоғары кернеу - высокое напряжение

төменгі кернеу – низкое напряжение

тербеліс – колебание

толқын – волна

жиілік – частота

2.16 Сұрақтарға жауап беріңіз:

Механикалық ток көзіне не жатады?

Ток күші қандай аспаппен өлшенеді? (амперметр).

Жоғары кернеу адам өміріне қауіпті ме?

Төменгі кернеу электр энергиясының сапасы төмен дегенді білдіре ме?

Тербелістің негізгі түрлері қандай? (механикалық және электромагниттік)

Төменгі жиілікті дыбыс толқыны адам денсаулығына зиянды әсер ететінін білесің бе?

3 Уақыт және адам

3.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Көп нүктенің орнына жақшадағы сандарға қажет болса, тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлемдерді толықтырыңыз.

Мен таңертең ... (7.30) тұрамын.

Досым ... (40) пәтерде тұрады.

Менің ұялы телефонымның нөмірі ... (+7 702 398 85 45)

Осы семестрде ... (5-6) емтихан тапсырамын.

Табысымның ... (50 %) білім алуға жұмсаймын.

Электр энергиясының ... (0,5 %) ғана жаңғыртылатын энергия көздерінен алынады.

Менің оқитын пәндерімнің саны ... (7).

Батырбек ... (1996) жылы ... (19) қыркүйекте туған.

Мына сандар ... (4,75; 9,015;) деп оқылады.

Күнде кешке теледидардан сағат ... (19.45) жаңалықтар көремін.

3.2 Ә бағанынан А бағанындағы сөздердің тіркесін тауып, осы сөз тіркестерімен өзіңіздің күн тәртібіңіз туралы диалог құрастырыңыз.

А	Ә
Тіс	жинау
душ	ішу
шаш	ойнау
үй	істеу
тамақ	шығу
үйден	тазалау
автобусқа	міну
музыка	бару
университетке	келу
пәтерде	тарау
шахмат	қабылдау
жұмыс	тұру
кітап	тебу
оқу залына	шығару
тапсырма	орындау
кітап	тапсыру
есеп	жасау
хат	оқу
коньки	жазу
ас	тыңдау
тест	пісіру
жаттығу	оқу

3.3 Топтасыңызбен келесі және басқа сұрақтарды қойып, күн тәртібі туралы сөйлесіңіз.

Әдетте күніңді неден бастайсың? Қандай жұмыстарды күн сайын жасайсың? Күнделікті жұмыстарыңды жоспарлайсың ба? Ауызша жоспарлайсың ба, әлде жазасың ба? Жоспарланған жұмысты орындау міндетті деп санайсың ба? Жоспардағы жұмыстар орындалмаса, не істейсің?

3.4 Мына сөздерді пайдаланып, білген ақпаратыңызды әңгімелеңіз.

ерте
кеш
әдетте
сирек
жиі
көбінесе
үнемі
ұдайы
анда-санда
дүйсенбіде
түске дейін
түстен кейін
сабақтан соң
кешке
әр жексенбіде
сенбі сайын
күн сайын
күніне 3 рет

3.5 Үлгі бойынша сөйлемдер құраңыз.

Үлгі: Концерт (6.20 – 7.50). Концерт 6-дан 20 минут кеткенде басталады, 8-ге он минут қалғанда аяқталады.

Кино (8.20 - 10.55)
Спектакль (6.45) (9.50)
Қазақ тілі (9.10) (10.45)
Сабақ (2.30) (4.25)
Жаңалықтар (7.25) (8.05)
Той (6.50) (1.00)

Уақытты үнемдеу - табыстың кілті

Мұхтар Шаханов ағамыздың «Кешікпей келем деп ең» деген өлеңін барлықтарыңыз да білетін шығарсыздар. Ал күніне қанша адамды күттіріп, елеңдетіп қоятындығыңызды ше? Баратын жерімізге кешікпей, дәл уақытында баруға көмектесетін бірнеше кеңестер ұсынамыз:

1) Керек заттардың барлығын ұйықтар алдында жинастырып, сөмкеңізге салып қойыңыз.

Ертең не киетініңізді ойластырып, қажет киімдерді шкафтан алып, мыжылғандарын үтіктеңіз. Осылайша «Ертең не киемін?» мәселесін шетке ысырамыз. Оқушы немесе студент болсаңыз, ертеңгі сабаққа қажеттінің барлығын сөмкеге салып, қызметкер болсаңыз, керек құжаттарды түгендеуді ұмытпаңыз. Бұлардың барлығы таңертең уақытты шығындамау үшін қажет.

2) Оятқышты әдеттегіден 30 минутқа ерте қойыңыз

Қосымша 30 минуттың ішінде көп іс тындыруға болады. Мұнымен қатар, менің әлі жарты сағатым бар деп еркінсіп кетпегеніңіз де жөн.

3) Оянған соң салқын душқа түсу.

Салқын душтың астында 5 минуттан артық тұра алмайтындығыңыз анық. Ал мұндайдан кейін өзіңізді сергек сезініп, жылдам қозғаласыз.

4) Сағатыңыздағы уақытты алға жылжытып қойыңыз. Сіз емес сағатыңыз асықсын.

5) Уақыттың құнын біліңіз.

Жолыңызға кететін уақытты, көлік кептелісін алдын ала есептеп отырыңыз. Жолға артық 10 минутты қосып қойғаныңыз жөн.

6) Таңертең әлеуметтік желілердегі хабарламаларды тексеріп жатудың қажеті жоқ.

Бұл «рәсім» көп уақытыңызды алады. Кейде интернет желісінен шыға алмай қалуыңыз мүмкін.

7) Жұмсалған уақытты да есептеп отырыңыз.

Арнайы уақыт бөліп күні бойы уақытыңызды не нәрсеге жұмсағаныңызды және не себепті жұмсағаныңызды қағаз бетіне түсіріп, келесіде үнемдеңіз.

8) Мақтау мен жазалау.

Уақытында барған кезде өзіңізді мақтап, кешіккен кезде өзіңізді жазалайтындай әрекеттер ойлап табыңыз. Мысалы, бір жерге кешігіп барғаныңыз үшін үй жинаңыз немесе өзіңіз жақсы көрмейтін бір іспен айналысыңыз. Ал уақытында барғаныңыз үшін тәтті тағамдар жеу, фильмге бару секілді марапаттарды ұйымдастырып отырыңыз.

9) Не себепті кешігетініңізді анықтаңыз.

Сіздің маңызды себептеріңіз бар шығар. Мүмкін бара жатқан жеріңізде сізге қызық емес шығар. Ол үшін баратын жеріңізді ауыстырып көруіңізге болады.

10) Күнделікті шабыттандыру.

Әр күн сайын өзіңіздің табысты да жинақы екендігіңізді қайталап айтып отырыңыз. Ал мұқияттылық – табыстың кілті.

Ал Сіз уақытыңызды үнемдейсіз бе?

(Дайындаған: Қарлыға Бүйенбай: <http://www.elarna.com/> сайтынан алынды).

3.6 Мына сұрақтар төңірегінде әңгімелесіңіздер.

Сіз уақытты қалай үнемдейсіз?

Мәтінде берілген кеңестерді бұрыннан білесіз бе?
 Енді қолданасыз ба?
 Олардың пайдасы болады деп ойлайсыз ба?
 Уақытты үнемдеу үшін сіз қандай кеңестер берер едіңіз?
 Уақытты үнемді пайдалану табыс кілті деп ойлайсыз ба?

Мезгілдік қатынастың берілуі

3.7 Екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріңіз.

А	Ә
24 сағат	келесі ай
30-31 күн	өткен апта
12 ай	ертең
осы жылы	бүрсігүні
7 күн	минут
өткен жылы	өткен ғасыр
100 жыл	тәулік
60 минут	сағат
1 секунд	ай
60 секунд	апта
бұл күн	сәт
(бүгіннен) бір күн бұрын	жыл
(бүгіннен) екі күн бұрын	бүгін
(бүгіннен) бір күннен кейін	арғыгүні
(бүгіннен) екі күннен кейін	ғасыр
жүз жыл бұрын	кеше
бір айдан кейін	биыл
бір апта бұрын	былтыр

3.8 Кестедегі сөздердің сәйкесін қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

XX ғасырдың ортасында	ертеде	биыл	кешке таман
ендігәрі	ешқашан	бес жыл бұрын	былтыр
күні бойы	кеше	шыққан соң	1991 жылы

1. _____ достарыммен киноға барып, кинодан _____ біраз көшеде серуендедік.
2. _____ ата-анаммен шетелге барып демалып едік, _____ достарыммен Ыстықкөлге бармақпын.
3. _____ Ұлы Отан соғысы болды.
4. Ерте-ерте _____, ешкі жүні бөртеде, бір қасқыр мен түлкі дос болыпты.
5. Мен осыдан _____ мектеп бітірдім.
6. _____ сабаққа кешікпейтін болдым.
7. _____ өтірік айтпаймын.
8. _____ Қазақстан тәуелсіздікке ие болды.

9. Қала адамдары _____ жұмыста болады.

10. _____ үйге келіп, теледидар көріп, музыка тыңдаймын.

3.9 Тиісті қосымшаларды жалғаңыз.

Мен кішкентай кезім... тентек болыппын. Астанада болған... сыныптасыммен кездестім. Алматыға ұшып келе жатқан... ұшақта бір кісімен таныстым. Жұмысқа бара жатқан... анама соғып кеттім. Сабақта отырған... ұйықтап қала жаздадым. Автобуска жүріп бара жатқан... міндім. Әкем келген... мен үйде болмадым. Сен телефон соққан... ұйықтап жатыр едім. Далада жүрген... сенің балаңды көрдім. Дүкенге бара жатқан... оны көрдім. Сен бала кезің... жиі ауыратынсың. Ол осындай кештерді институтта оқып жүрген... жиі ұйымдастыратын. Мен сені алғаш көрген... жас едің. Жаңбыр жауған... жер тез көгереді.

3.10 Сөйлемдерді *ca/ce*+жедел өткен шақ қосымшаларын жалғап, толықтырыңыз.

Мен кел..., олар сөйлесіп отыр екен. Қанат кел..., оған айт, мен оны университетте күтемін. Далада жүр..., қасыма Қарлығаш келіп амандасты. Мейрамханада отыр..., Индира да достарымен сол жерге келді. Жолда келе жат..., алдымыздан қара мысық өтейін деп келе жатыр, біз машинаны тоқтатып, оны қуып жібердік.

3.11 Сөйлемдерді *-ғанда, -генде, -қанда, -кенде* қосымшаларын жалғап, толықтырыңыз.

Мен жұмысқа _____ (кел, жат) досымды көрдім. Анам мен теледидар _____ (көр, отыр) келіпті. Менің анам кітап _____ (оқы) көзілдірік киеді. Сабаққа _____ (дайындал) тыныштық болғанын қалаймын. Жәрмеңкеде _____ (жүр) танысыма кездестім. Алматыға _____ (ұш, кел, жат) Франкфуртта тоқтадық. Тамақ _____ (іш, отыр) көп сөйлемеу керек. Мен университетте _____ (оқы) кеңес үкіметі кезі болатын. Біз ауылға _____ (бар, жат) автобус бұзылып қалды. Мен (ұйықта, жат) Берік телефон соғыпты.

3.12 Мақал-мәтелдердің біреуін тақырып етіп алып, эссе жазыңыз.

Уақыт тас екеш тасты да тоздырады.

Елу жылда - ел жаңа.

Адамды заманы билейді.

Уақыт керуеніне бөгет жоқ.

Заманына қарай заңы, тоғайына қарай аңы.

Еріншектің ертеңі таусылмас.

Уақыттың бос өткені – өмірдің бос кеткені.

Ғылым мен технология жаңалықтары

3.13 Көп нүктенің орнына қосымшаларды жалғап, мәтінді оқыңыз.

Қартайтпайтын киім

Кәрілік не... басталады? Жапондық Капево Spinning Corp. фирмасының мамандары адам... қартаюының себебі күн... көзінен келетін ультракүлгін сәулелердің әсері... деп топшылайды. Аспандағы алып жұлдыздың біздің көзіміз... көрінбейтін ультракүлгін сәулелері адам денесінің әдемі де, нәзік тері қабатының құрғап, ресурстық мүмкіндіктерін толық пайдаландырмай, қартаю процесінің басталуына мәжбүрлейді. Осыған көз жеткіз... жапондық зерттеушілер құрамы... Е витамині мен арнайы биологиялық ферменттері бар Nana Dew деп аталатын матаны жасап шығарған. Мата оны жасаушылар... айтуынша, ультракүлгін сәулелердің денеге зиян... әсерінен қорғап, терінің идеалды қалпының сақталуына жағдай жасайды. Капево Spinning Corp-тықтар мұндай мата... жаңа футболкалар мен көйлектер тігуді де қол... ала бастады. Сондықтан, жуық арада қартайтпа... киімнің сатыла бастауы ешкім... таңдандырмайтын болады. Бірақ, әзірге ол Жапонияда ғана мүмкін болып тұр.
(«Зерде» журналынан)

3.13 Сұрақтар төңірегінде ойларыңызды айтыңыз.

Мәтінге сұрақтар қойып, талқылаңыздар.

Мәтіннің уақыт ұғымына қандай қатысы бар?

Уақытты бағындыру мүмкін бе?

Уақытты жоспарлау, уақытты басқару, уақытты үнемдеу деген сөздерді қалай түсінесіз?

«Тайм-менеджмент» терминімен таныссыз ба?

Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан
Мұқағали Мақатаев

Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан,
Су тартылған теңізден, жылғалардан.
Нелер ұрпақ аттанған қуған арман.
Не бар дейсің, өмірге тұлға болған
Не келіп, не кетпеген бұл ғаламнан.

Уақытты тоқтатар шамаң бар ма?
Бәрі өтеді: дәуірлер, замандар да.
Менің жаным ашиды мына өмірді,
Өтпейтіндей көретін адамдарға!

Өтеді ғой...
Өтеді барлығы да,
Күн арқалап кетеді танды мына.

Менің жаным ашиды барлығына:
Таң нұрына, адамның тағдырына.

Менің жаным ашиды өткендерге,
Жаңа ғана өмірге жеткендерге.
Ұран жазып аспанға қойсам ба екен,
Енді сендер өмірден өтпеңдер деп.

Бәрі өтуде
Күн батып, кеш кіруде,
Жаңаруда дүние, ескіруде.
Болашақтан - бейтаныс, ұрпағымыз,
Босат деп тұр орнымды,
Естідің бе?!

3.14 Өлең мазмұнын талқылаңыздар.

Уақыт туралы тәмсіл

Кішкентай Балақай күні-түні өмірге қуанып, күліп-ойнап жүрді. Қасына үнемі Уақыт ерді. Сеп-семіз, топ-толық, үп-үлкен Уақыт көп болатын. Уақыт деген бәріне, барлығына жетіп артылатын: балалармен футбол ойнауға да, теледидар көруге де, және Балақайдың – Уақытпен, Уақыттың - Балақаймен еш шаруасы болмайтын.

Балақай ер жетті. Дос-жарандар, құрбы-құрдастар пайда болды. Іс деген атау қосылды. Әр Іске көп уақыт қажет еді. Бала Уақыттан аздап кесіп алуды әдетке айналдырды: көлік жөндеуге, қызбен қыдыруға. Уақыт Бала артынан ере беруден шаршамады – Уақыт бар-тұғын.

Дос-жаран, ағайын-туыс, құрбы-құрдастар Балаға өз мұңдарын шағып келе бастады. Олардың әрқайсысына Уақыт қажет-тұғын. Бала өз Уақытын өлтіруге әрқашан құлық білдірмесе де, өзгелер көмектесіп жатты. Бірде көршісі келіп, өсек айтып кетсе, енді бірде дос баласы қала аралауға алып шығатын. Одан қалды әр күн сайын өз дегендерін жасап үйренген теледидар, компьютер, телефон деген құбыжықтар бар-ды.

Өзгелер кеміріп жатқан, өзі де ұрлап тұратын Уақытқа ара-тұра көз тастайтын болды. Бірақ еш нәрсе демейтін: болмайды.... онда... мұнда дегендей.

Ақыры уақыт өлді. Ендігәрі Уақыты қалмады.

Баласы келіп сұрады:

- Әке, саябаққа ма, киноға ма барып қайтайықшы!

Ол оған:

- Кешір, ұлым, менің уақытым жоқ! - деді

Әкесі қоңырау шалып, сұрады:

- Қалайсың, хабарласпай кеттің ғой?

- Кешір, әке, менің уақытым жоқ.

Уақыт – көзге көрінбейтін ең қымбат әрі ең бағалы қор. Оны басқара біл. Алда мақсаттар болсын. Өмір мен жарқын істерді жобала. Бір күні бәріне, барлығына жететін Уақыттың күлімдеп тұрған жүзін көр!.. (Дайындаған: Фараби Арыстанбек <http://massaget.kz/> сайтынан алынды)

Тәмсілдің идеясы қандай?

Тәрбиелік мәні бар ма?

Бұны оқыған адам одан қандай пайда алады?

Сізге қандай ой салды?

Тәмсілден алған үлгіңізді болашақта қолданасыз ба?

«Уақыт жоқ» деген шынымен дәлелді сөз бе, әлде жай сылтау ма?

Теледидар, компьютер, телефон – «құбыжық» деген сөзге қалай қарайсыз?

Сіздің ол «құбыжықтарға» қанша уақытыңыз кетеді?

Уақытын дұрыс жоспарлаған адам бәріне үлгіреді дегенге қосыласыз ба?

Бәрін үлгіру мүмкін бе?

Ғылым мен технология жаңалықтары

Ұрланған ноутбук иесіне өзі «хабарласты»

Әлемде ноутбукты бақылап отыруға мүмкіндік беретін көптеген бағдарламалар бар. Сондай бағдарламасы бар, ұрланған ноутбук интернетке қосылысымен өзінің қай жерде екенін иесіне хабарлайды.

Лондон тұрғыны, графикалық дизайнер Дом дель Торто ақпан айында пәтерінен ноутбукін ұрлатып алған. Британдық Huffingtonpost сайтының жазуынша, Лондонда ұрланған ноутбук бір айдан соң арнайы бағдарлама арқылы өзінің Тегеранда (Лондоннан шамамен 5 мың шақырым жерде) екенін хабарлап, пайдаланып отырған адамның суретін иесіне жіберген. Дом дель Торто бұл жайтты Лондон полициясына хабарлаған кезде олар күліп, бұдан түк шықпайтынын айтқан.

- Олар Интерполға сілтеді, бірақ қандай да бір нәтиже шығатынына сенген жоқ, - дейді дель Торто.

Мұнан соң Дом дель Торто блог ашып, «ұрының» суретін интернетке орналастырған кезде ол әлеуметтік желілерде тез таралып, «вирустық постқа» айналып кетті. (<http://www.azattyq.org/> сайтынан алынды)

3.15 Мына сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер.

Ұрлықты немесе қылмысты азайтуға бағытталған тағы қандай программалар мен технологияларды білесіз?

Осындай технологиялар қылмысты азайтуға шын мәнінде септігін тигізе ала ма, әлде олардың көмегі аз ба?

4 Туған жер – алтын бесігім

4.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Сәйкес сөздер мен қосымшаларды қойыңыз.

1. Қанаттың ана... дәрігер ... жұмыс істейді.
2. Екеуміз кешке ... Абай атындағы опера және балет театр... барайық.
3. Даниярдың жеке кітапхана... екі мың... жуық кітап... бар екен.
4. Әжем диванда кітап оқы... ..
5. Мен бала кезімде тентек бол... .
6. Келесі аптада Ақтау... .. (бар).
7. Біз мектеп... үздік ... (бітір)
8. Түркістан қаласы Оңтүстік Қазақстан облысында орналас....
9. Абайдың қара сөздер... оқуым ...(керек)
10. Жаңа ғана сабақ... .. (кел)

Қазақстан

Қазақстан Еуразия материгінің орталық бөлігінде орналасқан. Қазақстан шекарасының жалпы ұзындығы - 15000 шақырымнан астам. Батысында және солтүстігінде Ресеймен, оңтүстігінде Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстанмен, ал шығысында Қытаймен шектеседі. Қазақстанның жер көлемі - ұлан байтақ. Ауданы – 2717,3 мың шаршы шақырым. Қазақстан жеріне Франция, Испания, Португалия, Италия, Греция, Швеция, Норвегия және Финляндия мемлекеттерінің жер көлемі сыяды. Жер шарын бір тәулікте аралап шығатын Күн біздің еліміздің үстінде үш сағат кідіреді. Оңтүстігінде өрік гүлдеп тұрғанда, солтүстігінде қар жаууы да мүмкін.

Халқының саны 14 (2014 ж. ақпандағы мәлімет бойынша 16 млн-дай) миллиондай. Қазақстан - көп ұлтты мемлекет. Онда 100-ден астам ұлт тату-тәтті өмір сүреді.

Қазақ жері қызық та, бай тарихымен белгілі. Оған дәлел болатын Отырар, Тараз, Иасы, Сауран сияқты көне қалалары.

Елдің солтүстігі орманды, ал оңтүстігі таулы болып келеді. Орталық Қазақстанды жазық дала алып жатыр. Қазақстанның өзендері – Ертіс, Сырдария, Жайық, Іле, Есіл, Шу және басқалары. Ең үлкен көлдері мен теңіздеріне Балқаш пен Зайсан көлдері және Каспий мен Арал теңіздері жатады.

Қазақстан кенге бай. Сарқылмас қоры бар түсті металдар, темір, көмір, мыс, мұнай, газ және басқа кен байлықтары кездеседі. Қазақстанның ауыл шаруашылығы, өнеркәсібі жақсы дамыған. Өнеркәсібінің негізгі салалары – металлургия, металл өңдеу, отын-энергетика, химия және тағы басқа салалар. Ауыл шаруашылығының негізгі салалары – егіншілік пен мал шаруашылығы.

Ауыр және жеңіл өнеркәсіптің орталықтары – Қарағанды, Теміртау, Екібастұз, Балқаш, Жезқазған, Шымкент және тағы басқалары.

Сонымен қатар Қазақстан ғылымы мен мәдениеті жоғары дамыған ел. Қазақстан ұлттық академиясы, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары, опера және балет театры, драма театрлары, мектептер, кинотеатрлар, кітапханалар, мәдениет сарайлары сияқты ғылым мен мәдениет ошақтары бар.

1992 жылы наурыз айында Қазақстан Республикасын бүкіл дүние жүзі танып, Біріккен Ұлттар Ұйымына толық құқылы мүше болып қабылданды.

1992 жылы 4 маусымда Қазақстан Республиксының мемлекеттік нышандары - мемлекеттік жалауы, елтаңбасы, әнұраны қабылданды.

4.2 А бағанындағы сөздерге Ә бағанынан сәйкес жауаптарды белгілеңіз.

А	Ә
а) өнеркәсіптің негізгі салалары	1. опера және балет театры, драма театрлары, мектептер, кинотеатрлар, кітапханалар, мәдениет сарайлары
ә) кен байлықтары	2. таулы
б) мемлекеттік нышандары	3. елтаңба, ту, әнұран
в) жер көлемі	4. орманды
г) ғылым орындары	5. Ұлттық академия, ғылыми-зерттеу институттары, жоғары оқу орындары
ғ) өнеркәсіп орталықтары	6. Ертіс, Сырдария, Жайық, Іле, Есіл
д) ауыл шаруашылығы салалары	7. Франция, Испания, Португалия, Италия, Греция, Швеция, Норвегия және Финляндия мемлекеттері сыяды
е) солтүстігі	8. Балқаш, Зайсан, Арал, Каспий
ё) оңтүстігінде	9. Қарағанды, Теміртау, Екібастұз, Балқаш, Жезқазған, Шымкент
ж) өзендері	10. егіншілік пен мал шаруашылығы
и) мәдениет ошақтары	11. металлургия, металл өңдеу, отын-энергетика, химия
к) көлдері мен теңіздері	12. түсті металдар, темір, көмір, мыс, мұнай, газ

4.3 Қай облыста не өндіріледі немесе өсіріледі?

- | | |
|--------------|-------------|
| 1. Қарағанды | а. мақта |
| 2. Жезқазған | ә. күріш |
| 3. Қызылорда | б. мұнай |
| 4. Ақтөбе | в. көмір |
| 5. Атырау | г. фосфор |
| 6. Өскемен | ғ. қорғасын |
| 7. Шымкент | д. мақта |
| 8. Ақтөбе | е. мыс |
| 9. Жамбыл | ё. хром |

4.4 Сөз тіркестерінің сәйкес сынарларын белгілеңіз.

алып жатыр	таныды	кездеседі	гүлдейді	жауады
дамыған	шектеседі	қабылданды		

жақсы
Қытаймен
дүние жүзі
рәміздер
өрік
қар
кен байлығы
жазық дала

4.5 Сұрақтарды талқылаңыздар.

Өз облысыңыз немесе қалаңыз немен ерекшеленеді?

Қазақстанда неше облыс бар?

... облысы неге бай? сұрағына жауап ретінде әр облыстың ерекшелігін айтып шығыңыз.

Сіз өз туған жеріңізді мақтан тұтасыз ба? Не себептен мақтан тұтасыз?

Өзіңізді еліңіздің патриотымын деп есептейсіз бе?

«Патриот», «азаматтық парыз» ұғымдары төңірегінде әңгіме қозғаңыз.

Патриот ретінде не істеп жүрсіз? Болашақта не істемексіз?

4.6 *Тұс, атақ, белгі, мыс, мұнай, тау, су, өзен, көл, шөл, жазық, егін, мал, күріш, мақта, ырыс, орман, дала, тас, ағаш, жайлау, өріс* зат есімдерінің қайсысына –лы/лі; -ды/ді; -ты/ті; -сыз/сіз жұрнақтарын жалғап, сын есім жасауға болады. Жасалған сын есімдерді қатыстырып, жұптасып, 5-6 диалог құрастырыңыздар.

ЭКСПО-2017 жаңалықтары

1. АСТАНА. 19 мамыр, 2014 жыл. Вақ.kz - Қазақстан 2017 жылға қарай соңғы буынды технологияларға негізделген 5G байланыс стандарты енгізіледі. Бұл туралы бүгін «ASTEX-2014» көрме-конференциясы аясында журналистерге ҚР Байланыс және ақпарат агенттігі төрағасының бірінші орынбасары Сәкен Сәрсенов айтты.

«Әлемде бүгінде 5G жобасы даярлануда. Оны қабылдау 2017 жылға жоспарланып отыр. Менің ойымша, Қазақстан осы кезде бұл стандарттарды енгізуге дайын болады», - деді С. Сәрсенов.

5G жаңа буынды телекоммуникациялық стандарт болып табылады. Мамандардың деректеріне қарағанда, 5G стандарты LTE (4G) жүйесімен

салыстырғанда мәліметтерді жіберу өткізу жылдамдығын еселеп арттыратын болады.

2. Астана. 18 сәуір. Вақ.kz – Астанада «EXPO – 2017» көрмесі қарсаңында 73 қонақ үй салыну жоспарланып отыр, - деп хабарлайды Вақ.kz тілшісі.

Бұл жөнінде Астана қаласы Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасының төрағасы Айталап Қорғамбаев «EXPO – 2017» бүкіләлемдік бірегей көрмесіне қызметкерлер дайындау тақырыбында өткен отырыста мәлімдеді.

Бүгінгі күні Астана қаласы Туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы «EXPO – 2017» бүкіләлемдік бірегей көрмесін ұйымдастыруға белсенді дайындық үстінде екендігін айтқан ол:

- Қазір Астанада түрлі деңгейлі 178 қонақ үй кешені бар. Өткен жылғы статистикалық ақпараттар бойынша қонақ үйлер орташа 38-40 пайызға толады екен. Бұл өте жақсы көрсеткіш деп білемін. Сонымен қатар, «EXPO – 2017» көрмесіне дайындық аясында қалада тағы да 73 қонақ үй салыну жоспарланып отыр. Оның 43-і бүгінгі күні жобалау үстінде болса, кейбіреулері құрылыстарын бастап та кеткен, - деді ол.

Бәсекелестік бар жерде даму бар демекші, осындай құрылыстардың арқасында ғана қонақ үйлердің сапасы жоғарылап, сапасыздары біртіндеп ығыса бастайтындығын атап өткен төраға:

- Бүгінгі күні біз туризм, қонақ үй мен мейрамхана бизнесі және Астанаға келген туристердің қолданатын қызметтері жөнінде білу үшін әлеуметтік сауалнама мен мониторингке Мемлекеттік тапсырыс бердік, - деп, осыған байланысты Астанадағы жетекші қонақ үй-мейрамханалық кешендерінің басшыларына бизнестің осы саласын оң жолға қою мақсатында аталмыш сауалнамаға белсене қатысып, әріптестік орнатуға ұсыныс жасады.

Айта кетейік, Астанада «EXPO – 2017» көрмесі аясында 38 әлемдік брендтегі қонақ үй ашылады. (Айнұр Ракишева, <http://baq.kz/> сайтынан алынды)

3. Астана. 31 наурыз. Вақ.kz – «EXPO -2017» қалашығының салынуы жақын күндері басталады. Бұл жайында бүгін ОКҚ-нің кезекті брифингі барысында «Астана ЭКСПО-2017 ҰҚ» АҚ Басқармасының төрағасы Талғат Ермағияев ОКҚ брифингінде мәлімдеді.

«EXPO -2017» көрмесінің негізінде салынғалы жатқан «EXPO» қалашығының аумағы Астананың жана технологияларды қамтыған бірегей бөлшегі болмақ.

«EXPO-city әлемдегі электр энергиясымен тек дәстүрлі қуат көздерінің ғана емес, жаңартылатын энергия көздері есебінен де қамтамасыз етілетін алғашқы нысандардың бірі болуы тиіс. EXPO көрмесі өтетін қалашықтың аумағында «Smart Grid» жүйесі қолданысқа енгізілетін болады. «Smart Grid» дегеніміз - қалашық учаскесіндегі сумен жабдықтау және электр қуатымен қамтамасыз ету желілерін мониторингілей алатын «ақылды жүйе». Бұл жүйе

ЕХРО аумағында орналасатын инфрақұрылымды, оның ішінде қауіпсіздік желісін де толық бақылайды», - деді басқарма төрағасы.

Сондай-ақ, ол осы қалашықта көрме өткеннен кейін тұрып, қызмет ететін адамдар үшін барлық жағдайдың да ойластырылып жатқандығын айтты. Жаңа технологиялардың арқасында күн, су, жел арқылы пайда болған энергияны арнайы батареяларда сақтап, ақылды желілер арқылы қолдану көзделіп отыр. Сонымен қатар, құрылыс материалдарында энергияны үнемдейтін жабдықтар пайдаланылады. Ол біздің бүгінгі пайдаланып жүрген энергиядан 50 пайыз арзан болмақ. «Елбасы Жолдауында және «Қазақстан 2050» Стратегиясында көрсетілген индустриалды инновациялық дамуды, әлеуметті қамтамасыздандыруды, тұрғын үйлерді модернизациялау, денсаулық сақтау, білім жүйесін қамтитын «ЭКСПО» қалашығы әлемнің өзге қалаларына үлгі болады», - деді Т.Ермегияев.

4. АСТАНА. 24 мамыр. 2014 жыл. ВАQ.KZ – Дүниежүзілік туристік ұйымның бас хатшысы Талеб Рифай Астанада ЭКСПО-2017 өткізу Қазақстанда туризмнің мықтап дамуына ықпал етеді деп санайды.

Өзінің VII Астана экономикалық форумына бейнежолдауында «Қазақстанда ежелгі қалалар, мәдени мұра бар... Туризм әлеуметтік-экономикалық әл-ауқат үшін саясаттың басты басымдығы болуы тиіс. ЭКСПО-2017 Қазақстанды әлемдік туристік картаның бел ортасына қояды», - деді Талеб Рифай.

Оның айтуынша, туризм - серпінді дамып отырған сала. Егер 1950 жылы әлемде 22 миллион турист саяхаттаған болса, ал 2013 жылы бұл көрсеткіш 1 миллиард адамға жеткен. Оның үстіне 5,5 миллиард адам өз елдерінің ішінде саяхаттайды. Оның айтуынша, бұл сектор өсімін жалғастыра түседі. «Біз 2030 жылға қарай халықаралық туристер саны 1,8 миллиард адамға дейін жететінін болжамдап отырмыз. Олар триллион доллардан астам қаржыны экспортқа шығарады және бұл әлемдік ІЖӨ-нің 9 пайызын құрайды. 11 адамның біреуі туризм саласында жұмыс жасайтын болады», - деп атап көрсетті ол.

5. Астана. 2 сәуір, 2014 жыл Ваq.kz - Астана – студенттер көп шоғырланған жалынды жастар қаласы. Сондықтан да белсенді жастар ғана емес, қарапайым студенттер де «Экспо-2017» көрмесін өткізуге барынша атсалысуы керек деп хабарлайды 24 kz.

Бұл – бүгінгі еріктілердің ұраны. Күллі әлем көз тіккен айтулы шараға қоғамдық бірлестіктер дайындықты қазірден бастап, еріктілер қозғалысы жөніндегі басқарманың қолдауымен «Команда-2017» ұжымының тұсауы кесілді. Тараптар алда атқарылар шараларды пысықтап, міндеттерін айқындады. Бұл ұжымға әрбір азамат қосыла алады. Жастар комитеті негізінен шет тілдерін жетік меңгерген студенттерге басымдық бермек. Сәйкесінше түрлі тренингтер мен семинарлар өткізіліп, білікті де білімді еріктілер дайындау жолында қыруар шаруа атқарылмақ. Бастаманың басты мақсаты – азаматтық көзқарасты білдіре отырып, қоғамға өзіндік үлес қосу.

Олар әзірге флэшмобтар мен түрлі спорттық сайыстарда шеберлігін шыңдайтын болады. Жақып Асланбек, «Ел қанаты» ҚҚ президенті:

- Біздің еріктілер қазірден сақадай сай. Көздерінде оты бар. Алдағы келе жатқан мемлекеттік маңызы зор шараларға өз құштарлығын көрсетіп жатыр. Осы жастар – біздің мақтанышымыз.

4.7 Мәтіндер не туралы? Мәтіндердің тақырыбына сәйкес нөмірлерді белгілеңіз.

- Еріктілер топтары құрылуда _____
- Жаңа үлгідегі қонақ үйлер құрылысы _____
- Туризм саласын дамыту болашағы _____
- Көрме қалашығы салынууда _____
- Жаңа ақпараттық технологияның енгізілуі _____

4.8 Алдын ала дайындалып келіп, сұрақтар төңірегінде пікірталасқа қатысыңыздар.

Қазақстан ЭКСПО-2017-ге қалай дайындалып жатыр?

Бірінші кезекте қандай мәселелер шешілуі керек?

ЭКСПО-2017 қанша уақыт аралығында өтеді?

ЭКСПО-2017 еліміздің қандай аймақтарында өтеді?

Алғашқы ЭКСПО қай елде өткізілген?

Басқа елдерде өткізілген бұл шараның ол елдер үшін қандай маңызы және пайдасы болды?

ЭКСПО-2017-нің Қазақстан үшін маңызы қандай? Пайдасы қандай? Зияны бар ма? Пайдасынан зияны көп пе, әлде керісінше ме?

Жастардың бұл шараға қатысуға мүмкіндігі бар ма? Өзіңіз білетін өткізіліп жатқан шараларды атаңыз.

Өзіңіз осындай шараларға қатысасыз ба?

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ол түркі тілдерінің тобынан шыққан. Қазақ тілі сияқты түркі тілдерінің тобынан тараған қазіргі ноғай, татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрікмен, әзірбайжан, ұйғыр, шуваш, тува, саха (якут) т.б. тілдерде сөйлейтін халықтар бір-бірімен еркін түсінісе алады. Сол себепті бұл тілдер өзара туыстас тілдер болып саналады.

Ал қазақ, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қарайым тілдері бір-біріне өте жақын. Өйткені бұлар түркі тілдерінің бір тармағы қыпшақ тобына жатады. Қазақ тілі өзінің көп ғасырлық дамуы барысында рулық тіл дәуірін де, тайпалық тіл дәуірін де, халықтық тіл дәуірін де басынан кешірді. Қазақ тілі ұзақ замандар бойы қазақ халқының қарым-қатынас тілі болумен қатар, оның рухани байлығы – ауыз әдебиетін атадан балаға мұра етіп ауызша жеткізді.

Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық тілі. Қазақ тілі - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасынан тыс елдерде тұрып жатқан қазақтардың да тілі. Олар Ресейде, Қытайда, Монғолияда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түрікменстанда, Түркияда, Алманияда т.б. елдерде шоғырланған. Қазіргі таңда жер бетінде 12 миллионға жуық қазақ өмір сүреді. Оның 8 миллионнан астамы Қазақстанда, ал қалғандары шет елдерде тұрып жатыр. (Ш.К.Бектуров., А.Ш.Бектурова)

4.9 Сұрақтар төңірегінде сөйлесіңіз.

Мемлекетті тілді білу деңгейіңіз қандай? (ауызекі сөйлей білемін, еркін сөйлеймін, жетік білемін)

Ана тіліңіз қандай тіл? Оны қандай деңгейде білесіз?

Неше тілді меңгергенсіз?

Тілдерді не үшін үйренесіз?

Көп тіл білетін адамды қалай атайды?

Қай халықтың тілін білсең, сол халықты тереңірек түсінесің? Осыған қосыласыз ба?

5 Қазақстанның тарихи орындары

5.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Дұрыс сөйлемдерді белгілеңіз.

1. А. Ертең кітапханаға барып, жазылдым.

Ә. Ертең кітапханаға барып, жазыламын.

2. А. Өткен жылы мектеп бітіріп, ҰБТ табысты тапсырып жүрмін.

Ә. Өткен жылы мектеп бітіріп, ҰБТ табысты тапсырдым.

3. А. Төрт жылдан кейін «Болашақ» бағдарламасы бойынша магистратураға түсіппін.

Ә. Төрт жылдан кейін «Болашақ» бағдарламасы бойынша магистратураға түспекпін.

4. А. Сәлем, қазір не істеп жатырсың?

Ә. Сәлем, қазір не істеп жатыпсың?

5. А. Бұрын мен гимнастикамен айналысармын.

Ә. Бұрын мен гимнастикамен айналысатынмын.

6. А. Сіз шаңғы тебумен айналысасыз ба?

Ә. Сіз шаңғы тебумен айналысып тұрсыз ба?

7. А. Мүмкін, ертең спортзалға барғанмын.

Ә. Мүмкін, ертең спортзалға барармын.

8. А. XIX ғасырда Абайды толғандырған мәселелер қазір де өзекті болып табылды.

Ә. XIX ғасырда Абайды толғандырған мәселелер қазір де өзекті болып табылады.

9. А. Қазақ тілінен «Тіл – дүние кілті» тақырыбына эссе жазып отырыппын.

Ә. Қазақ тілінен «Тіл – дүние кілті» тақырыбына эссе жазып отырмын.

10. А. Мектепте оқығанда, математиканы жақсы түсінетінмін.

Ә. Мектепте оқығанда, математиканы жақсы түсініп жүрмін.

5.2 Екі бағандағы сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріңіз.

А	Ә
б.д.д. III ғасырда	түс кезінде
1920 жылы	аптаның ортасында
15 мамыр	демалыс күні
2 ақпан	XXI ғасырдың ортасында
1991 жыл	ақпанның басында
сәрсенбі	түске дейін
бүрсігүні	ежелгі дәуірде
2050 жылы	кешке
сағат 11-де	төрт ғасыр бұрын
сағат 21-де	XX ғасырдың бірінші ширегінде
сағат 13-те	бір күннен кейін
жексенбіде	айдың ортасында
1745 жылы	XX ғасырдың соңында

5.3 Сұрақтарды бір-біріңізге қойып, жұп болып жұмыс істеңіз, нәтижесін топқа айтып беріңіз.

Қазақстан тарихын жақсы білемін деп есептейсіз бе?

Тарихи кезеңдерді есте сақтауға қалайсыз?

Қазақстан тарихының қандай кезеңдерін жақсы білесіз?

Қазақстанда тарихи ескерткіштер жеткілікті ме, әлде аз ба?

Қандай тарихи ескерткіштер біздің ұлттық мақтанышымыз болып табылады?

Қандай ескерткіштер қандай тарихи кезеңдердің белгісі болып табылады?

Қазақстанның қандай тарихи орындарын білесіз?

Қазақстанның қандай тарихи жерлерінде болдыңыз?

«Алтын адам», балбал тастар туралы не білесіз?

Әлемнің қандай тарихи жерлерін араладыңыз? Алған әсеріңіз қандай?

Әрбір азаматтың, ең болмаса, өз елінің тарихын білуі міндет пе? Иә десеніз, не үшін білуі керек деп ойлайсыз?

Түркістан

Қазақстан - көне мәдениет өлкесі. Ерте замандардан-ақ оны мекен етушілер мал бағып, егін салумен шұғылдана жүріп, өзіндік өрнегі мол өнерін, мәдениетін қалыптастырды. Біздің заманымызға дейінгі сақталған обалар мен қала орындары, қорғаныстық бекіністер, мавзолейлер мен тұтас кенттер кеңінен дамыған көне мәдениеттің тамаша ескерткіштері болып табылады. Бұлардың арасында орта ғасырлық сәулет өнерінің теңдесі жоқ туындысы - Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі айрықша көзге түседі. Ол 14 ғасырдың аяғында қазіргі Түркістан қаласында салынған.

Түркістан көп ғасырлар бойы түркі халықтары қоныстанған қазіргі Орта Азия мен Қазақстан территориясының бөлігін, сондай-ақ Орталық Азияның бірқатар аудандарын қамтыған тарихи-географиялық аймақ.

Түркістанда орналасқан Қожа Ахмет Яссауи мешіт-мавзолейі - көне архитектуралық ескерткіш. 1389-99 жж. Әмір Темірдің бұйрығымен Ахмет Яссауи қабірінің басына тұрғызылған. Мавзолей күмбезді мемориалдық құрылыс үлгісінде салынған. Оның негізіне жергілікті архитектуралық дәстүрді жете меңгерген ирандық шеберлердің жобасы алынған. Мавзолей оңтүстік-шығыстан солтүстік батысқа қарай созылып жатыр, ұзындығы 65 м, ені 46,5 м.

Кешеннің кіндік ортасы қазандық болып саналады. Қазандық аталатын себебі ортасында Тебриздік шебер Абдуләзиз 7 металл қорытпасынан құйған, 60 шелек су сыятын, диаметрі 2,4 м, салмағы 2 тонна үлкен қазан орнатылған. Қазандық бөлме мінәжат етушілердің жиналатын орны. Мавзолейде барлығы 30-дан астам бөлме бар.

Түркістан қаласы 16-19 ғасырлар аралығында қазақ хандарының орда тіккен мекені.

5.4 Сұрақтарға жауап бере отырып, Қазақстан тарихы туралы ой бөлісіңіз.

1. Түркістанда болдыңыз ба? Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін көрдіңіз бе?
2. Түркістан Қазақстан тарихының қандай кезеңі туралы мәлімет береді?
3. Қожа Ахмет Яссауи қандай тұлға?
4. Мавзолейді кім салдырған?
5. Мавзолей құрылысымен кім айналысқан?
6. Мавзолейге не себептен Қожа Ахмет Яссауи аты берілген?
7. Мавзолейді көрсеңіз, өз көргеніңіз бойынша, көрмесеңіз мәтіндегі ақпарат бойынша сипаттап беріңіз.
8. Қазандық бөлмесін сипаттап беріңіз.

5.5 Сөздердің синонимін жазыңыз

көне –

өлке –

бекініс -
ғасыр –
орын –
қала -
орнату –
санау –
теңдесі жоқ -

5.6 Мәтіннен А бағанындағы сөздерге Ә бағанынан мағынасы жақын сөздерді белгілеңіз.

А	Ә
ауыл шаруашылығымен айналысу	қоныстанған
қоныстанушылар	біздің заманымызға дейін сақталған
жетілген	мінәжат етушілердің
құдайға табынушылардың	оңтүстік-шығыстан солтүстік батысқа
мекендеген	мал бағып, егін салумен шұғылдану
салынған	дамыған
сәулет өнерін шебер игерген	мекен етушілер
дүниенің төрт бұрышына	архитектуралық дәстүрді жете меңгерген
қазіргі күнге дейін сақталған	тұрғызылған

Тайқазан туралы Уикипедиядан мәлімет:

Тайқазан — *Түркістандағы* қасиетті қазан. Оны *Қарнақ* қаласында 1399 ж. Тебриздік шебер *Абд ул-Әзиз ибн Шараф әд-Дин* 7 металл қоспасынан құйып жасаған. Оған алпыс шелек су сыяды, салмағы 2 т. Қазан суы қасиетті су деп танылған. Қазанның бүйіріне өсімдік кейпіндегі өрнектер салынып, араб әріптерімен оюлап құйылған жазулары бар. Түркістан тайқазаны 1935 ж. *Санкт-Петербургтегі Эрмитаж* басшыларының өтініші бойынша 3-халықаралық конгреске көрсету үшін әкетілген еді. Эрмитаждың төменгі қабатында 48-залда 54 жыл тұрып, *Қазақстан* үкіметінің талап етуі бойынша 1989 жылдың 18 қыркүйегінде қасиетті *Т. Қожа Ахмет Яссауи* кесенесіндегі өз орнына қойылды. Оның қайтарылуына *Ө.Жәнібеков* көп еңбек сіңірді.^{[1][2]} Тайқазанның ішіне 3000 литр су сыяды. Ол *Қарнақ* қаласынан өткен. Шебер оны көптеген асыл металдардың қоспасынан әзірлеген.

5.7 Мәтін бойынша бір-біріңізге сұрақ қойып, әңгімелесіңіздер

Болжамдық санды, мөлшерді білдіретін формалар:

1. ... -дан/ден; -нан/нен; тан/тен астам - 30-дан астам адам келді. Ауылда жүзден астам үй бар.

2. ... -дай/дей; -тай/тей; шамамен ...-дай/дей; -тай/тей – Қырықтай жылқым бар. Дәрісханада жиырмадай студент отыр. Шамамен осыдан бес жылдай бұрын мен оны көргенмін. Шамамен тоқсандай балл жинадым.

3. ... *шақты* – Бұдан он шақты жыл бұрын оқу бітірдім. Жеке кітапханама жүз шақты кітап жинадым.

4. ... *-лар/лер; -дар/дер; -тар/тер шамасында* – Үйге алтылар шамасында келдім. Қасында ондар шамасындағы бала бар.

5. ... *-ға/ге; -қа/ке жуық; ... -ға/ге; -қа/ке тарта* – Қалтамда он бес мыңға жуық ақшам бар. Тойға үш жүзге тарта адам жиналды.

6. ... *-ға/ге; -қа/ке таман* – Жетіге таман кездесейік. Үйге таңға таман келдім. Бұл жұмысты дүйсенбіге таман бітіремін.

5.8 «Толған ел тарихын таспен жазады, Тозған ел тарихын жаспен жазады» мақалы төңірегінде жұп болып әңгіме құраңыздар.

5.9 Диалогты кестедегі сөздермен толықтырыңыз, оқыңыз, жұп болып екі жолаушының әңгімесіне өз сөздеріңізді қосып, әңгімелесіңіздер.

мақсатпен	керемет адам	тұрамын	таңғалған
әңгімеңізге	тұратынымды	арнаған адам	тарихи жерде
көрейін деп	демалысқа	жолды	есіміңіз
Түркістанға	мекенжайым	салдырған	біліп қалдым

Түркістанға бара жатқан автобуста.

А Кешірсіз, _____ қысқарта отырайық! _____ кім?

Ә Есімім - Мұрат, өзіңіздің ше?

А Менің атым - Арман. Сіз де _____ бара жатырсыз ба?

Ә Иә, сіз қандай _____ бара жатырсыз?

А Мен _____ шығып едім, Қожа Ахмет Яссауидің мавзолейін _____ бара жатырмын. Ал сіз ше?

Ә Мен сонда _____ .

А Солай ма? Сіз қандай бақыттысыз, сондай керемет _____ тұрасыз!

Ә Иә, Түркістанда _____ мақтан етемін.

А Мавзолей керемет дейді ғой, Қожа Ахмет Яссауи қандай адам болған екен?

Ә Білемін. Мен Түркістан туралы да, Қожа Ахмет Яссауи туралы да жақсы білемін. Қожа Ахмет өз өмірін, бар күшін туыс халықтарды біріктіруге, халықты рухани бірлікке шақыруға _____ және ол тек діни адам ғана болмаған, ол тамаша ақын және философ болған.

А Шынымен де _____ болған екен. Мавзолейді кім _____ екен?

Ә Мавзолейді Қожа Ахметтің ісіне _____ Әмір Темір салдырыпты.

А Келіп қалыппыз ғой, рақмет _____, біраз нәрсе _____.

Ә Арзымайды. Міне, менің _____, қонаққа келіңіз.

А Рақмет.

Ұлықбек Обсерваториясы

Ұлықбек Обсерваториясы, Ұлықбек рәсітханасы, 15 ғасырдың 30-жылдары Самарқандта Ұлықбек салдырған. Ұлықбек обсерваториясы өзіне дейінгі Батыс және Шығыс елдері обсерваторияларының дәстүрлері негізінде салынған. Оның биіктігі төбесіне дейін есептегенде 30-35 м, диам. 46 м-ден асатын, дөңгелек пішінді үш қабат үй болғандығы археологтардың зерттеулер нәтижесінде анықталған. Мұнда телескоп ойлап табылғанға дейінгі негізгі аспап-құралдар – радиусы 40,2 м мәрмәрдан жасалған секстант, Күн және астрон сағаттар, әртүрлі бұрыш өлшегіш дәлдігі жоғары құралдар болған. Аспаптың градустарға бөлінген төменгі бөлігі ғана сақталған. Аспап ені 2 м, тереңдетілген 11 м шамасындағы орға орнатылып, негізгі бөлігі жер бетіне шығып тұрған. Бұлардың көмегімен бұрын мүмкін болмаған көптеген астрономиялық бақылаулар (экватордың эклиптикаға көлбеулігінің, прецессияның, жыл ұзақтығының дәл мәндерін табу, т.б.) жүргізілген. Обсерваторияны Ұлықбек қаза болғаннан кейін мұсылман діншілдері қиратып тастаған (1449). Алайда Ұлықбек Обсерваториясы кейіннен шығыс елдерінде салынған көптеген обсерваторияларға үлгі болды. (мысалы: 18 ғасырда Үндістанда салынған Савой-Джай Синг обсерваториясы).

(Қазақстан энциклопедиясы, 9 том, 52 б.)

Күнделікті әңгімелер.

1. Алло, Қайрат, сәлем, мен Берікпін ғой. Мен Желтоқсан мен Төле би көшелерінің қиылысында тұрмын. Саған қалай барамын, қандай көлікке мінуім керек?

- Сен сол жердегі аялдамадан 32-інші автобуска мін, 8 аялдамадан кейін түсесің, сосын Байзақов көшесіне бұрылып, төмен бір көше жүресің де, солға бұрыласың, сол жерде Ғабдуллин деген көше бар, сол көшемен тура жүрсен, алдыңда 56 үйді көресің. Екінші есік, үшінші қабат, 11-ші пәтер.

- Ой, рақмет. Қазір келемін. Мені күт.

- Жақсы, күтемін. Тез кел. Мен шай қайнатып қоямын.

5.10 Сіз Байтұрсынов пен Сәтпаев көшелерінің қиылысында тұрсыз. Сіз досыңыздан Абай және Төлебаев көшелерінің қиылысындағы М.Әуезовтің мұражайына қалай баратыныңызды сұраңыз.

2. Кешіріңіз. Айтып жіберіңізші. Маған "Сайран" автовокзалына бару керек еді. Қалай барсам екен?

- Қазір жолдың арғы бетіндегі аялдамадан 38-інші автобуска отырасыз. Сайранға дейін автобус біраз жүреді. Ішінде кондуктор болады, содан сұраңыз, ол қай жерден түсу керек екенін айтады.

- Рақмет.

- Арзымайды.

5.11 Сіз Тастақ базарының қасындағы аялдамада тұрсыз, Республика сарайына қандай көлікпен баратыныңызды сұраңыз.

Ғылым мен техника жаңалықтары.

Хиггс Бозоны

Еуропа ядролық зерттеу ұйымының ғылыми орталығында (CERN) Хиггс бозонын (ядроның бөлшегі) зерттеумен айналысатын Джо Инкандела шілде айында орталық мамандарының "ғаламдық материал" тапқанын айтқан.

«Бұл өте сирек кездесетін бөлшектерді іздестіруге арналған сынақ болды. Қолымызда әзірге, сынақтың алдын ала нәтижесі ғана. Бірақ ол өте күшті болады деп ойлаймыз» - деген Инкандела. Әдебиеттерде «Құдайдың бөлшегі» деп кекесінмен аталған Хиггс бозоны - ғаламдағы дене атаулыға салмақ беріп тұрған күш. Оны кейбір ғалымдар «ғаламның кірпішіне» теңейді. Оның табылуы физика тарихындағы ең айтулы оқиғалардың бірі болды. Бұл жаңалық «Біздің ғалам қалай пайда болған?» деген ең күрделі сұраққа жауап табуға жәрдемдесуі мүмкін.

Әлем ғалымдары 45 жылдан бері оның бар екенін дәлелдеуге тырысып келеді. Оны анықтауға арналған ең ірі сынақ алаңы - коллайдер-туннель Швейцарияда орналасқан. 10 миллиард долларға салынған сынақ алаңында мамандар протондар шоғырын жарық жылдамдығымен тарқатып, бір-бірімен соғыстыру сияқты тәжірибелер жасап көрді. Хиггс бозоны "күңгірт материяның" болмысын түсіндіруге көмектесетін бөлшек болмай шықса да, бұл жаңалықты өткен ғасырдағы физиканың ұлы жетістіктерінің біріне қосуға болады. (<http://www.azattyq.org/> сайтынан алынды)

5.12 Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер.

1. Хиггс бозоны туралы естіп пе едіңіз?
2. Хиггс бозонын зерттейтін орталықтың атауы қандай?
3. Хиггс бозонының басқаша қандай атаулары бар?
4. Коллайдер-туннель туралы не білесіз?
5. Не себептен ғалымдар оны «ғаламның кірпішіне» теңейді?
6. Бұл мәселемен ғалымдар қашаннан бері айналысады?
7. Хиггс бозоны әлемді өзгерте алады деп ойлайсыз ба?

6 Замандас келбеті

6.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Дұрыс сөйлемдерді белгілеңіз.

1. Менің досымда бой үлкен.
Менің досымның бойы ұзын.
2. Мен ақылды, адал адамдарды ұнатамын.
Мен жарық, шын адамдарды ұнатамын.

3. Анам ақжарқын, қайырымды адам.
Анам ақ мінезді, қайырлы адам.
4. Заманауи табысты адам тапқыр, мақсатты болғаны абзал.
Заманауи табысты адам тақыр, мақпал болғаны абзал.
5. Сәулетті адамдарға өмірде бәрі оңай табылады.
Сымбатты адамдарға өмірде бәрі оңай табылады.
6. Әріптесімнің көзі үлкен, қасы қара, шашы қалың сүйікті қыз.
Әріптесім шаралы көзді, қиғаш қара қасты, қолаң шашты сүйкімді қыз.

6.2 Мына және басқа сөздерді пайдаланып, жақын досыңыздың сыртқы келбетін, мінез ерекшелігін сипаттаңыз:

Сыртқы келбеті: орта бойлы, ұзын бойлы, бойы қысқа, талдырмаш, арықтау келген, толықтау келген, қараторы, ақ құба, ақ сары, томпақ бетті, беті дөңгеленіп келген, беті сопақ болып келген, мұртты, шашы қайратты қара, қалың, жирен шашты, шашы тікірейген қысқа, қалың қасты, жіңішке қиғаш қасты, қыр мұрын, бауырсақ мұрын, ерні жұқа, қалың, топ-томпақ, оң бетінде әдемі қалы бар;

Мінезі: сабырлы, салмақты, ақылды, мейірімді, тәрбиелі, инабатты, кішіпейілді, иманды, білімді, адал, әділ, еңбекқор, талапты, талантты, дарынды, әзілқой, сөзшең, ақкөңіл, ақжарқын, батыл, ер мінезді, сенгіш, жомарт, шешен т.б.

6.3 Бір-біріңізге сұрақтарды қойып, пікір алысыңыздар

Адамның мінезін сыртқы түріне қарап анықтауға болады дегенге қосыласыз ба?

Сіздің өміріңізде түріне қарап, бір пікірде болып, кейін пікіріңіз өзгерген жағдайлар болды ма?

Адам мінезін түрі арқылы анықтау

Ғылыми жұмыстар жүргізген адам табиғатын зерттеушілердің, көнекөз қариялардың болжамы бойынша «Адамның беті – *ішкі* (1) жан-дүниесінің айнасы».

1. Дөңгелек *жүзді* (2) адам айналасына жайлы, төңірегіндегілерге *қолайлы* (3) жағдай жасай алатын жан. Олар *турашыл* (4), *еңбекқор* (5), жақсы қасиеттері үнемі көбейе түсетіндер.

2. Маңдайы жалпақ, иегі сүйірленіп, үшбұрыштанып келген адамның есте сақтау қабілеті жақсы, бірақ мінезі *құбылмалы* (6). Өте сезімтал, содан қолға алған ісінен тез жалыға салатын кездері көп.

3. Ат жақты кісі жұртты бір іске бастауға икемді, зиялы, ұйымдастыру қабілеті мол. Қажыр-қайраты, ерік-жігері бір басына жеткілікті.

4. Қырынан қарағанда томпақ бет болып көрінетін адам *қалжыңқой* (7), ақжарқын.

Бет-әлпеттің жеке бөліктері бойынша:

5. Кең маңдай - ақыл-ой кемелділігінің белгісі.
6. Тар маңдайлы адам құнтты, *пысық* (8).
7. Орташа маңдай – *есті* (9) адамның белгісі.
8. Жіңішке қас – талғампаз, кірпияз, *ашуланшақ* (10) жанға тән.
9. Тұзу қастың иесі – елгезек, тіл алғыш.
10. Қиылған қарлығаш қас – қиялшыл, арманшыл адамдарға бітеді.
11. Екі қастың арасы бір-бірінен алшақ тұрса, ондай адам басқалардың ықпалына тез түскіш.
12. Қастың арасы түйісіп тұрса, ол адамның жүйкесі *мықты* (11).
13. Дөңгелек көздің иесі – кім көрінгенге сене салатын *аңқау* (12).
14. Қиықша көз – зеректіктің, тіпті кейде қулықшылдықтың да белгісі.
15. Қысық көз – шулы жерді ұнатпайтын кісікіік жандарда болады.
16. Үлкен мұрын – қызба, ұрыншақ, қызуқанды адамдарға бітеді.
17. Кішкентай мұрын – өмірден көп нәрсе талап ете бермейтін жанға тән.
18. Қусырылған мұрын – ашуланшақ, ызақор адамдардікі.
19. Жалпақ мұрын иесі – қамсыз, уайымсыз, сөзінде тұра бермейтін кісі.
20. Ұзын мұрын – иесінің *қорқақ* (13), сақ екенін танытады.
21. Кішкентай мұрынды адам – жайдары мінезді.
22. Мұрыны орташа адам – шыншыл, сенімді.
23. Үлкен ауыз – ақкөңілділіктің және елден ерекшеленіп көрінуге құштарлықтық белгісі.
24. Кішкентай ауыз – уақ, сараң, өзімшіл адамдарға тән.
25. Ұзын иек – қырсықтықтың, қысқа иек – ұшқалақтықтың белгісі (Авторы: Мақсұтбек Сүлеймен <http://www.info-tses.kz/> сайтынан алынды)

6.4 Мәтінде асты сызылған сын есімдердің синонимдерін жазыңыз.

- | | | | | |
|----------|----------|----------|-----------|-----------|
| 1. _____ | 4. _____ | 7. _____ | 10. _____ | 13. _____ |
| 2. _____ | 5. _____ | 8. _____ | 11. _____ | |
| 3. _____ | 6. _____ | 9. _____ | 12. _____ | |

6.5 Мәтіннен адамның сырт келбетін және мінез-құлқын немесе жеке қасиеттерін беретін сөздерді екі бағанға бөліп жазыңыз.

Сырт келбет
қысық көзді

Мінез-құлық
ұшқалақ

6.6 Ә бағанындағы сөздердің түсіндірмесін А бағанынан табыңыз.

- А
1. ерінбей көп еңбек ететін адам
 2. көп ұйықтайтын, еріншек адам

- Ә
- а) жеңілтек
 - ә) жаңашыл

- | | |
|---|-------------|
| 3. көп оқып, ізденіп, жаңалыққа құмар адам | б) қамқор |
| 4. көп білетін, орынды сөйлейтін адам | в) тәрбиелі |
| 5. үлкенді де, кішіні де сыйлап, сыпайы сөйлейтін адам | г) ақылды |
| 6. тез ашуланып, жұрттың мазасын алатын адам | ғ) ашушаң |
| 7. ойланбай сөйлейтін, әр істің басын бір бастап, аяқтамай тастайтын адам | д) еңбекқор |
| 8. жан-жағындағы адамдар туралы ойлап, соларға көмектесуге дайын тұратын адам | е) жалқау |

6.7 Сын есімдердің синонимін, антонимін жазыңыз олармен тіркестер құраңыз.

<i>сын есім</i>	<i>синоним</i>	<i>антоним</i>
жомарт	мырза	сараң
мақтаншак		
жеңілтек		
ақымақ		
ку		
ауру		
тәуір		
пысық		

6.8 Сын есімдерді тиісті бағандарға жазыңыз.

Сәнді, қымбат, арзан, жылы, суық, ыстық, салқын, дәмді, ұқыпты, пасық, парасатты, ұзақ, қысқа, кең, әдемі, кешкі, батыл, зерек, зейінді, қиын, тұзды, салтанатты, жеңіл, қышқыл, мол, тәуір, білікті, күнделікті, мейірбанды, тәтті, ащы, тар, қорқақ, сәтті, ыңғайлы.

Адам	тамақ	жол	киім	күн
Зерек	тәтті	кең	кең	Қиын

Екі иттің достығы (ертегі)

Ерте-ерте ертеде ақылы асқан, қайраты тасқан бай бір бай өмір сүріпті. Қорасы төрт түлік малға тола болыпты. Сол байдың екі төбет иті болған екен, біреу Төрткөз, ал екіншісі Мойнақ. Бірінші иттің түсі қара, екі көзінің үстінде екі сары белгісі болыпты. Сол итті шақырғанда, ол еркелеп, басын төмен түсіріп қарағанда, әлгі екі белгі екі көзге ұқсап кетеді екен. Ал екінші қап-қара итті иесі мойнындағы ақ белгісі үшін Мойнақ деп атаған екен. Екі ит өте ақылды болыпты, күндіз бекерден бекер үрмей, адамға шаппай тыныш жатып, қараңғы түсе сала қора-қонысты, малды күзетіп, ұрыны да, қасқырды да жақын келтірмейді екен. Иттердің иесі оларға өте разы болып қатындарынан:

- Әй, ана Төрткөз бен Мойнаққа тамақ беруді ұмытпадыңдар ма? –деп сұрайды екен. Бірде, түс мезгілінде мал өрістен оралып, ал малшылар андасанда "шәйт" деп қойып, демалып жатады. Байлар той-томалақта қарындарын тойғызып ауылға оралады, ал жас жігіттер мен қыздар әзілдесіп, әңгіме құрып, көңіл көтеріп жатады.

Әлгі екі ит те қарындарын тойдырып, үйдің алдында күнге қыздырынып, өзара әңгіме-дүкен құрады. Олар жақсылық пен жамандық, жомарттық пен сараңдық, анау-мынау туралы әңгімелеседі, ақырында достық пен дұшпандық тақырыбы қозғалады. Сонда бәрін білгіш Мойнақ айтқан екен:

- Төрткөз! Менің ойымша, достықтан артық ештеңе жоқ. Осы екеуіміз өзара таласпайтын күн болады ма екен? Түкке тұрмайтын зат үшін ұрсысып таласамыз, бір-бірімізге жылы шыраймен ешқашан қараған емеспіз. Ешқашан тату әңгімелесіп бірге жүрмейміз. Күнде – ұрыс, төбелес. Осылайша қартаямыз! Екеуіміз ұрсып, таласып жатқанда, таласқан затымызды Құтбан немесе Жолдыаяқ көтеріп кетеді. Менім байқауымша, Жолдыаяқ, Құтбан және Бөрібасар бізге қарағанда татулау екен, тұрмысын да табысын бірге бөліседі екен. Екеуіміз де тату өмір сүрейік те! Дос болайық, ұрысты тоқтатайық! Егер нағыз дос болсақ, бір-бірімізді сыйлап, алты күн аш жүрсек те, бөлек тамақ іше алмаспыз. Сонда уақыттың қалай заулап өткенін байқамай да қаламыз! Қалай қарайсың, достым? Төрткөз керіліп, құйрығымен бұлаңдап, қабағын көтеріп, Мойнақтың айтқан сөзі өтіп кеткендей оған былай деп жауап айтқан екен: - Мойнеке, сөздерің дұрыс! Бірінші сұрақ — оны мен де ойлағам, неге біз таласқыш және ызакор болып кеттік? Бізге не жетіспейді? Қарнымыз тоқ, иеміз (аман-есен болсын) бізді ренжітпейді, ұрыспайды, ұрмайды. Өте сыйлайды. Болар іс болды – бәріне де өзіміз кінәлі! Болмас нәрсеге таласамыз! Өз басым ойлаймын: біздің ата-бабаларымыздың арасында осындай жағдай болмаған! Бізге неге сол ата жолын қумасқа? Ата-бабамыздың өткен жолынан артық әділетті жол таба алмаспыз! Мойнақ жолдасына қарап, құйрығын қысып, не істерін білмей: "Ал ендеше дос болайық!", деп айтқысы келіп, бірақ қорқып тұрады. Сол кезде Төрткөз оны құшағына алып:

- Осыдан кейін біз айрылмас доспыз, ешкім де, ешнәрсе де бізді ажырата алмас! Аштан өлсек те, тамаққа таласпаймыз!— деп анттасып, бір-бірінен ажырай алмай тұрған кезінде, үйден лақтырылған бір қу сүйек екеуінің ортасына құлайды. Екеуі де әлгі сүйекке бірдей бас салады. Бір-біріне ырылдап, төбелесіп, таласады. Жүндері жан жаққа ұшып, таласып жатқандарын естіп қойған Жолдаяқ, Құтпан және Бөрібасар жүгіріп келіп, әлгі екеуі таласқан сүйекті іліп кетеді. Шуды естіген қойлар қашады, ал малшылар екі итті сумен ажыратып, сабап тастайды. (<http://www.tobet.kz/> сайтынан алынды)

6.9 <http://www.tobet.kz/> сайтынан «Төрткөз бен мойнақ» термесін тыңдату.

6.10 Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңыз

Мәтінде қандай жақсы, қандай жаман қасиеттер сөз етілген?

Бұл қасиеттердің қайсысын ерекше бағалайсыз?

Автор ойын неге иттерді мысал қылып жеткізген деп ойлайсыз?

Иттер не себептен сөздерінде тұра алмады?

Мәтіннен қандай қорытынды шығаруға болады?

Мәтіннен адамға тән қасиеттерді білдіретін сөздерді жазып алыңыз.

Жануарларды мысалға келтіріп, адамдардың бойындағы нашар қасиеттерді әшкерелейтін тағы қандай әңгіме, аңыз, тәмсіл немесе ертегі білесіз?

Абай айтқан «бес асыл іс пен бес дұшпанды» еске түсіріп, ертегіде сол қасиеттердің қайсысы туралы айтылғаны жөнінде әңгімелесіңіз?

6.11 Мәтіннен қос сөздерді жазып алып, сөйлемдер құрастырыңыз.

анау-мынау

6.12 Мәтін етістіктерін болымсыз формада айтып шығыңыз.

жігіттер мен қыздар әзілдеспейді

Аталы сөздер.

1. Суық жүз бен ащы сөз кісіні түршіктіреді (Ю.Баласағұни).

2. Білікті сөз – әдеп үлгісі (А.Йүгінеки)

3. Мінезі жақсы адам төрге шығар (Ю.Баласағұни).

4. Үйренер нәрсең білім мен мейірімділік, құрметтей біл оларды (Ю.Баласағұни)

5. Салмақты болу – барлық игі істердің алғы шарты (Ю.Баласағұни).

6. Сырты жалтырауықтың іші қалтырауық.

7. Әлсіз адам— сүріншек, ақылсыз адам — еріншек.

6.13 Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер.

Аталы сөздер мен мақалдардан не түсіндіңіз?

Айтылған ойлармен келісесіз бе? Не себептен келісесіз, не себептен келіспейсіз?

Сізге адамның қасиеттері туралы қандай нақыл сөздер немесе мақал-мәтелдер ұнайды?

Қызғаныш кеселі

Дүниенің материалдық байлығына қызығып, жағымсыз қасиеттерді бойларына сіңірмес үшін, адамзат баласы рухани баюды міндет тұту керек. Адам болу өте қиын, надан болу-әп-сәтте. Адамның жағымсыз қасиеттері – мінез-құлықтың бір сипаты. Психолог маман ретінде студенттер арасында «қызғаныш сезімнің түрлері» туралы семинар дәріс өткізгенмін. Сонда мына жайттарды тілге тиек еттім.

«Ақ» қызғаныш, «қара» қызғаныш деп жатады, бірақ тереңіне үңілсек, бұл екеуінде де бір қызғаныш. Қызғаныштары мен іштарлықтары бойларын кернеген адамдар тек қана аяныш сезімдерді тудырады. Өйткені ондай адамдар – өте әлсіз, ерік-жігерлері төмен, сәтсіздікті көтере алмайтын аянышты жандар. Өне бойын қызғаныш пен көреалмаушылық жаулаған адам баласы өзі толыққанды өмір сүре алмайды және басқаға өмір сүруге кедергі тудырады.

Жалпы, адам бойындағы жағымсыз қасиеттер аз сыналмаған. Мұхтар Әуезов «Қызғаныш – құрт ауру. Ол мыс қазандай қайнайтын азап оты» дейді. Қызғаныш пен көреалмаушылық деген қасиеттер жанды жаулап алатын құрттар, надан және жауыз, қатыгез адамдардың жүректеріне ұя салады.

Қызғаныш – бұл ауру. Медицинада айтылатындай, қызғаныш отына өртенгендердің ішкі секрециясы қалыпсызданып, жүрек-қан тамыр жүйесі бұзылып, жүйке жүйесі зақымданады.

Қызғаншақтық – сыртқа шықпай қоймайтын ішкі былық. Қызғаншақтық пен іштарлықтың үш белгісі бар: Егер адам қасында болмаса, ол туралы ызалы сөздер айтып, жағымсыз ойларын білдіреді; Ол сол адамды көргенде жағымпазданып, екіжүзділеніп, көлгірсиді; Ол адамның бақытсыздығына қуанады.

Мұндай қасиеттер – саяз ақылдың белгілері. Өзін әрқашан басқамен салыстыра беретін, басқа біреудің сәттілігін өзінің құлдырауы деп есептейтін адам – жағымсыз қасиет иесі. Біреудің жетістіктері мен жолы болғыштығы оның бойында қорқыныш тудырады, адам санасының ең төменгі пернелеріне әсер етіп, соған орай рефлексті қорғаныш күштері пайда болады, соны жеңу үшін әртүрлі әдістер мен тәсілдер қолданады. Басқаларға жоғары талап қоюдың артында адамгершілік пен психологиялық зиян шегушілігі, ішкі жан дүниесінің бостығы жатады. Адамның жанын жегідей жеген қызғаныш адамға азап шектіреді, әртүрлі аурулардың тууына ықпал етеді.

«Осы жағымсыз қасиеттер неден пайда болады?» деген сұрақ туады. Бұл балалық шақтан ата-анасының немесе басқа ересектердің баланы бағалауы мен салыстыру нәтижесінде шығады. Мысалы, «Сен Марат, Айгүл, Жанарлар сияқты болсаң...», т.б. салыстырулар мен сын-ескертпелерді естіп өскен балада қызғаныш сезімі пайда болады, яғни қай жерде бағалау, салыстыру, талаптар болса, сол жерде қызғаныш туады.

Қызғаншақ адамдар – жағымсыз энергияның иелері. Жан-жақтарына агрессияның ұшқындарын атып, жамандық ойлап, қызғаныш тудырған объектілердің жағымды жақтарынан гөрі жағымсыз жақтарын тезірек байқап, оларды «тізе бүктіру» мақсатында әртүрлі агрессияның түрлерін қолданады. Осындай адамның жеке басына, қоршаған ортасына кері әсерін тигізетін жағымсыз қасиеттерден құтылудың жолдары: сарыуайымға салынбай, өзіңнің сүйікті ісіңмен айналысу (шахмат ойнау, суда жүзу, табиғатқа шығу, спортпен шұғылдану, т.б.); қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау; жан-жүйенді, ойынды рухани байытатын көркем шығармалар оқу; адамдардың

позитивті тұстарын байқауға тырысу; әрбір күнге шүкіршілік етіп, бәріне көңілі толып, алғыс айта білгені жөн.

Гүлбану Құрманалиева («Ана тілі» газеті)

6.14 Сөйлемдерге «иә» және «жоқ» деп жауап беріңіз.

Мақала авторының психологияға қатысы бар ма?

Қызғаныштары мен іштарлықтары бойларын кернеген адамдар күшті адамдар ма?

Өне бойын қызғаныш пен көреалмаушылық жаулаған адам бақытты өмір сүреді.

Қызғаныш пен көреалмаушылық деген қасиеттер жауыз, қатыгез адамдардың жүректеріне ұя салады.

Қызғаншақтық тәрбиенің жемісі ме?

Бұл жағымсыз қасиеттен арылуға бола ма?

Одан құтылудың жолдары: сарыуайымға салынбай, өзіңнің сүйікті ісіңмен айналысу, қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілікпен қарау; жан-жүйенді, ойынды рухани байытатын көркем шығармалар оқу т.б.

Ғылым мен технология жаңалықтары.

Марс сапары

Бір жылдық ұзақ сапарынан кейін АҚШ-тың NASA ұлттық ғарыш агенттігі 2012 жылы тамыз айында Curiosity rover жерсерігін Марсқа қондырды. Плутониймен қоректенетін екі мың фунттық аппарат қызыл ғаламшардың бетіне қонып, өте күрделі белесті бағындырды. Соңғы үлгідегі құрылғылармен жабдықталған алты доңғалағы бар жерсеріктің міндеті Марс бетінен тіршілік белгілерін іздеу еді. Қыркүйек айында аппарат су іздері бар Марс бетінің бедерін суретке түсіріп, соның нәтижесінде ғалымдар Марста бұрын тіршілік көзі - су болған деген тұжырым жасап отыр.

6.15 Жаңалықты оқып, танысыңыз, топтастарыңызбен талқылаңыз.

Техникалық терминдерге кіріспе.

электр тогы - электрический ток

зарядталған бөлшек - заряженная частица

реттелген - упорядоченный

қозғалыс - движение

магнит өрісі - магнитное поле

өткізгіш - проводник

теріс заряд - отрицательный заряд

оң заряд - положительный заряд

6.16 Сөздерді сұрақтарға жауап беретіндей формаға қойып, сөйлемді толықтырып, оқыңыз.

Электр тогы – зарядтал...(қандай) бөлшектер... (ненің) реттелген (бағытталған) қозғалысы.

Электрон біркелкі магнит өрісінде 4мТл индукциясы... (қалай) қозғалады. Электронның айналу кезең...(несін) табыңыз.

Егер 2,25 А ток кезінде оның ұшындағы кернеу 1,8 В болса, өткізгіш қандай материал...(неден) жасалады.

Электрон теріс заряд...(нені), протон оң зарядты тасымалда... (не істейді).

7 Қазақстанның ғылыми жаңалықтары

7.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Дұрыс қосымшаларды белгілеңіз.

1. Жатақхана...ға/да барып, сабақ...та/қа дайындалуым керек.
2. ҚазҰУ-ға/да студенттер сарай...да/ында ғылыми жобалар жарысы өтеді.
3. Кітапхана...дан/да математика есептер...дің/інің жинағын алуға бара жатырмын
4. Қазақстанның жастары да өз ел...дің/інің ғылымының даму...ға/ына үлестерін аямай қосуда.
5. Физика ғылым...ды/ын ерекше ұнатамын.
6. Диас...тын/ты университет қабырға...да/сында ғылыми зерттеулермен айналысқы...сы/ың келеді.
7. Менің жақын досым...ды/ның таңдаған мамандығы – ғарыш техникасы мен технологиялары.
8. Біздің отандасы...ым/мыз әл Фараби өз заманы үшін үлкен маңызы бар ғылыми жаңалықтар ашқан екен.
9. Менің ағамның жобасы халықаралық ғылыми-инженерлік конкурс...қа/та жеңіп шықты.

7.2 Сұрақтар төңірегінде өз пікіріңізді білдіріңіз.

Мектепте ғылыми жобалармен айналыстың ба?

Тақырыбың қандай болды?

Ғылыммен айналысып жүрген жолдастарың бар ма?

Қазақстан ғылымы қандай жағдайда деп ойлайсың?

Ғылымның дамуына қандай алғы шарттар керек?

Қазақстанда ғылымның дамуына жағдайлар жасалған ба?

Болашақта ғылыммен айналысқың келе ме?

XIX ғасырдың ең үздік ғылыми жаңалығы қандай деп ойлайсың?

XX ғасырдың ең үздік ғылыми жаңалығы қандай?

Қандай ғылыми жаңалықтар адамзат дамуын жеделдетті деп ойлайсыз?

Ақпараттық технологиялардың дамуы ғылым жаңалығына жата ма?

Өркениеттің дамуы қазіргі кезде қандай деңгейде деп есептейсіз?

7.3 Өз ойларыңызды білдіру үшін көмектесетін конструкциялар:

Менің ғылыми жобамның тақырыбы ...; менің ғылыммен айналысуыма септігін тигізген адам менің ...; мен жақсы мамандық алсам болды, ғылым мені еш қызықтырмайды; ...(кімнің) ... туралы ашқан жаңалығын ХІХ ғасырдың ең үздік ғылыми жаңалығы деп есептеймін; ғылымда барлық маңызды жаңалықтар ашылып болған; қазір айтарлықтай жаңалықтар бар деп айта алмаймын; әрине, ғылым күннен-күнге дамуда; адамның қиял-арманы, мақсаты таңғажайып жаңалықтардың ашылуына себеп болуда; мені таңғалдырған жаңалық ...; ақпараттық технологияның ең маңызды жаңалығы ... деп есептеймін (ойлаймын)

7.4 Мына сұрақтарды бір-біріңізге қойып, әңгіме құрастырыңыздар.

Компьютерді өз жұмысыңда (оқуда, білім алуда) пайдаланасың ба?

Компьютерді пайдалану деңгейің қандай? (жетік пайдаланушымын, тек әлеуметтік желілерде отырамын, тек ойындар ойнаймын, қатардағы пайдаланушымын)

Сенің жұмысыңа (оқуыңа) компьютерлік технологиялар қалай әсер етеді?

Мәліметтерді сақтау және таратуда компьютерлік жүйелердің сенімділігі қандай?

Компьютерді қандай мақсаттар үшін пайдаланасың?

Ақпараттық технологиялардың жетілдірілуінің қаншалықты маңызы бар?

Ақпараттық технологиялардың қазіргі әлемге әсері қандай?

Сенің ойыңша, «компьютер» деген не?

7.5 Білген мәліметтеріңді аудиторияға айтып беріңіз.

Қазақстан ғылымы мен технологиясының жаңалықтары.

1. Қазақша сөйлейтін қалам.

Ақтөбе қаласының екі тұрғыны қазақша «сөйлейтін» қалам жасап шығарды. Өнертапқыштардың айтуынша, «Зерек» атты бұл қалам 2-7 жас аралығындағы балаларға әріп пен сан үйретуге арналған. Өнертапқыш азаматтардың бірі Абзал Қадырбаев «Зеректі» «ішіне шағын компьютер жасырылған ақылды қалам» деп таныстырды. Қаламмен бірге қазақ алфавиті жазылған қатырма қағаз, MP3 форматты плеер және үш кітапша сатылуда. - Кітапшаларды 2-7 жас аралығындағы балалардың даму ерекшеліктерін ескере отырып жасадық. Педагог, психологтармен кеңестік. Білім министрлігінің де рұқсаты бар, - деді Абзал Қадырбаев. Өнертапқыштың сөзіне қарағанда, «Зеректің» қуаты екі-үш сағатқа жетеді. Қалам кәдімгі қалта телефоны мен тұрмыстық техника сияқты электр желісінен қуат алады. Қалам АҚШ пен Еуропа Одағы стандарттарына сай халықаралық сертификациядан өткен.

«Авторлық құқымыз да заңмен қорғалған» дейді өнертапқыш жігіт. Қаламның ұшындағы лазер кітапшалардағы ақпаратты «Зеректің» орталық процессорына жеткізеді. Ол жады картасына сұраныс жасайды. Барлық мәлімет сонда. «Зеректі» сөйлетіп тұрған - жады картасындағы аудиофайл. Картаның сыйымдылығы – 2 гигабайт. Егер қаламның жадына үйіңіздегі компьютерден ертегі немесе ән-күй көшіретін болсаңыз, сырт көзге әншейін қатырма қағаз сияқты боп көрінетін MP3 форматты плеердің көмегімен тындауға да болады, - дейді Абзал Қадырбаев. Абзал Қадырбаевтың мамандығы - хирург. Ал екінші өнертапқыш Бауыржан Сейтенов - мұғалім. Абзалдың сөзіне қарағанда, Бауыржан екеуі идеяларын жүзеге асыру үшін бір жыл уақыттарын жұмсапты. Қаламды жасаушылар оны Қытайдан шығартып отыр. "Өйткені Қытайға тапсырыс берген арзанға түседі" дейді олар. "Зерек" қаламы Ақтөбеде бір аптадан бері сатылып жатыр. Бір қаламның бағасы - 15 мың теңге. (<http://www.azattyq.org/> сайтының материалынан қысқартылып алынды)

2. Қарағандылық бойжеткен жаңа жел қозғалтқышын ойлап тапты.

Қарағандыдағы мектеп-интернаттың түлегі Әсия Құсайынованың Қазақстан климатына икемделген жел қозғалтқышы жобасы халықаралық ғылыми-инженерлік конкурста жеңіп шықты. Жас өнертапқыш Әсия Құсайынова Қарағанды қаласында тұрады. Ата-әжесінің бауырында өскен қыз биыл Қарағанды облысының дарынды балаларға арналған физика-математика пәндерін тереңдетіп оқытатын «Дарын» мектеп-интернатын бітірді.

– Әлемде жел қозғалтқыштарының түрі көп, бірақ өз басым біздің жердің климат жағдайларына икемделген қозғалтқыш түрін құрастырмақпын. Бізде екпіні мықты желдер соқпайды, жеріміздің климаты - күрт континенталды. Сондықтан менің қондырғым секундына бес метр жылдамдықпен соғатын желдің екпінін электр қуатына айналдыруға арналған. Бұл жобаны қолға алуымның бірінші себебі – осы. Екіншіден, климаттың тазалығы үшін пайдалы. Өйткені электр қуатын алу үшін көмір, мұнай, газ керек. Енді қуат өндірудің таза тәсілін пайдаланатын кез келді. Менің жобамның қолданылатын жері көп. Бұл - ауаны көмір, мұнай сияқты қазба қуат көздерімен ластамайтын, балама қуат көзі. Оның үстіне, табиғи ресурстар қоры да түгесіліп барады. Сондықтан бұл жоба табиғи ресурстарды сақтауға бағытталған. (<http://www.azattyq.org/> сайтының материалынан қысқартылып алынды)

3. Қарағандылық өнертапқыш өндіріс қалдықтарын іске жарататын қондырғы жасады.

Қарағанды тұрғыны Александр Борисенко өндіріс мұржаларынан шығатын түтін қалдықтарын ауаға тазартып шығаратын және түтіндегі қалдықтарды одан әрі пайдалануға арналған қондырғы ойлап тапты. Ол зауыттарда тәжірибе ретінде сынақтан өткізілген.

Александр Борисенко өзі ойлап тапқан қондырғы шығып жатқан газды, ауаны ластайтын қалдықтарды тоқтататынын, одан пайдалы өнімдер алуға болатынын айтады. Мәселен, С-2 газынан техникалық көмір сутегін алуға болады. Сондай-ақ биылғы жылға өндірістік модуль дайындап жатқандарын айтты. (<http://www.azattyq.org/> сайтының материалынан қысқартылып алынды)

4. Қарағандыдағы «Дарын» мектебінің екі оқушысы ашқан екі жаңалық ел құлағын елең еткізді.

Бірі қазақ әліпбиінің негізінде ақпаратты жасырын жеткізетін шифрлау әдісін ойлап тапса, екіншісі ғарыш операцияларының шығынын 2 есе үнемдейтін спутниктік байланыс торының жобасын жасап шығарды.

Қарағандының орталығындағы «Дарын» мектебінің 11 сынып оқушысы Зобира Омарова құпия ақпаратты қалай жеткізудің сырын әбден зерттеп, терең меңгерген. Ол қазақ кирилл әліпбиінің негізінде шифрлау әдісін ойлап тапқан. Әдістің сыры қарапайым, оны зейін қойып, зерделеген кез келген адам бірден игеріп алуына болады, сөйтіп қажет кезінде құпия тілмен хат жазысу қиын емес, - дейді Зобира. Полибия квадраты мен Виженер кестесі арқылы әріптер өзара қиылысатын 6 және 7 баған бойына орналастырылып, қиылысқан нүктесіндегі 2 сан алынады. Яғни бір әріп 2 санмен шифрланады. Осылайша кез келген ақпаратты жасыруға болады. Ақпарат алмасушылар бұл тәсілді меңгерсе жеткілікті.

Тарихқа жүгінсек, мұндай тәсілді ежелгі жауынгерлер кеңінен қолданған. Мәселен, гректер Александр Македонский жорығының кезінде тұтқиылдан шабуыл жасайтын орындарын бір-біріне дәл осы жолмен білдіріп отырған. Бірақ қазақ әлібиіндегі 42 әріпті шифрлау әдісін әлемде бірінші болып қарағандылық оқушының ашуы әрине, үлкен жаңалық. Қарағандылық тағы бір жас дарын "Дарын" мектебінің оқушысы Дарын Тельман спутниктік байланыстың корпоративті торын құру жобасын жасап шығуға екі жыл уақыт жұмсаған. Корпоративті тор «ҚазСат» ұлттық спутнигі арқылы жұмыс істейді. Әрі ғарыш саласындағы ұйымдардың интернет қызметіне кететін шығынын 2 есеге дейін үнемдейді. Мұның сыртында ақпаратты өте жедел жеткізе алады. Ал ең бастысы, тордағы қорғаныс коды өте мықты ойластырылған, ол өзгелердің ішкі жүйеге еніп кетуіне жол бермейді. Жоба құны 10 млн теңге. - Бірақ іске қосылса, жоба 3 жылдан кейін нақты жемісін береді, - дейді өнертапқыш оқушы. Дарынның жобасын Қазақстандағы ғарыштық саланың ұйымдары мен өкілдері жоғары бағалап үлгеріпті. (<http://www.azattyq.org/> сайтының материалынан қысқартылып алынды)

7.6 Мәтіндердегі жаңалықтар ғылымның қай саласына жатады?

1-мәтіндегі ақпарат ғылымның ... саласының жаңалығы туралы хабар береді

2-мәтіндегі ...

3-мәтіндегі ...

4-мәтіндегі ...

7.7 Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңыз

«Зерек» қаламын сипаттаңыз.

«Зеректің» өнертапқышы өз жаңалығын қалай атайды?

Қаламды жасаушылар қандай мамандық иелері?

Қалам балаларға сан мен әріп үйретуден басқа қандай қызмет атқарады?

Қалам неге Қытайда шығарылады?

Әсияның жобасының негізгі мақсаты және ерекшелігі қандай?

Әсияның жобасының экологияға қатысы бар ма?

Қандай жобалар бір-біріне ұқсас, несімен ұқсас?

Қай жоба қазақ тілінің мәселесіне қатысты?

Қай жобада үнемдеу саясаты қарастырылады? Не үнемделеді?

Қазақ тілі әріптерін шифрлау бұрын жүзеге асырылған ба?

Қандай мәтінде оқушылардың ашқан жаңалықтары туралы сөз

қозғалады.

Не істегің келеді?

Жекеше: *бар+ғы+м/ кел+гі+ң, айт+қы+ңыз/сөйлес+кі+сі келеді/ келді/ келіп тұр*

Көпше: *бар+ғы+лар+ымыз, кел+гі+лер+ің, айт+қы+лар+ыңыз, сөйлес+кі+лер+і, келеді/ келді/ келіп тұр*

7.8 Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Балалардың бүгін киноға бар... келеді. Біздің ұлымыздың экономика саласында жұмыс істе... келеді. Біздің бұл тақырыпқа сөйлес... келіп тұрған жоқ. Менің сізден сұхбат ал... келеді. Оның бізді тыңда... келмейді. Олардың біраз демал... келеді. Сіздің биыл диссертация қорға... келе ме? Менің тамақ іш..... келіп тұр. Оның ұйықта..... келіп тұр. Сендердің шаңғы теп... келе ме? Сіздердің коньки теп... келеді. Оның бұл жақтан кет... келеді. Олардың мұнда кел... келуі мүмкін. Оның саған бірдеме айт... келе ме?

7.9 Келесі етістіктермен хабарлы, сұраулы, болымсыз сөйлем құраңыз.

Үлгі: *Менің жұмыс істегім келеді. Менің жұмыс істегім келмейді.*

Мен - жұмыс істе, ақша тап. Сен – шай іш. Сіз - саяхатқа шық. Ол – іссапарға бар. Біз -домбыра тарт. Сендер - ән сал. Сіздер - балық аула. Мен – машинамен жарыс. Сен - бәйгеге қатыс. Ол - үй сал. Біз – банкте жұмыс істе. Сендер – конференция өткіз. Сіздер – баяндама жаса. Олар - пікірсайысқа қатысу. Біз - бірдеме айт. Сендер - кеңес өткіз. Мен – тіл үйрен. Сен - тоғызқұмалақ ойна.

Әл-Фараби (870-950)

Орта ғасырда Қазақстанның Отырар өңірінде (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы) аты бүкіл дүние жүзіне әйгілі болған асқан ойшыл, ұлы ғалым, философ Әбу Насыр әл-Фараби дүниеге келді. Оның балалық шағы Арыс, Сырдария бойында өтті. Әбу Насырдың өз құрбы-құрдастарынан бір ерекшелігі табиғи асқан зеректігі мен өнер-білімге деген таудай талабы еді. Ол сәби кезінен халық аузындағы ертегі-әңгімелерді, жыр-дастандарды, өлең-саздарды тыңдап ой-зердесіне тоқыды. Отырар медресіндегі оқуды тауысып, ондағы аса бай кітапханадағы қолжазбаларды толық меңгереді. Әбу Насыр білімін кемелдендіру, ғылымды терең игеру мақсатымен сол кездегі дүниежүзілік аса ірі мәдени орталық саналатын Бағдад қаласына келеді. Мұнда ол Аристотель, Евклид, Птолемей еңбектерін оқып үйренеді. Ғылым негіздерін игеруде еңбекқорлық пен төзімділіктің үлкен үлгісін көрсетеді. Бір дерек бойынша ол Аристотельдің «Физикасын» 40 рет, «Риторикасын» 200 рет оқыған көрінеді. Ол ана тілімен қатар араб, парсы, грек және басқа бірсыпыра тілдерді білген.

Әл-Фараби 25-30 жас шамасында бүкіл дүниежүзілік ғылым-білімді терең де, жан-жақты меңгереді, енді өз тарапынан құнды-құнды еңбектер жазып, бұрын белгісіз болып келген ғылыми жаңалықтар, заңдар мен қағидалар аша бастайды. Әбу Насыр сол тұстағы ғылым мен өнердің барлық салалары бойынша 150-ден астам еңбек жазған. Оның «Музыканың ұлы кітабы», «Ғылымдар тізбегі», «Органон», «Алмагеске түсініктеме» атты еңбектері ғылымның болашақ дамуына, кемелденуіне үлкен ықпал жасады. Замандастары мен шәкірттері әл-Фарабиды айрықша құрметтеп «екінші ұстаз», яғни «екінші Аристотель» деп атаған.

Әл-Фараби еңбектерінде дүниені танып-білуде адам ақыл-ойының мүмкіндігін жоғары бағалайды, сондықтан дұрыс пайымдау туралы ғылым - логикаға көп мән берді. Ғылым мен философияны жетік білу үшін логика мен тіл біліміне жүйрік болу керек екенін барынша уағыздайды.

Әл-Фараби - математика мәселелерімен де көп айналысқан ғұлама ғалым. Әл-Фараби «арифметика мен геометрия барлық ғылымға араласады» деген қағидаһы негіздеп, математиканы архитектура, жер өлшеу, астрономия, музыка мұқтаждарына шебер пайдаланады. Мысалы, есептеу жолымен Шолпан планетасының «Күнді басып өту» мерзімін алдын ала біліп, оны дер кезінде бақылаған.

Әл-Фарабидың астрономиядағы үлкен жаңалығы – ол Марстың жүру жолын мұқият зерттей келіп, оның дүркін-дүркін ауытқуын ашуы болды. Әл-Фараби - жұлдыздарға карап, адамның және басқадай жер бетіндегі оқиғалардың келешегін, тағдырын болжауға ұмтылған сәуегейліктің, балгерліктің жалған екенін ғылыми негізде дәлелдеп берген оқымысты. Ол өзінің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы» атты әйгілі еңбегінде зорлықсыз, бейбітшіл, әділ қоғамның үлгісін болжап сипаттайды. Алайда әл-Фараби мұндай қоғамды құрудың нақты жолын таба алмады.

Әл-Фараби аса үлкен музыкант, тамаша орындаушы және ақын болған. Ол домбыра, қобыз секілді аспап түрлерін жасап, бірнеше музыкалық саздар жазған. Ұлы ғұлама ұзақ уақыт шет жерде жүргенде өзінің туған отаны Отырарды бір сәт те ұмытпаған. Оған оның мына сағыныш өлеңі дәлел бола алады:

Қашықтасаң, туған жер - қалың елім,
Қамығамын сағынып алау денем.
Шаршадым мен, қанатым талды менің,
Шаңғыт жолға сарылып қарауменен.

7.10 Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Әл-Фараби Бағдат қаласына не мақсатпен келеді?
2. Әл-Фараби қандай өнерлерді меңгерген?
3. Ұлы ғалым не себептен философиялық еңбектерді көп реттен оқыған?
4. Ұлы жерлесіміздің әділ қоғам құрудың нақты үлгісін ұсына алмауының себебі неде деп ойлайсыз?
5. Қазір әл-Фарабидің әділ қоғам туралы арманы жүзеге асты деп ойлайсыз ба?
6. Шәкірттері мен замандастары әл-Фарабиды қалай атаған?
7. Әл-Фарабидың астрономиядағы жаңалығы қандай еді?
8. Әл-Фараби туған жеріне деген сағынышын қалай білдірген?
9. Сізге сағыныш сезімі таныс па, кімді немесе нені сағынасыз?

7.11 Сөздердің аудармасын сөздіктен тауып, жазыңыз, осы сөздерге мағынасы жағынан жақын және қарама-қарсы мағыналы сөздерді айтыңыз.

зеректік –
талап -
ой-зердесіне тоқу –
қағида –
пайымдау –
уағыздау –
мұқият-
ауытқу -
сәуегейлік –
балгерлік -
ізгі –
зорлықсыз –
сағыныш –
жалған –

7.12 А бағанындағы сөздерге ұқсас мағыналы сөздерді Ә бағанынан табыңыз.

А

Ә

дер кезінде	бала, нәресте
сәт	насихаттау
тағдыр	көп рет
оқымысты	талпыну
уағыздау	дәлелдеу
дүркін-дүркін	ғалым
мұқтаж	керек
негіздеу	жора-жолдас, замандас
ұмтылу	дәл уақытында
кұрбы-кұрдас	кез
сәби	жазмыш

7.13 Мәтінде мына мағыналар қандай сөздермен берілген.

білімін жетілдіру мақсатымен -

Отырар өлкесінде -

ғылымды меңгеруде -

Евклид, Птоломей еңбектерін зерттейді -

Отырарды бір сәт те есінен шығармады -

оқуды бітіріп -

Марс жолын тыңғылықты зерттей келіп -

логика мен тіл білімін жетік білу -

7.14 Сұрақтарды талқылаңыздар.

Физика пәні ұнай ма?

Техника саласының мамандары физиканы білуге міндетті деп есептейсіз бе?

Физиканың қандай салаларының атауларын білесіз?

Физика ғылымы қай ғасырдан бастап дами бастады?

Қарапайым адам физикалық құбылыстармен күнделікті өмірде кездесе ме?

Мысалдары қандай?

Қандай атақты физиктерді білесіз?

Олардың физика ғылымына қосқан үлесі қандай?

Ақпараттық технологиялар мен физиканың арасында байланыс бар ма?

Физика

Физика (грек. *physis* – табиғат) – материяның жалпы қасиеттерін және оның қозғалыс заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Физиканың заңдары тәжірибе жүзінде анықталған сандық қатынастар арқылы математикалық тілде өрнектеледі. Физика тәжірибелік және теориялық физика болып ажыратылады. Тәжірибелік физика тәжірибе арқылы жаңа деректерді ашады және белгілі физикалық заңдарды тексереді. Ал теориялық физика тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып, табиғат заңдарын тұжырымдайды және нақты

құбылыстарды осы заңдар негізінде түсіндіреді, сонымен қатар белгісіз жаңа құбылыстарды алдын ала болжайды. Зерттелетін сан қилы нысандарға және материаның қозғалыс түрлеріне қарай физика бір-бірімен өзара тығыз байланысқан бірнеше бөлімдерге ажыратылады: элементар бөлшектер физикасы, ядролық физика, атомдар мен молекулалар физикасы, газдар мен сұйықтықтар физикасы, қатты дене физикасы, плазма физикасы.

Физика жайлы алғашқы деректер Ежелгі Вавилон мен Мысыр елінің жазбаларында кездеседі. Зәулім сарайлар мен күрделі құрылыстар (пирамида, қорғандар) салу жұмыстарында құрылыс механикасымен статистикасының қарапайым заңдары (рычак, көлбеу жазықтық т.б.) пайдаланылады. Ежелгі грек ғалымдары Демокрит (б.з.б. 5 ғ.), Эпикур (б.з.б. 4 ғ.) және Лукреций (б.з.б. 1 ғ.) дүниенің ең қарапайым кірпішін одан әрі бөлінбейтін бөлшек атом деп санады. Атом туралы ілім (атомистика) талай ғасырға созылған талай тартыстан кейін қазіргі табиғат жайлы ғылымдар негізіне айналды. Аристотельдің табиғат жайлы жазылған кітабы «физика» деп аталады. Осыған орай Аристотельді физиканың қалаушысы деп те атайды. Грек ғалымы Архимед (б.з.б. 3 ғ.) гидростатиканың негізгі заңын ашты, қарапайым механизмдерді зерттеді. Ол механикамен қатар оптика, астрономиямен де айналысты. Электр мен магнетизмге байланысты кейбір қарапайым құбылыстар тым ертеден-ақ белгілі болған. Грек-рим мәдениеті дәуірінде статиканың қарапайым заңдары (рычак ережесі, денелердің ауырлық центрі) геометриялық оптиканың алғашқы заңдылықтары (жарықтың түзу сызық бойымен таралуы, шағылу және сыну заңдары) ашылды. Демокрит, Аристотель, Архимед тәрізді ежелгі дүниедегі ұлы ғалымдардың ғылымға қосқан мол үлесі ғасырлар бойына жинақталған тәжірибелермен ұштаса келіп физиканың іргетасы болып саналатын классикалық механиканың тууына қолайлы жағдай жасады. (Қазақстан энциклопедиясы)

7.15 Сұрақтарға «шын» немесе «жалған» деп жауап беріңіз.

1. Физика тірі ағзаларды зерттейтін ғылым.
2. Физика заңдары математика тілінде өрнектеледі.
3. Тәжірибелік физика тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып, табиғат заңдарын тұжырымдайды.
4. Теориялық физика тәжірибе арқылы жаңа деректерді ашады және белгілі физикалық заңдарды тексереді.
5. Физика бір-бірімен байланысы жоқ бірнеше бөлімдерге жіктеледі.
6. Эпикур, Лукреций сияқты Ежелгі Рим ғалымдары дүниенің ең қарапайым кірпішін одан әрі бөлінбейтін бөлшек атом деп санады.
7. Грек ғалымы Аристотель гидростатиканың негізгі заңын ашты, қарапайым механизмдерді зерттеді.
8. Аристотельдің табиғат жайлы жазылған кітабы «физика» деп аталады.

7.16 Бір-біріңіздің қандай қабілеттеріңіз бар екенін біліңіз.

Мен сандарды ойша санауға жақсымын.

Мен математикаға жақсымын.
Асқар тарихи кезендерді есте сақтауға жақсы.
Айгүл адамдардың атына жақсы.
Менің әкем жерлердің атына жақсы.
Әжем шежіреге жақсы.

Күнделікті сұхбаттар.

7.17 Жәрмеңкеде кездескен екі таныстың әңгімесін толықтырыңыз.

А Сәлем, Динара!

Ә Сәлем, Жұмай!

А Сен мұнда _____?

Ә Менің бүгін демалысым еді, уақытым болғасын _____. Өзің ше?

А Менің туыстарым осы жәрмеңкеге өз тауарларын алып келген еді. _____

Соны

Ә Олар қайдан _____, қандай тауар _____?

А Олар Тараздан келді, макарон өнімдерін әкелді.

Ә Макарон шығаратын кәсіпорындар _____. Олар сата ала ма?

А Сата алатын _____, өйткені олардың өнімдерінің сапасы өте жақсы.

Ә Е, онда жолдары болсын. Жақсы сау бол. Менің үйге _____.

А Сау бол. Кездесеміз ғой.

Ғылым мен технология жаңалықтары.

Оқушы «Жемқорлықпен күресетін бауырсақ» ойынын жасады.

13 жастағы Сергей Базанов ойлап тапқан компьютер ойынындағы Бауырсақ Қазақстандағы жемқорлықпен күресетін кейіпкер. Орыстың халық ертегісіндегі Колобок бейнесі осылайша бала қиялында жаңа сипатқа ие болып, елде жүріп жатқан науқанға виртуалды түрде қатысады.

Ойынға қарап отырып, бірте-бірте адамның делебесі қоза бастайды. Күрең қызыл ою түскен ақ тақиялы топ-томпақ Бауырсақ қошқыл жасыл түсті жемқор құбыжықтармен жалғыз өзі айқасып жүреді. Ойынның артқы көрінісінде - көкпеңбек аспан. Бауырсақ батыр күрделене түсетін бір деңгейден екінші деңгейге шыға отырып, тау шатқалдарынан, жыра-жыраның ішінен, жантақтардың арасынан айлакер жемқорларды іздейді. Ойында кәдімгідей әзіл-оспақтың табы бар. Қарсыластарын таба салысымен Бауырсақ жекпе-жекке шыға жүріп, оларды бір-бірден құрта бастайды. Ойын 20 деңгейден тұрады. «Азаттық» тілшісіне Сергей Базанов жасаған ойыны жай ғана балаларды қорқытатын нәрсе емес дейді. - Кейіпкерлерім қайдағы бір барыс немесе шайтан емес. Бұл - әзіл аралас, кез келген жастағы адам ойнай алатын ойын. Қарапайым ғана графика негізінде жасалған. Ойнау оңай болу

үшін кейіпкерлер ыңғайлы геометрикалық пішінмен жасалған. Жас автордың ойынша, Бауырсақ - Қазақстанның барлық халқын бейнелейтін жинақы образ. - Неге Бауырсақ болып шықты дейсіз бе? — деп күледі Сергей Азаттық тілшісіне. - Жай ғана нәрсе ғой. Мысалы, Ресейде нан мен тұз алып қарсы алады, Қазақстанда қытырлақ бауырсақ қойылмайтын дастарқан жоқ. Неге компьютерлік ойынында кейіпкерлер жемқорлықпен күресіп жүреді деген сұраққа Сергей телевизордан тек осы жайлы еститінін, әлдекімді әлде бір жерде әшкерелеп жататынын айтты.

Ойын авторының әкесі Владимир Базанов ұлының хоббиін құптайды. Тек компьютер алдында көп отыратынына наразы. Оның айтуынша, бауырсаққа аңғарларды кездіріп, төбеден төбеге секірту үшін Сергей бір жыл еңбектеніп, арнайы ақпарат жинаған. Кейде тіпті тәулігіне 12 сағат монитор алдында отырған. (<http://www.azattyq.org> сайтының материалынан қысқартылып алынды)

7.18 Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңыз.

Мәтіндегі техникалық терминдерді жазып алыңыз.

Сергей ойынның басты кейіпкері ретінде неге Бауырсақты алғанын қалай түсіндіреді?

Бауырсақ неге басқа қылмыскерлермен күреспейді, бала не себептен жемқорларды таңдаған?

Мәтінге басқа да сұрақтар қойып, осы мәселені талқылаңыздар.

Техникалық терминдерге кіріспе.

дерек – данные

деректер ағыны – поток данных

дерекқор- база данных

деректерді өңдеу – обработка данных

меңзер – курсор

жүйелік қорап – системный блок

торап - узел

шерту – щелкнуть

операциялық жүйе – операционная система

үзбей қоректендіру көзі – источник бесперебойного питания

7.19 Сөйлемдерді толықтырып, оқыңыз.

1. Деректер ағыны - файлдар..., сокеттерді оқып, жазу... пайдаланылатын абстракция.

2. Жүйелік қорап – компьютер... құрастыру үшін қажетті аппараттық қамтулар... жабдықталатын шасси болып табылады.

3. Меңзер – тінтуір көрсеткіші, (ағылшынның «cursor» – аспаптың көрсеткіші, тілі) экран... келесі таңба... пайда болатын орны.

4. Деректер көзінің элемент... тінтуірдің оң батырма... шертіңіз.

5. Негізгі желіде электр тогы болмай қалған жағдайда, үзбей қоректендіру көзі өз қорын іске қосады, соның арқасында техника шектеулі уақыт аралығында жұмыс істей алады.

6. Жақында Microsoft-тың Windows 8 операциялық жүйесінің ақырғы нұсқасы ұсынылды.

7. Желі торабы – компьютер желісінің бір бөлігі ретінде басқа құрылғылармен жалғастырылғын құрылғы. Тораптар ретінде компьютерлер, ұялы телефондар, планшеттер және маршрутизатор, коммутатор сияқты арнайы желілік құрылғылар бола алады.

Заттар тарихынан.

Сіріңке

Сіріңке – бір жақ ұшына жеңіл тұтанатын қоспа жағылған жіңішке ағаш таяқша. Ол қоспа тотықтырғыш (бертоле тұзы, калий бихроматы және пиролюзит), қалпына келтіргіш (күкірт), байланыстырғыш (крахмал, декстрин, гуммитрагант, лигносульфон), толтырғыш (ұнтақталған шыны, темір жосасы, мырышты бояу, саз, гипс, диатомит), бояу және пигмент тәрізді заттардан тұрады. Сіріңке қорабына жағылатын қоспа құрамында қызыл фосфор, күкүртті сүрме, темір жосасы, пиролюзит, тері желімі, бор, декстрин және гуммитрагант болады. Сіріңкені қорапқа жағылған қоспаға үйкеген кезде ең алдымен қораптағы фосфор жанады. Сөйтіп бертолле тұзы тотығып, таяқша басына жағылған қоспа құрамындағы күкірт от алады да, сіріңкенің өзін жандырады. Сіріңкелер оталғыш (тұрмыс қажетіне арналған) сіріңке және арнаулы сіріңке болып ажыратылады. Оталғыш сіріңкенің қауіпсіз сіріңке (ол қорапқа салынған қоспаға үйкелгенде ғана жанады), ылғалға төзімді сіріңке т.б. деп аталатын түрлері бар. Оталғыш сіріңкелер ағаштан дайындалып, арнаулы қорапқа салынады. Қазақстанда «М.М. Майлыбаев сіріңкесі» алынды. Ол геология минералды ғылымдарының кандидаты М.М. Майлыбаев есімімен аталған. Бұдан басқа сіріңкенің арнайы түрлері (термиялық, сигналдық, т.б.) бар. (Қазақ энциклопедиясы, 8 том, 154 бет)

8 Салауатты өмір салтын дәріптейік

8.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Дұрыс сөйлемді белгілеңіз.

1. Мен арқылы денсаулықтан артық ешнәрсе жоқ.
Мен үшін денсаулықтан артық ешнәрсе жоқ.
2. Салауатты өмір салты сияқты соңғы кезде жиі жазылып жүр.
Салауатты өмір салты туралы соңғы кезде жиі жазылып жүр.
3. Әжем биологиялық белсенді заттардың арқасында көп ауырмайды.
Әжем биологиялық белсенді заттар сайын көп ауырмайды.
4. Бұл дәрілік шөпті әрбір үш сағат сайын ішу керек.
Бұл дәрілік шөпті әрбір үш сағат тарта ішу керек.

5. Бұл дәріні тамақтан кейін жарты сағаттан соң қабылдау керек.

Бұл дәріні тамаққа кейін жарты сағаттан кейін қабылдау керек.

6. Деніңіз сау болсын, артық салмақ болмасын десеңіз дұрыс тамақтану ережелері тәрізді біліп, оны ұстануыңыз керек.

Деніңіз сау болсын, артық салмақ болмасын десеңіз дұрыс тамақтану ережелері жайлы біліп, оны ұстануыңыз керек.

7. Түр-тұрпатыңызды бірқалыпты ұстау үшін дұрыс тамақтанумен арқылы жаттығу жасап, көбірек жаяу жүргеніңіз дұрыс.

8. Түр-тұрпатыңызды бірқалыпты ұстау үшін дұрыс тамақтанумен қатар жаттығу жасап, көбірек жаяу жүргеніңіз дұрыс.

9. Көкөніс, жеміс-жидек сияқты табиғи өнімдерді көбірек пайдалану керек екенін бала да біледі.

Көкөніс, жеміс-жидек арқасында табиғи өнімдерді көбірек пайдалану керек екенін бала да біледі.

10. Қала бойынша туберкулез ауруының алдын алу бойынша дәрігерлік шаралар өткізілуде.

Қала туралы туберкулез ауруының алдын алу бойынша дәрігерлік шаралар өткізілуде.

8.2 Сұрақтар төңірегінде бір-біріңізбен сұхбаттасыңыз.

Салауатты өмір салтын қалай түсінесіз және оны ұстанасыз ба?

Зиянды әдеттерге не жатады?

Олар туралы не білесің?

Зиянды әдеттерің бар ма?

Оларды тастауға әрекет жасайсың ба?

Адамдар зиянды әдеттердің салдарын біле тұра неге оны әрі қарай жалғастыра береді деп ойлайсың?

Сен қандай тағамды жақсы көресің? Ет тағамдарын ба, сүт тағамдарын ба?

Отбасыңда көбінесе қандай тағам пісіріледі?

«Әуелгі байлық – денсаулық» деген мақалды ұстаным етесің бе?

8.3 Сұхбаттан алған ақпаратыңызды мына сөздерді қолданып, әңгімелеп беріңіз.

темекі тарту

маскүнемдік

нашақорлық

майлы тамақ

ащы

тұзды

консервілер

қуырылған тағамдар

пайдалы заттар

ағзаға зиянды әсері бар

тағамды талғап жеу
кез келген тамақты жемеймін
әйтеуір қарным толса болды
ұннан жасалған тағамдар
тәтті тағамдар
жылдам тамақтар (fast food)
тастап көрдім, бірақ түк шықпады
тастап кеттім
адамдар өздерін өздері жеңе алмайды
диета ұстау
аз қимылдау

8.4 Сұрақтар төңірегінде әңгімелесіңіз.

1. Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын білесің?
2. Саған қандай ұлттық тағам ұнайды?
3. Басқа ұлттардың қандай тағамдары ұнайды?
4. Өзің тамақ пісіре аласың ба?
5. Ұлттық тағамдардың адам денсаулығына әсері қандай?
6. Қандай тағамдар адам денсаулығына зиянды деп санайсың?
7. Жент жеп көрдің бе? Ол қандай тағамға жатады? (тәтті, негізгі, ет, сүт, астық т.б.)
8. Қымызға қалай қарайсың?

Жент

Жент (қоспа) - аса кәделі дастархан дәмі. Ол қыста қатпайтын, жазда бұзылмайтын өте дәмді тағам. Жент былғау шеберлікті қажет етеді. Ақталған тарыны келіге түйіп (кофе тартқышқа салып) ұнтақтайды. Оған құмшекер, ұнтақталған ірімшік салып араластырады. Содан соң қазанға жылқының майын құйып (қазіргі кезде сары май салып), ысытып, араласқан тары мен ірімшікті салып, ақырын отқа қойып, араластырады. Жент майды бойына сіңірген соң ыдысқа салып, салқын жерге қояды. Әдетте жентті ешкінің немесе қойдың қарнына салып сақтайды.

8.5 Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңыз.

Жент дайындауға шеберлік қажет пе, әлде араластыра саламыз ба?

Женттің құрамына кіретін тағамдарды атаңыз.

Жент жасағанда қандай іс-әрекеттер орындалады?

«Жеңсік ас» дегенді қалай түсінесіз?

Жент жеңсік асқа жата ма?

Мәтіннен неге? қайда? сұрақтарына жауап беретін сөздерді табыңыз.

8.6 Мәтіннен рецептілердің бәріне дерлік ортақ етістіктерді жазып алып, оларды басқа да етістіктермен толықтырыңыз:

салу
араластыру

8.7 Женттің рецептін үлгіге алып, өзіңіз жақсы дайындайтын тағамның рецептін жазыңыз.

8.8 Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер?

Ас туралы қандай мақалдар білесіз?

Тамақ пен денсаулық байланысты ма?

Тамақ ішерде қандай тілек айтады?

Көкөністің құрамында қандай пайдалы заттар бар?

Сүттің құрамында қандай пайдалы заттар бар?

Еттің құрамында қандай пайдалы заттар бар?

Еттің адам ағзасына пайдасы бар ма?

Вегетариандық асқа көзқарасыңыз қандай?

Жыл сайын вегетариандықтардың санының көбейіп келе жатқанын немен түсіндіресіз?

8.9 Дүкенде кездескен екі таныстың сұхбатын кестедегі сөздермен толықтырып, жалғастырыңыздыр.

тағамдық құнарлылығы	тамақтық дәмі	нәрлік қасиеттері өте күшті
қоректік заттарды тасымалдау	иммунитет қорғаушы	таптырмайтын тағам

- Сәлеметсіз бе?

- Сәлеметсіз бе?

- Қымыз алып жатырсыз ба? Қымыз ішесіз бе?

- Иә, соңғы кезде қымызды үнемі алып жүрмін.

- Мен де қымызды ұнатамын, бірақ зауыттың қымызының сапасына күмәнданамын.

- Жоқ, бекерге күмәнданасыз, сапасы өте жақсы, дәмі қолдан жасаған қымыздай керемет.

- Онда мен де бір бөтелкесін алып көрейін. Ұнаса, мен де ылғи алатын боламын. Сіздің айтқаныңыз жақсы болды.

- Алыңыз, дәмін татып көріңіз. Қымыздың емдік қуаты мол ғой.

8.10 Мәтіндегі асты сызылған сөздердің орнына кестедегі мағынасы жақын сөздерді қойып, мәтінді оқыңыз.

тиіс	қолайлы	жеңіл	ұзақ	үдерісін	кезеңінде
әсеріне	төзімділігін	сәулесі	пайдаланылады	ерекшелігі	

Шынығу

Шынығу ағзаның ауа райының қолайсыз ықпалына шыдамдылығын арттырады. Шынығуға негізінен ауа, су, күн шуағы қолданылады. Дене шынықтыру жаттығулары шынығудың тиімділігін арттырады. Шынығудың ең оңай түрі – таза ауаны пайдалану. Бірақ бұл жағдайда жыл маусымының ерекшелігі ескерілуі керек. Жылдың жылы кезеңінде шынығу үшін таза ауада көп уақыт серуендейді. Үй ішінде біраз уақыт жалаңаяқ жүру де пайдалы. Жылдың суық мезгілінде шынығу үшін белгілі бір уақыт жаяу серуендеу, шаңғы тебу, «баяу» жүгіру, коньки тебу пайдаланылады.

Шынығу үшін су процедурасын пайдаланудың да өз артықшылығы бар. Су ауаға қарағанда жақсы шынықтырады. Су теріге температуралық әсер етумен бірге механикалық әсер етеді. Капиллярлық қан айналысын жақсартады. Шынығудың тиімді тәсілі - душ, әсіресе, контрасты душ қабылдау.

Шынығу ағзаның зат алмасу, тыныс алу және қан айналысы қызметін жақсартады, дененің шынығуына жағымды жағдай жасайды. («Шаңырақ» үйтұрмыс энциклопедиясы, «Шынығу» мақаласы бойынша, 268-бет)

8.11 Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз дененізді шынықтыру үшін не істейсіз?

Қандай спорт түрімен айналысасыз?

Ауа процедураларына не жатады?

Су процедуралары қандай?

Шынығудың адам ағзасына қандай әсерлері бар?

Грамматика Не істей аласың?

8.12 Етістік + а,-е,-й ала+жіктік жалғауы+жіктік жалғауы

Жекеше

Көпше

Мен қазақша сөйле+й ала+мын

Біз ерте тұр+а ала+мыз.

Сен ертең кел+е ала+сың ба?

Сендер шахмат ойна+й ала+сыңдар .

Сіз шахмат ойна+й ала+сыз ба?

Сіздер тамақ пісіре ала+сыздар ма?

Ол шындықты айт-а ала+ды.

Олар машина жүргіз+е ала+ды.

Сұраулы сөйлем.

Болымсыз түрі

Сен пәтер сатып ала аласың ба?

Мен жиналысқа бара алмаймын.

Сен не істей аласың?

Мен шахмат ойнай алмаймын.

Сіз өтірік айта білесіз бе?

Сен сәрсенбіде кете алмайсың.

Ол маған көмектесе ала ма?

Сіз тамақ пісіре алмайсыз ба?

8.12.1 Сөйлемдерді толықтырыңыз.

Біз лекцияға кел... аламыз. Мен жиналыста сөйле... алдым. Мен бұл кітапты бүгін оқы... аламын. Бұл жұмысты ертең бітір... аласыз ба? Сіздер маған қонаққа кел... аласыздар ма? Сіз мақалаңызды ертеңге дайын... аласыз

ба. Ол кір жу.... алмайды, тамақ пісір... алмайды. Сен ешқашан ерте кел... алмайсың? Ол РГР-ді бүгін тапсыр... ал... .

Сен жақсы билей Сіз программа жасай ... ба? Мен сізге көмектесе Ол домбыра тарта Мен парашютпен секіре Сіздер сыйлық ала ... ма? Біз сіздермен бара Сендер кешікпей келе ... ма? Олар кеңес бере ... Сен мына есепті шығара ... ба? Сіз сұхбат бере ... ба? Сендер дипломдық жұмысты қорғай

8.12.2 Мына сөздермен түрлі жаққа (I,II,III) қойып, сөйлем құраңыз.

Ағылшынша таза сөйле

Коньки теп

Суда жүз

Шаңғы теп

Домбыра тарт

Машина жүргізе

8.12.3 *Жүргіз, ойна, тарт, жаса, пісір, пайдалан, шық* сөздерін қолданып, сұраулы сөйлем жасаңыз.

Сіз домбыра _____ ?

Сіз машина _____ ?

Сіз компьютерді _____ ?

Сен пианинода _____ ?

Сендер жоспар _____ ?

Сіздер тамақ _____ ?

Олар саяхатқа _____ ?

8.13 Бір-біріңізге сұрақ қойып, қолдарыңыздан не келетінін, не келмейтінін біліп, айтып беріңіздер.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру

Арақ ішіп, темекі шеккен,

Денсаулығының түбіне жеткен (Халық даналығы).

Салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін зиянды әдеттерден бас тарту қажет. *Зиянды* әдеттерге темекі, алкоголь (ішімдік), есірткі және уытты заттар жатады. Бұл заттарды ұзақ уақыт, ал кейде тіпті *аз* ғана уақыт пайдаланғанда организмде психикалық және тәндік *тәуелділік* дамиды. Зиянды заттарға әуестенудің барлық түрі ақырында *ауыр* науқасқа шалдықтырады. Бұл аурулар ұзақ әрі арнайы емдеуді қажет етеді. Адам зиянды заттарды пайдаланудан сақтану үшін олардың кейінгі зардаптарын білу керек. Зиянды әдеттермен күресу осы құбылыстың себептері белгілі болған жағдайда ғана *табысты* болады.

Темекі тарту, яғни, никотинизм – зиянды әдет және нашақорлықтың бір түрі.

Статистикалық мәліметтер бойынша планетада ересектердің 40 пайызы темекі тартады. Оның ішінде 60 пайызы ер азаматтар, 20 пайызы әйелдер екен.

Темекі түтіні адам организмі үшін зиянды және улы заттардың жиындысы болып табылады. Олардың ең бастылары – никотин, синиль қышқылы, көмір қышқылы, сірке қышқылы, азот, эфир майы және өкпе рагіне душар ететін әртүрлі радиобелсенді элементтер болып табылады. Олардың ішіндегі ең улысы – никотин. Адам ағзасы үшін бар болғаны бір-ақ тамшы (ол 10-12 тал сигаретте болады екен) никотин уы *жеткілікті* көрінеді.

Темекі тартатын адамда никотиннің ықпалынан асқазан қышқылдығы *төмендейді*. Қан қысымы артады. Орталық жүйке жүйесі мен жүректің қызметі бұзылады. Елу жасқа дейін темекі тартатын әйелдерде миокард инфаркті темекі тартпайтындарға қарағанда 20-есеге *жиірек* кездеседі екен. Бронхитпен ауырушылардың 75 пайызы темекі тартушылар болып табылады.

Темекі *ішкі* мүшелер қызметін бұзып, ауруға душар етумен қатар, адамның сыртқы келбетін де бұзады. Түтіннен шыққан зиянды улы заттар беттегі майда қан тамырларын зақымдап, бет терісі ауруларына душар етеді.

Жыл сайын жер бетінде темекіден 3 миллион адам, яғни темекінің улы әсерінен әрбір 13 секунд сайын бір адам өледі екен.

Жастай шылымға үйренген жастар ұмытшақ келеді. Оқу үлгерімі *нашарлайды*, тіпті ақыл-ойы *кемиді*.

Темекі шегушілік студент жастардың арасында жиі кездесетін болып жүр. Әсіресе, қыз-балалардың темекі шеккені көңіл алаңдатарлық нәрсе.

Темекі шегу тұрмыс құрған болашақ аналарға өте зиян. Олардың шеккен әрбір тал темекісі бойындағы нәрестенің денесіне сіңетін улы заттардың мөлшерін 10 пайызға *көбейтіп*, нәрестеге *қажетті* оттегінің мөлшерін 10 пайызға *кемітеді* екен.

Сондықтан *жас* кезден денсаулықты сақтап, темекіге әуестенбей, темекі шегушілерден бойды аулақ ұстап жүрген дұрыс (<http://referatkaz.kz/> сайтынан алынды).

8.14 Мәтінді оқып, ондағы көтерілген мәселелер туралы 2 топқа бөлініп, пікірсайыс өткізіңіздер.

8.15 Мәтінде асты сызылған сөздердің антонимін жазыңыз.

Үлгі: кемиді-артады

1. Зат есім+мен қатар немесе бірже.

2. Етістік -мен қатар немесе бірге формалары.

Қазақ тілі сабағында жаңа сөздермен қатар грамматикаға да назар аударылады. "Жерұйық" ресторанының мәзірінде ұлттық ет тағамдарымен қатар сусындар да бар. Мен қазақша үйренумен қатар қазақ халқының түрлі

салт-дәстүрлерімен таныстым. Театрға досыммен бірге бардым. Демалыста сабаққа дайындалумен қатар музыка тыңдап, теледидар да қарадым. Көже шөл қандырумен қатар адам денсаулығына пайдалы

8.16 Жақшаның ішіндегі сөздерге *-мен, -бен, -пен* жалғауын және *қатар, бірге* сөздерінің бірін қойыңыз.

Қымыз адам ағзасына күш _____ (бер) _____ оның құрамында түрлі витаминдер де бар. Қой еті _____ (жұмсақтық-ғ) _____ өте дәмді де. Қазы дәмді _____ (болуы) _____ ұзақ сақталады. Менің досым ән _____ (салу) _____ би де билей алады. Мен сабақтарға (қатысу) _____ тарихтан, әдебиеттен лекция тыңдадым. Сұлужан (пысықтық/ғ) _____ ақылды да.

Зат есім және *бойынша* Тұйық етістік және *бойынша*.

Ғалымдардың айтуы бойынша Жер шарының климаты жылып келеді. Қала бойынша сенбілік болады. Мектеп бойынша олимпиада ұйымдастырылды. Республика бойынша футбол чемпионаты өткізіледі. Оның болжауы бойынша жоспар орындалады.

Ғылым мен технология жаңалықтары.

8.17 Сөздерді тиісті жеріне қойып, мәтінді оқыңыз.

көзделіп
сұйықпен
келеді
ретінде
қанындағы
ағзасында
қамтамасыз
энергияны
шығарды

Биобатарейка

Американдық химиктер адам _____ жүретін химиялық реакциялардың әсерінен ток шығаратын кішкентай батарея жасап _____ . Батарейканы жасаушылар оның глюкоза мен оттегінің реакциясынан бөлінетін _____ электр тогына айналдыратынын айтады. Биожанармайлық батарея кез келген биологиялық _____ жұмыс істей береді, сондықтан оны терінің астына немесе омыртқа үстіне қою _____ отыр. Әрине, адам денесіне бөгде заттың қондырылғаны құптарлық нәрсе емес. Десек те, кей жағдайларда солай етуге тура _____ . Биобатарейка ауруларды емдеуге пайдаланылмақ. Мысалы, диабетиктердің _____

глюкозаның деңгейін қадағалайтын, жасанды дене мүшелерінің қозғалысын _____ ететін миниатюралық сенсорларға ток көзі _____ қойылмақ.
(«Зерде» журналынан)

8.18 Техниканың осы жаңалығын талқылаңыздыр.

Осыған ұқсас қандай құрылғылар туралы естідіңіз?

Адамның қандай органдары жасанды болуы мүмкін?

Мұндай құрылғылардың болашағы бар ма?

Сіздің таныстарыңыздың ішінде ғылымның осындай жетістіктерін пайдаланып жүрген адамдар бар ма?

Техникалық терминдерге кіріспе.

өміртіршілік қауіпсіздігі – безопасность жизнедеятельности

төтенше жағдай – чрезвычайная ситуация

өрт қауіпсіздігінің ережелері - правила пожарной безопасности

зақымдаушы факторлар - поражающие факторы

әлеуетті қауіп-қатер - потенциальная опасность

зілзала, жер сілкінісі – землетрясение

сәулелену - облучение

техника қауіпсіздігі – техника безопасности

радиациялық қауіп - радиационная опасность

8.19 Тиісті қосымшаларды жалғап, сөйлемдерді оқыңыз.

1. Техникалық оқу орны бітірушісінің диплом жоба...да/ға міндетті түрде өміртіршілік қауіпсіздігі бөлімі болуы тиіс.

2. Төтенше жағдай министрлігі халық...ты/тың уақытылы табиғат апаттары туралы хабарландырып отырады.

3. Кез келген кәсіпорында өрт қауіпсіздігі...нен/нің ережелері қатаң сақталуы тиіс.

4. Адамды зақымдаушы факторлар...да/ға адамдар, жануарлар, өсімдіктерге теріс әсер тигізетін құбылыстар мен үдерістер жатады.

5. Адам...ның/ды кез келген іс-әрекеті әлеуетті қауіп-қатерге (жарақат, ауру, жазатайым оқиғалар) әкелуі мүмкін.

6. Таулы аймақтар...дан/да зілзала қаупі жоғары болады.

7. Сәулелену – иондайтын радиация...ны/ның биологиялық нысандарға әсері.

8. Әрбір басшы өз қызметкерлері...ге/не еңбектің қауіпсіз жағдайларын жасап, техника қауіпсіздігіне көп көңіл бөледі.

Заттар тарихынан.

Қайық

Қайық – ескекпен, желкенмен немесе қозғалтқыш күшімен қозғалысқа келтірілетін суда жүзуге арналған шағын қатынас құралы. Қайық адамзат

баласына ерте заманнан белгілі. Голландиядағы Пессе (Дренте аймағы) деген елді мекеннен археологтар жұмыс барысында ұзындығы 3 м орта тас (мезолит) дәуіріне жататын моноксил қайығы табылған. Радиокарбон әдісі мәліметтерінің негізінде бұл моноксил біздің заманымыздан бұрын 6-мың жылдықты қамтиды. Неолит және қола дәуірлерінде үлкен теңіздер мен мұхит жағалауларын мекендеген халықтар күнделікті тұрмыста су жануарларының терілерімен қапталған ағаш немесе сүйек қаңқалы қайықтарды пайдаланған. Қазіргі кезде қайық тек спорттық және кәсіптік мақсаттарға ғана пайдаланылады. Әскери кемелердің кейбір түрлерінің атауында қайық сөзі кездеседі. Мысалы сүңгуір қайық, канонерлік қайық, ұшатын қайық – гидроұшақ.

9 Табиғат құдіреті

9.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Тиісті шылауларды жазыңыз: *демек, де, та, мен, егер, бірақ, себебі/өйткені, сондықтан, ендеше, және*

1. Адам ... табиғат егіз.
2. Мен сендермен тауға бара алмаймын, ... ертең ата-анама көмектесемін деп сөз беріп қойғанмын.
3. Арман жыл бойы барлық сабақтардың тапсырмаларын уақытында орындап жүрді, ... сессияны табысты тапсырды.
4. Мен сіздің ойыңызбен келісемін, ... бұл мәселе бойынша өз көзқарасым бар.
5. ... әрбір адам өз ісін бақыласа, қоқыс тастамаса, жерге түкірмесе, біздің қаламыз да таза қалалардың бірі болар еді.
6. Көшелердің тазалығына сен ..., мен ..., қарт ..., жас ... жауапты.
7. ... сіз бұл мәселе бойынша бізбен келіспейсіз.
8. ... өз еліңнің табиғатын қорғауға да білім ... ақыл керек.
9. Біз сұраққа ... «ия» ... «жоқ» деп жауап беруіміз керек.

9.2 Сұрақтар төңірегінде ой бөлісіңіздер.

- Экология мәселелері сізді толғандыра ма, әлде сізге бәрібір ме?
Оны шешуге өз үлесіңізді қалай қосып жүрсіз?
Қазақстанның негізгі экологиялық мәселелері қандай?
Қандай аймақтар экологиялық апат аймақтары деп жарияланған, не себептен?
Өзіңіз қандай экологиялық апат аймағына жақын тұрасыз?
Оның салдарлары туралы естисіз бе? (таныстарыңыздан, туыстарыңыздан, бұқаралық ақпарат құралдарынан, Интернеттен)
«Әр адам өзінен бастау керек» дегенге қосыласыз ба?
Тәрбиелік, әдептілік, мәдениеттілік пен табиғат қорғаудың арасында байланыс бар ма?

Алматы ластану жағынан әлемде қай орында тұрғанын білесіз бе?
Алматы ауасының ластану мәселесін шешу мүмкін бе?
Сіз қолыңызда билік болса, қандай жолдар мен тәсілдерді ұсынар едіңіз?
Еуропа қалаларының экологиясы жақсы екені белгілі, не себептен деп ойлайсыз?

Қазақстандағы экологиялық апаттар

Астана. 19 сәуір. Baq.kz-Қазақстандағы экологиялық проблемалардың ең бастыларының бірі – қоршаған ортаның радиациялық ластануы. Бұл жайында ең бірінші Семей полигоны туралы айту керек. Мұнда 1949 жылдың 29 тамызынан бастап 1991 жылдың тамызына дейін жалғасқан ядролық сынақтар (465 сынақ өткен, оның 116-сы атмосферада жасалды) Қазақ жерінің Оңтүстік және Шығыс аймақтарына үлкен экологиялық апаттар әкелді. Республикада сынақ жасалатын одан басқа тағы да 5 полигон болды. Сондай-ақ Қытайдың Лоб-Нор полигоны ел шекарасына таяу орналасқан.

Бұл қазақ жұртын өте зор зардаптарға ұшыратты. Ғалымдар республика халқының ересек тұрғындары бойынан ядролық сынақтардың әсерінен туындаған 3 аса қауіпті ауру түрін тапты: онкологиялық, жүрек-қан тамыр және туберкулез. Полигон аймағында тұратын қойшы-малшылардың өмір жасы 50 жастан аспады. Осы аймақтардығы әйелдердің 70 пайызы аққанға (анемия) шалдыққан.

Екінші зор экологиялық апат – су ресурстарының сарқылуы. Әсіресе, Арал теңізінің тартылуы тек сол өңірге ғана емес, тұтас Қазақ еліне орасан зардаптар алып келді. Мәселен, 60-жылдары теңіз суы 1066 км³, 80-жылдардың аяғында ол 450 км³ дейін азайып кеткен. Судың тұздылығы 11-12 г/л-ден 26-27 г/л-ге жеткен. Соның салдарынан теңізде тіршілік ететін көптеген жандықтар мен балықтар жойылып кетті. Теңіз деңгейі 13 метрге құлады. Ал суы таза тартылған шеткі аймақтар тұзды шөл далаға айналды. Желді күндері одан көтерілген тұзды дауыл көрші мемлекеттерге дейін ұшып жететін болған. Осының әсерінен өңір климаты құбылмалы күйге түсті. Арал маңы тұрғындары арасында онкологиялық, жүрек-қан тамыр және туберкулез, ана мен бала өлімі артты. Ғалымдар Арал проблемасы күні ертең планеталық масштабқа айналып кетуінен қауіптенеді. Сондықтан Арал теңізі маңына экологиялық апат аймағы деген атау берілді (<http://baq.kz/> сайтынан алынды).

9.3 Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңыз.

Қазақстандағы полигондарды атаңыз.

Мәтінде айтылатын зардаптар кімнің кінәсынан болып отыр?

Полигон аймағында тұратын адамдардың ұшырайтын аурулары қандай?

Арал маңындағы адамдардың аурулары қандай сипатта?

Арал мәселесі тек қана Қазақстан халқының проблемасы ма?

Арал маңының климаты қалай өзгеруде?

«Байқоңыр қазақтың бағы ма, соры ма» тақырыбына эссе жазыңыздар.

9.4 Екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріңіз, олардың қайсылары тұрақты сөз тіркестері екенін анықтаңыз, олармен басқаша сөйлемдер құраңыз.

А	Ә
апат	түсу
күйге	беру
ауруға	табу
масштабқа	аспау
бала өлімі	арту
26-27 г/л-ге	шалдығу
зардапқа	жету
3 түрін	ұшырату
50 жастан	әкелу
Атау	айналып кету

9.5 Сөйлемдерді біріктіріп, құрмалас сөйлемдер жасаңыз.

1. Судың тұздылығы 11-12 г/л-ден 26-27 г/л-ге жеткен. Соның салдарынан теңізде тіршілік ететін көптеген жандықтар мен балықтар жойылып кетті.

2. Әрбір азамат табиғатты қорғауға өз үлесін қосуы тиіс. Сонда ғана біздегі экологиялық жағдай өзгереді.

3. Қазір өзен-көлдердегі балық саны азайып бара жатыр. Су құрамында жан-жануарлар тіршілігіне қауіпті заттардың мөлшері көп.

4. Жақында біз сынып болып тауға шықтық. Тамақ қалдықтарын, қоқыстарымызды жинап, арнайы орынға апарып салдық.

5. Көктемде қар ериді. Сол кезде барлық мекемелер қызметкерлері сенбілікке шығып, жұмыс орындарының айналасын тазалайды.

6. Үкімет қаржы бөліп, Бурабай көлінің табанын тазартады. Адамдар өз тәртіптерін өзгертпесе, одан ештеме шықпайды.

9.6 Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңыз.

Қазақстанда ұлттық саябақтар бар екенін білесіз бе?

Қазақстанның ұлттық саябақтары мен табиғат қорықтарын атаңыз.

Олар не үшін құрылған деп ойлайсыз?

«Қызыл кітап» туралы не білесіз?

Қазақстанның «Қызыл кітабы» бар ма?

Оған қандай жануарлар мен өсімдіктер кіретінін біліп алыңыз.

Ұлттық саябақтар

Мемлекеттік табиғи қорық қоры – қоршаған ортаның табиғи эталондары, ғылыми зерттеулерге, туризм ісіне арналған нысандар ретінде

мәдени жағынан ерекше құнды. Мемлекеттік қорғауға алынған аумақтардың жиынтығы қанша болса, елімізде сонша жер аумағы мемлекет тарапынан заңды түрде қорғауға алынған. Қорықтардың басты мақсаты – табиғи ландшафтылар эталонында тіршілік ететін өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау.

Табиғат кешендерінің даму заңдылықтарын анықтау өзекті мәселе болса, мемлекет тарапынан сондай қолдауға лайық болуы шарт. Бұл үрдістер адамның шаруашылық әрекетінен табиғатта болатын өзгерістерді болжау үшін қаншалықты қажет болса, еліміздің табиғи қорын өз қалпында сақтап қалу үшін соншалықты маңызды. Ұлттық саябақтың бірі – Ақсу-Жабағылы қорығы. Қорық 1926 жылы ұйымдастырылып, Оңтүстік Қазақстан облысының 74000 га жерін алып жатыр. Мұнда биіктігі 20 м аралығында ағаш өсімдіктері өссе, жануарлардан қарақұйрық, ақ тырнақты аю сияқты сирек аңдар кездеседі.

9.7 Мәтінге төмендегі және басқа сұрақтарды қойып, әңгімелесіңіздер.

Ұлттық саябақтарда адамдар демалыс күндері демала ма?

Ұлттық саябақтарда ғылыми зерттеулер жүргізіле ме, қандай мақсатпен?

«Қорық» және «ұлттық саябақ» ұғымдары бірдей ме?

Ұлттық саябақтарға кім қамқорлық жасауы керек?

Қазақстанның немесе Алматының қандай табиғаты көрікті жерлеріне бардыңыздыр?

Шарын каньоны, Көлсай, Үлкен Алматы, Өнші құм (Айғайқұм) атты жерлерде болдыңыз ба?

9.8 Мәтіннен мына сөздер мен тіркестерге ұқсас мағына беретін сөздерді тауып, жазыңыз.

айналадағы орта

айрықша бағалы

үкімет жағынан

жеріміздің экологиясын табиғи күйінде сақтау

фауна мен флораны қорғау

Оңтүстік Қазақстан облысының *аймағын қамтиды*

өркендеу заңдары

кезек күттірмейтін проблема

Табиғатқа өгей өндіріс

Қазақ жерінің қойнауынан алынып жатқан мол байлықтың бірі – мұнай мен газ. Қазақстан экспортындағы астық, темір, түсті металды қосып есептегендегіден оның үлес салмағы көп. Бұл сыртқы саудада қымбат тұратын, отын энергетика көздеріне басы байлаулы геосаяси байланыстарда елімізге бедел болатын өнім. Жаһандық экономикалық тоқыраулар, тоқтап қалулар сияқты аса қиын кездерде де халқымызды біраз жылдар қамсыз қыла

алатын жинақталған алтын-валюта қоры да негізінен соның қайтарым қаржысы. Тәуелсіздік алғалы бері туған жер қазыналарынан жыл сайын жүздеген мың адамға құт қоныс болатын тұрғын үйлер, таспадай тарала түскен тас жолдар, алыс шалғайларға жеткен ауыз су, газ құрбылары, электр желілері, жаңа үлгідегі мектептер мен балабақшалар, ауруханалар мен емханалар, зейнетақылар мен жәрдемақылар, жұмыс орындары түріндегі әлеуметтік қайырын ел көріп отыр.

Алайда, мұнайды өндіру мен өндеуде, ілеспе газды ауаға еркін жіберуде аса зор қауіп пен қатер де бар. Осыдан ғасырлар бұрынғы көшіп-қонып, қоныс аударып жүретін қыр қазағы Каспий маңы ойпатында тайыз қабаттардан жер бетіне шығып, төңірегін май топыраққа айналдырып жататын, жұқса майлы кірі кетпейтін, жағымсыз иісі бар екенін біліп, одан аулақ жүрген. Отын орнына жыңғыл, сексеуіл сынды қызуы қатты бұталарды шоқтатып, әбден ақ жапа болған тезекті маздатып жаққан. Мұнай әлдеқалай от алып жанар болса, оның қолқа қабар қою түтінінен, газ иісінен сол маңдағы адам түгілі мал безіп кеткен.

Осы күні әртүрлі дау-дамай айтып жүрсек те, жасыратын несі бар Қазақстан мен американдық «Шеврон» компаниясы бірлескен кәсіпорын құрылған соң ғана тұңғыықтан жер бетіне жететін, одан зауытқа енетін, одан мұнай, газ, күкірт, жеңіл фракциялар сияқты өнімдерге айырылып шығатын бүкіл тізбек сыртқы ортамен ешбір саңылау арқылы қатынаспайтын жабық жүйеге көшірілді, жүйенің өн бойына әлдебір ақауды аңғарған бойда өндірісті автоматты түрде тоқтатып тастайтын жапондық сезімтал аппараттар орнатылды. Маңайдағы «Сарықамыс», «Қаратон» қалашықтары, Кең арал, Атанақ жайлауларының малшы ауылдары жүз километрдей аулаққа, жаңа мекендерге орналастырылды.

Атырауға іргелес елді мекендерден күндері таң әлетінде кіретіндер назарына алдымен қала үстіндегі мұнартқан бозаң шалынады. Тіпті әуежай бетте бой көтерген «Болашақ» ықшамауданының тұрғындары да ертеңгілік қалаға, көз салса, тұнып тұрған түтінді көреді. Бұл қайдан шығып жатыр? Ешкім әдейілеп от қоймаған шығар. Демек, бұл қалалықтардың кейбір кәсіпорындарда түнгі мезгілде немесе технологиялық қондырғылар бойына жинақталып қалған, таң алдында тазаланбаған өндіріс қалдықтарын ауаға лақтыратындығы жөніндегі күдігін қалыңдата түседі. Мәселен, облыстық экология департаментінің басшысы Е. Қуановтың айтуынша, өткен жылғы үшінші желтоқсанда түнгі сағат үш шамасында «ПотенциалОйл» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ілеспе газды жақпастан ауаға лақтыра салған. Демек, мұнай құрамындағы қосымша қалдық тазаланбай қала үстіндегі ауаға таратылған. Мұның заңға қайшы екендігін сол кәсіпорын басшысы білді ме? Әрине, білді. Бірақ солай жасады.

Ербол Қуанов – түн жамылып ауаға лас қалдықтар шығаратын тек «Потенциалойл» компаниясы ғана емес, мұндай қылмысқа баратындар көп екендігін де жасырмайды. Демек, бір ғана кәсіпорынмен шектеліп қалуға да болмайды. Мәселен, Атырау мұнай өндеу зауытының төңірегіндегі

тұрғындарға тигізіп отырған кесепаты жөнінде бұрын да айтылатын, ал қазір тіпті жиі қозғалып жүр. Рас, кезінде бұл кәсіпорын қала сыртында салынғанымен, бүгінде қала аумағында қалған. Айналасында тұрғын үйлер де, әлеуметтік нысандар да баршылық. Солардың бәрі де зауыттан тарайтын жағымсыз иісті сезініп отыр.

Жағымсыз иіске жергілікті тұрғындардың еті үйреніп кеткендігі соншалық, тіпті назар да аудармайтын болған. Ал, бұл – өте қауіпті құбылыс. Өйткені, олардың ағзалары еш нәрсені сезбейтіндей әбден уланған болуы мүмкін. Әр жылы облыстағы кәсіпорындар тарапынан қоршаған ортаға шығарылатын зиянды қалдықтардың 85 пайызы мұнай өндіруші компаниялардың үлесінде.

Жергілікті халықты жақында қатарға қосылатын «Болашақ» зауыты да мазасыздандырып отыр. Әрине, бетін әрмен етсін, бірақ тосын жай бола қалса, кәсіпорыннан шығарылар залалды қалдық қалаға лап қойғалып тұр. Оның үстіне, мамандардың есептеуінше, биыл ғана «Болашақ» зауытынан тарайтын зиянды заттар көлемі 78 мың тоннаны құрамақшы. Ал «Болашақ» зауытында бір бәле бола қалса, ұдайы желдің жолындағы Атырау қаласының халқы қайда қашып құтылмақ?

Әрине, кәсіпорындар мен кәсіпкерлер мол пайда тапса, мемлекет қазынасына да салықтар мен түрлі төлемдер түріндегі түсім де көбейеді. Бірақ мемлекет сол қаржымен халқына денсаулық сатып ала ма?

Бұрынғы ата-бабаларымыз бүгінгі бізден гөрі қайратты, рухы қайсар болыпты. Соның бәрі мал тұқымын асылдандырылғандай сұрыптау жасалғаннан емес, жері таза, ауасы мен суы тұнық табиғаттан дарыған қасиеттер. Біртіндеп әлжуаз, аурушаң, дорбалап дәрі ұстап жүретін адамдардың еліне айналмасымызға не кепіл? Міне, бұл бүгін болмаса да, алдымызда тұруы мүмкін мәселе.

(«Қазақ әдебиеті» №35, 2013 ж., М.Сүмесінов, Ә. Қайыров мақаласынан қысқартылып алынды)

9.9 Мәтінді абзацқа бөліп оқып, әр абзацқа ат беріңіз. Әр абзацтың мазмұнын айтып беріңіз.

9.10 Экология терминдерін жазып алыңыз.

9.11 Мәтіннен сын есімдерді жазып алыңыз. Оларды екі топқа бөліп жазыңыз, шырайларға қойыңыз.

Сапалық сын есімдер

лас (ластау, ең лас)

Қатыстық сын есімдер

қауіпті (өте қауіпті)

9.12 Ә бағанынан А бағанындағы сөздердің баламаларын табыңыз.

А	Ә
бізден гөрі бойы қайратты, рухы қайсар	айналасын ластайтын
әлжуаз, аурушаң, дорбалап дәрі ұстап жүретін	табиғаты таза
салықтар, түрлі төлемдер мен түсімдер	Атырау жанындағы мекендер
бұрынғы көшіп-қонып, қоныс аударып жүретін қыр қазағы	адамдардың көзіне боз тұман шалынады
жері таза, ауасы мен суы тұнық	денсаулығы нашар
Атырауға іргелес елді мекендер	әлеуметтік нысандар
төңірегін май топыраққа айналдырып жататын	дені сау
адамдардың назарына алдымен қала үстіндегі мұнартқан бозаң шалынады	табыс
мектептер мен балабақшалар, ауруханалар мен емханалар	көшпенді ата-бабамыз

9.13 Сөздердің глоссарийін жазыңыз:

Экспорт –

Ақау -

Алтын-валюта қоры –

Экономикалық тоқырау –

Отын-энергетика көзі –

Жәрдемақы -

Ілеспе газ -

Әлеуметтік нысан –

Ақсу-Жабағылы

Ақсу-Жабағылы – Қазақстан жерінде 1926 жылы ең алғаш ашылған қорық. Ол Батыс Тянь-Шань тау жоталары, Талас Алатауы мен Өгей тауларының табиғатын қорғау мақсатымен ұйымдастырылды. Мұнда ең ірі Ақсу өзені, одан екі еседей кіші Жабағылы өзендері ағады. Бұл қорық – сан алуан өсімдіктер мен түрлі жануарлардың өсіп дамуына қолайлы мекен. Қорықта құстардан дала бүркіті мен қарақұсты, кекілік, шіл, бөденелерді кездестірсек, биік таулы аймақтарды мекендейтін сақалтай, қозықұмай, жыланжегіш, лашынды атауға болады. Құс қайту, келу кездерінде бұл жердегі құстар саны көбейеді. Ал көкқұс пен ұлар, жануарлардан барыс, сілеусін, қоңыр аю, арқар, көксуыр Қазақстанның «Қызыл кітабына» тіркелген. Сонымен қатар елік, таутекелер, жабайы шошқа, ақкіс, т.б. жануарларды да бақылауға алынып, қорғалады. (Қазақстан қорықтары)

9.14 Сұрақтарға жауап беріп, тапсырмаларды орындаңыз.

Мәтіндегі құстар мен жануарлардың аттарын орысшаға аударыңыз
Ақсу-Жабағылы қорығы Қазақстанның қандай аймағында орналасқан?
Аталған жануарлардың қайсыларын көрдіңіз?

Қорықтағы барлық жануарлар мен өсімдіктер «Қызыл кітапқа»
тіркелген бе?

Құс қайту, келу кездері деген қандай жыл мезгілдері?

9.15 Артық сөздерді көрсетіңіз:

лас ауа	мұнай	өңдеу	аю
тәтті тағам	газ	өндіру	сілеусін
зиянды қалдықтар	күкірт	жазу	бөдене
улы заттар	жент	өңдеу	марал

9.16 Көп нүктенің орнына жақшадағы сұрақтарға жауап болатын
қосымшаларды жалғап, мәтінді оқыңыз.

Құс қалдығынан – мұнай

Органикалық қоқыстарды оттегінің қатысынсыз қолданған кез... (қашан)
олар жанудың орнына көмірсутегі... (неге) ыдырайды екен. Алынған зат
табиғи мұнай... (неге) өте жақын көрінеді. Осы технологияны меңгерген
АҚШ-тың Changing World Technologies компаниясы жасанды мұнай жасау
өндіріс... (нені) қолға алып отыр. Жаңа тауар... (ненің) шикізаты ретінде
құстарды өңдейтін мекемелер... (қайдан) шыққан қалдықтар пайдаланылады.
Компания бүгіндері күніне 200 тонна... (қаншаға) дейін құстардың қанаттары
мен сүйектерін, еттерінің қалдықтар... (нені) жер астында жатқан табиғи «қара
алтын...» (неден) кем түспейтін мұнайға айналдырып келеді. Бірақ әзірге
оның құны табиғи шикізат... (неден) қымбаттау. («Зерде» журналынан)

9.17 Сұрақтар төңірегінде өз ойларыңызды айтыңыздар.

Мәтіннің экология тақырыбына қатысы бар ма?

Мұнайды жерден қазып туған жердің ауасын, суын бұзғанша, осындай
әдісті неге қолданбаймыз?

Бұл қабылдауға тұрарлық идея ма?

Ғылым мен технология жаңалықтары.

Өлеңге лайық шаңсорғыш

Осыдан бір ғасыр бұрын болғанда ақындар «иесі жоқ көк жәшік»
жайлы өлең жазар ма еді, кім білсін. Ал бүгінгі ақындарды жаңа техниканың
жетістіктері таңғалдыра қоймайды. Олай дейтініміз, таяуда LG компаниясы

шаңсорғыштың жетілген түрін жарыққа шығарды. ROBOKING деген тұрмыстық техниканың соңғы үлгісі өзінің жұмыс процесіне адамның араласуын қажет етпейді деуге болады. Аппарат алдын ала жасалған бағдарлама бойынша және қашықтан басқару арқылы тазалау жұмыстарын атқарады. Жаңа шаңсорғыш «негізгі», «тез», «тыныш» тәртіптермен тапсырмаларды орындайды. Пәтер ішінде ROBOKING өздігінен қозғалады және аккумулятордағы зарядты да өзгенің көмегінсіз толтыра алады. («Зерде» журналынан)

9.17 Сөйлемдердегі бөлінген сөздерге сұрақ қойыңыз.

Пәтер ішінде ROBOKING өздігінен қозғалады.

Аппарат тазалау жұмыстарын қашықтан басқару арқылы атқарады.

Жаңа шаңсорғыш «негізгі», «тез», «тыныш» тәртіптермен

тапсырмаларды орындайды.

LG компаниясы шаңсорғыштың жетілген түрін жарыққа шығарды.

Ақындар «иесі жоқ көк жәшік» жайлы өлең жазар еді.

10 Қазақ кино және театр өнері

10.1 Грамматикаңызды тексеріңіз.

Көмекші етістіктердің тиістілерін сәйкес формада қойып, сөйлемдерді толықтырыңыз: бер, жібер, ал, тұр, жазда

1. Айтып ... М. Әуезов драма театрына қалай баруға болады?

2. Сізге айтуға ұмытып ..., ертең сағат екіде жиналыс болады, сонда болуымыз керек.

3. Отыра ..., рақмет, мен келесі аялдамадан түсемін.

4. Менің мекенжайымды жазып

5. Маған телефон нөміріңізді жазып

6. Асқар, сен бара ..., мен қазір келемін.

7. Осында күте ..., бастық қазір келіп, сізді қабылдайды.

8. Мен сені театрдың алдында күтіп ... , кешікпей кел.

9. Мен билет ала ..., сен асықпай кел.

10. Оның сөзіне күліп жібере

10.2 Сұрақтарды бір-біріңізге қойып, әңгімелесіңіздер.

Театрға барасың ба?

Қандай театрларды ұнатасың?

Қандай спектакльдер ерекше ұнайды?

Қандай артистердің ойнағаны ұнайды?

Театрдың қандай бөлігін ұнатасың?

Қазақ киносының қандай туындылары ұнайды?

Кинотеатрға жиі барасың ба?

Көбінесе қандай кинотеатрларға барасың?

Жаңа фильмдерді асыға күтіп, экранға шыға салысымен көруге тырысасың ба, әлде асықпай кейіннен көресің бе?

Фильмдерді кинотеатрдан көруді ұнатасың ба, әлде үйде көргенді дұрыс көресің бе?

Қандай жанрда түсірілген фильмдерді ұнатасың?

Қазақфильм туындыларын көрдің бе?

Оларды атай аласың ба?

Қазақ киносының соңғы кезде шыққан өзіңе ұнайтын туындысы қандай?

Әлемдік кинематографтың қандай өнімдері ұнайды?

Кино өндірісінде қазір қандай жаңалықтар болып жатыр?

Жаңа технологияларды пайдаланып жасалған кинозалдарға барасың ба?

10.3 Әңгімеңізде мына сөздерді пайдалансаңыз болады:

Жиі барамын, партерге билет алуға тырысамын, ... ойыны қатты ұнайды, шынайы ойнай алады, қазақ драма театры, «Абай», «Турандот ханшайым», «Қаралы сұлу», «Күйеуіңізді сатыңызшы», «Ромео мен Джульетта», «Сыған серенадасы», «Үміт үзгім келмейді», «Сұлтан Бейбарыс» спектакльдерін көрдім, жасөспірімдер театрына, орыс драма театрына, опера және балет театрына барамын, кинотеатрлардың бәрінде болдым, жаңа фильмді көруге асықпаймын, біраз уақыт өткенде арзан бағамен көремін, мүмкін болса, кинотеатрдан көруге тырысамын, фильмнен алатын әсерің мүлде басқаша, Голливуд фильмдерін қатты ұнатамын, экшн, қиял-ғажайып, детектив, мелодрама, комедия жанрында түсірілген фильмдер ұнайды, сүйікті артистерім ..., 3D, I-MAX технологиясы бар залдарда болдым.

Қазақ театрының тарихы

Қазақ театр өнерінің өзіндік сипаты халқымыздың ежелден келе жатқан тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпына негізделген. Үйлену салтымен, нәрестенің дүниеге келу шілдеhana тойымен байланысты өтетін ойын-сауықтың толып жатқан түрлері, ақындар айтысы т.б. дәстүрлеріміз театр өнерінің алғашқы көріністері болды.

Кейін халқымыздың талант иелері жер-жерде шағын труппалар құрып, ел аралап, жәрмеңкелерде өнер көрсеткен. Кейіннен осы өнер иелерінің бастауымен қазақтың алғашқы кәсіптік ұлттық драма театры 1925 жылдың аяғында Қызылорда қаласында ұйымдастырылды. Театр шымылдығы 1926 жылы 13 ақпанда М.Әуезовтың "Еңлік - Кебек" трагедиясымен ашылды.

Театр алғаш рет құрылған жылы онда Иса Байзақов, Әміре Қашаубаев, Қалибек Қуанышбаев, Елебек Өмірзақов, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин, Қапан Бадыров, Құрманбек Жандарбеков, Қанабек Байсейітов сияқты өнер тарландары қызмет етті. Олар театр тарихына өшпес із қалдырды. 1934 жылы қазақ драма театрының құрылуына негіз болды.

Бұл күнде облыс орталықтарының бәрінде дерлік драма театрлары ашылды. Осыларға қазақтың ұлттық драма театры ақыл-кеңес беріп, олардың

қаз тұрып кетуіне қамқорлық жасап отырады. Қазақ драма театрының сахнасында қойылған "Қозы Көрпеш - Баян сұлу", "Ақан сері - Ақтоқты", "Еңлік - Кебек", "Ана - Жер-ана" спектакльдері театр сахнасынан түспей келе жатыр. Соңғы жылдары театр репертуары байи түсті.

10.4 <http://auezov-teatr.kz/> сайтынан актерлармен «Өнернама» атты сұхбаттарды тыңдату.

10.5 Фильмнен үзінділерді орындаңыздар.

Менің атым Қожа фильмінен үзінділер.

1. Құлағыңды, құлағыңды, балам. Кәне, асықпай тағы бір шайыншы.

- Кәнеки, дұрыс жарайсың!

- Болды, әже!

2. Қыздар айнаға қарап сыланған сайын, өздеріне өздері сұлу көрініп мез болады дейді. Ал мен ше? Түрім болса - мынау. Тым болмаса, атымды да келістіріп қоя алмапты. Менің атым – Қожа.

- Қожа! Екі әрпін өзгертсең, көже болып шығады. Кәдімгі қойыртпақ қара көже. Сонда мен көже болғаным ба? Егер мазақ қылатын балалар болса, әкесін танытамын.

- Қожа, сен әлі кетпегенсің бе? Балам-ау ертең мектепке бармайсың ба? Кітапсыз қалып қойып жүрме.

- Кеттім, әжетай.

3. Әй, Қара көже! Сақ бол!

- Тағы да қыстырылдың ба, салпақ құлақ Жантас? Шекенді шодырайтып жіберейін. А, неғып батырсып тұр десем, қасында Жанар тұр екен ғой. Ал онда тәсілді өзгерте қояйық.

4. Қайда бара жатыр екен, сұрашы.

- Қожа, қайда бара жатырсың?

- Мөншаға кірін кетіруге.

- Оқулық алғанбысың?

- Иә.

- Көрейінші.

- Қолыңды жуып кел.

Қожа Жантасты бір ұрып жығады.

- Бұл қай сотқарлығың? Көрерсің, бәлем, директорға айтамын.

5. *Дүкеннің қасындағы әңгіме*

- Таусылып қалар дейсің бе? Дәптер бар ма екен? Алып жатыр ғой.

- Екі-екіден кіре беріңдер. Тағы біреу. Кіре бер. Сен қайда барасың?

Мына жұрт кезек күтіп тұр ғой.

- Жол беріңдерші, өтіп кетейін.

- Кезекке тұр.

- Мен қант аламын.

- Шын ба?
- Саған не керек?
- Жарты келі қант аламын.
- 39 тиын.
- Үнді шайы бар ма екен?
- Бар.
- Тұра тұрыңдаршы. Саған не керек? Мә, мә. Шуламаңдар, балалар, бәрің аласыңдар, бәріңе де беремін. Мә, майдаңды ал.
- Ал саған не керек?
- Қант алғышым! Қай класта оқисың өзің?
- 13-ші класта.
- Бесіншіде оқиды.
- Бесіншіде ме? Аты-жөнің кім?
- Чингачкук.
- Олай болса, Чингачкук, мен сенің жаңа класс жетекшің боламын, ұқтың ба? Ал енді бара бер.

6. *Қожа үйіне келеді. Далада байлаулы тұрған атты көреді.*

- Жалмауыз. Өртеніп кет, иеңмен бірге.
- Қалай болған күнде де ауыспалы қызыл туды (flag) біз жеңіп аламыз.
- Үйде қонақ отыр, қарағым, кірме!
- Қожатай, сәлемің қайда?
- Сәлемет боларсыз?
- Саған не болған?
- Ештеме.
- Мінезі-ай әкесінен аумайды.
- Кітаптарың түгелденді ме?
- Түгел.
- Қалеке, шөп шабу қашан бітеді? Тым ұзап кетті ғой.
- Асыққанмен бола ма, Миллатжан. Уақыты келгенде бітер.
- Қиын екен.
- Жалғыздылық әйелге оңай емес, Миллатжан. Ер азаматтың керегі осындайда ғой.

Грамматика. Себеп-салдарлық конструкциялар:

- *ғаннан, -геннен, -қаннан, -кеннен*

Ол қатты ұялғаннан жерге кіре жаздады.

- *ғандықтан, -гендіктен, -қандықтан, -кендіктен*

Ол қатты ұялғандықтан жерге кіре жаздады.

- *ған, -ген, -қан, -кен себепті*

Ол қатты ұялған себепті жерге кіре жаздады.

Ол қатты ұялды, сондықтан жерге кіре жаздады.

Ол жерге кіре жаздады, өйткені қатты ұялды.

-а, -е, -на, -не

Мен емтиханды жақсы тапсырғанымға қуандым.

Мен сізбен танысқанымға қуаныштымын.

Ол телефонын жоғалтқанына қатты өкінді.

соң

Сен келмеген соң, өзім келдім. Кітапханадан керек кітабымды тапқан соң кетіп қалдым.

бола

Саған бола келдім.

үшін

Маған көмектескенің үшін рахмет.

арқасында

Сенің арқанда адам болдым.

Жақсы оқығанымның арқасында сесияны жақсы тапсырдым.

кесірінен

Жалқаулығымның кесірінен жазғы семестрге қалдым.

10.6 Сөйлемдерді оқып, себеп-салдарлық қатынастың берілуіне назар аударыңыз, өзіңіз ұқсас сөйлемдер құрастырыңыз.

Бөлім бастығы қабылдағандықтан, бұл мәселе бүгін шешілді.

Бөлім бастығы қабылдады, сондықтан бұл мәселе бүгін шешілді.

Мәселе бүгін шешілді, өйткені бөлім бастығы тез қабылдады.

Өз тапқырлығымға өзім риза болдым.

Ол Ұлпанның сыйлығына қуанып кетті.

Суықтан тоңа бастадық.

Жаңбырдан жер көгереді, батадан ел көгереді (Мақал).

Досымды адалдығы үшін қадірлеймін.

Сен келмеген соң өзім іздеп келдім.

Қорыққаннан селт ете қалды.

Жер қардан аппақ.

Сол әннен рахат тапты.

Әнді естіп, рахат тапты.

Отбасы жағдайына байланысты кезексіз демалыс берілсін.

Сіздің өтінішіңіз бойынша келіп отырмын.

10.7 Екі бағандағы сөздерді сәйкестендіріңіз.

Себеп

Салдар

Ұял

төмен қара, күлімсіре

Әлібек амалсыз	тоқта
Кешке бара алма	өкін
Оның науқасқа душар бол	бәрі қайғыр
Оның мінезін біл	оған қарсы келме
Сен күл	жауың ашулан
Інісінің ұятсыздығы	таңғал
Қуанышты хабар есті	қатты толқы
Сізбен таныс	қуанышты
Еріксіз	күл
Көп жұмыс жаса (арқасында)	үлкен табыстарға жет

Ғылым мен технология жаңалықтары.

10.8 Мәтінді тиісті сөздермен толықтырып оқыңыз.

келеді
емес
қарапайым
көрсетті
келешекте
асырылады
университетінің

Сумен жұмыс істейтін компьютер

Болашақ – биологиялық технологиялардың еншісінде. _____ техникалық құралдардың жұмыс принциптері ауа мен судың қасиеттеріне арқа сүйейтінін уақыт ағымы айғақтап _____. Жақында Массачусетс технологиялық _____ (АҚШ) студенттері сумен жұмыс істейтін компьютердің үлгісін _____. Ол компьютердің алгоритмдік процестері электрондардың қозғалысымен _____, судың ағысымен жүзеге _____. Су компьютері әзірге _____ есептер мен логикалық операцияларды орындай алады. («Зерде» журналынан)

10.9 Мәтінді оқыңыз.

Жарық жолында жаңа планета

Жерден 5600 жарық жылдық қашықтықта, Сарышаян шоқжұлдызында, Британиялық Колумбия (Канада) университетінің астрономдары жаралғанына 13 млрд жыл болған көне планетаны тапты. Ол біздің жер шарымыздан 8,5 млрд жыл бұрын пайда болған екен. Мафусаил деп аталған планета Юпитерден екі есе үлкен және сөніп болған қосарланған жұлдыздың маңайында айналатын болып шықты. Бұл табылым планеталардың үлкен жарылыстан миллиард жылдан кейін пайда бола бастағанына болжам жасайды.

10.10 Мәтінді керекті қосымшалармен толықтырып оқыңыз.

Алманың піскенін анықтайтын қолғап

Жеміс... піскен кезінде жұлудың пайдасы оның толық жетілмеген кезінде жинаған... жоғары. Жеміс ағашындағы мәуелердің бір мезгіл... пісіп жетіле қоймайтыны белгілі. Жемістер... сақтау барысында орын алатын бұзылулар..... бірден-бір себебі - піспеген мәуелер. Осындай жағдайлар... назар аударған Монпельдегі (Франция) Ауыл шаруашылығын механикаландыру орталығы мамандары жемісті жұлмай жатып оның піскен... анықтайтын қолғап жасады. Қолғап... инфрақызыл белгі бергіштері алманың жұмсағы... жиналған қанттың мөлшерін анықтап береді. Ол үшін қолғап киілген қол... алманы жай ғана ұстау жеткілікті, индикатор тиісті нәтиже... көрсетеді. Сондай-ақ, осы қолғап... базардағы жемістердің де сапа... білуге болады. («Зерде» журналынан)

10.11 Үш мақалада жазылған жаңалықтарды талқылаңыздар.

Қосымша оқуға арналған материалдар.

Махаббат романстары

Аядай кабинет. Ішіндегі бес адам компьютерлеріне шұқшыып алып, әлденені тарсылдатып басып отырады. Әйтеуір, жұмыс жүріп жатыр. Ешкім ешкімді мазаламайды, артық әңгіме жоқ. Осы бір іш пыстырарлық (өзіне солай көрінеді) төрт жігіттің ортасында жалғыз қыз Жанар өзіне тым жақсы ермек тауып алды. Күн ұзақ есеп-қисаптан шаршаса электронды поштасын ашып, танысу сайтына кіреді. Мұнда біраз таныстары да кездесіп жатады. Сондықтан ол өзіне лақап ат тапты. Жан. Өз есімінен гөрі бұл соңғы үлгідегідей мықты болып көрінгендіктен болар, Жанар образға мықтап енді. Тек студент кездегі суретін қоюды дұрыс көрді. Дегенмен жас көрінбек.

Таңдау деп осыны айт. Қай ұлт керек, шет елдің түкпір-түкпірінен танысқың келе ме, қай жастағысы керек? Бәрі оп-оңай. Жапон жігітпен сөйлескің келсе орысша сәлемінді жаз, сол минутта-ақ аудармасымен оған жетіп барады. Қыз-жігіттер туралы анкетасының өзі оның бос уақытта итпен қыдыратынына дейін мәлімет береді. Суретін қоя ма жоқ па, ол өз еркінде. Тек компьютерің мен интернетің болса жетеді. Қиындықсыз тіркелесің. Міне, жаңа заманның кереметі. Өз қаласының, тіпті елінің жігіттерімен танысуды олқы санаған Жанар-Жан Австралияның Мельбурн қаласында тұратын қазақ жігітімен әңгіме өрбітіп жүр. Көк теңіздің ортасындағы жасыл мекеннен дәм-тұз бұйырып, өмірімді сол жерде өткізермін деген дәмесі де жоқ емес. Австралиялық Ромеоның (осылай тіркелген) бұлыңғыр суретінен әлдебір таныс бейнені көргендей болады. Бірақ қазаққа қазақ ұқсай береді де деп

қойды. Ромео бұны Джулетта қылуға мықтап бел байлағандай сыңай танытты. Қазақстанда туып-өскен жігіт әкесінің қызметіне байланысты отбасымен көшкендіктерін айтып, қайда тұрса да тек қазақтан жар алатынын айтып сендірді. Кездесу сәтін күтіп қыз жүрді. Жаңа жылға бір ай қалғанда жігіт арнайы қызды көру үшін елге баратынын айтты. Қуанышы қойнына сыймаған Жанар-Жан жүрегі лүпілдеп жүріп, шетелдегі жігіті туралы ата-анасына, достарына айтып та қойған еді. Көптен күткен сәт те жетті. Жанар-Жан орталық драма театрдың алдында сүйіктісін күтіп тұрды. Көп уақыт өтпей-ақ артынан келе жатқан адамды тұла бойымен сезді. Бұл сол болуы мүмкін. Шынында бұл соның өзі еді. Қыздың көзін жұмды. Қыз наздана еркелікпен жігітке бұрылғанда екеуі де сілейді де қалды. Танданыс па әлде өкініш пе екеуінің де жүзін шарпып өткендей. Дәл осы бірнеше секундтың ішінде екеуі де бір ойды ойлап үлгергені анық. Бұл шынымен сол ма? Сілейген үнсіздікті Жанар бұзды. Алдында ұяттан жарылардай болып тұрған күнде бір кабинетте өзіне қарама-қарсы отыратын бәкене бойлы, бұжыр бет, көп сөйлемейтін әріптесі Мақсатқа қарап тоқтамай күле берді.

(Гүлнұр Ембердиева <http://kultobe.kz> сайтынан алынды)

Қабырға

Бір ауруханада екі қарт жатыпты, Екеуінің науқастары бір болғандықтан бір бөлмеге жайғастырылыпты. Тек бірі терезенің жанында, екіншісі есіктің дәл қасында жатады екен. Терезе жанындағы қарт күн сайын есік тұсындағы қарияға сырттағы тыныс-тіршілік туралы айтып отыратын: — «Бүгін теңіз бір қалыпты. Аздап жел соғып тұр ғой деймін. Өйткені ана ұзақтағы кеменің желкені желбіреп тұр. Теңіз жағалауында шағалалар ұшып жүр».

Осылайша күндер өте береді. Күндердің бірінде әлгі терезе жанындағы ақсақалдың жүрегі ұстап нашарлап қалады. Әдетте, бөлмедегі қоңырау түймесін баса қалса дәрігерер жетіп келетін. Ал бүгін қасындағы қарт дәрігерді шақыртатын түймені баспады. Өйткені терезеден дүниені өзі көре алмай, тек көршісін тыңдаумен ғана шектеліп жататын. Сол есіне түсті ме, шайтанның сөзіне еріп, қоңыраудың түймесін басуға құнт таныта қоймады. Осылайша, ол досын жазықсыздан жазықсыз өлімге қиды да жіберді. Келесі күні дәрігерлер есіктегі кісіні терезе жанындағы босаған орынға ауыстыратын болды. Осы күнге дейін тыңдауды ғана місе тұтқан адамның қуанышы қойнына сыймады. Енді табиғаттың сан қырлы нақыштарын өз көзімен көріп жататын болды. Орнына жайғаса салып, басын көтеріп терезеге асыға мойнын созып еді. Арғы жақта қара қабырғадан басқа еш нәрсе көрінбеді. (<http://kerekinfo.kz/> сайтынан алынды)

Мамандық таңдау – өмірлік маңызды мәселе

Егер сен бала кезіңнен дәрігер немесе инженер болғың келсе және осы уақытқа дейін өз таңдауыңның дұрыстығына күмәнданбасаң – сен. Анаң және апаң не айтса да, химия және биология бойынша оқулықтарға қызығушылық танытасың немесе «жас физик» үйірмесіне барасың және мектеп бітірген соң не істейтініңді жақсы білесің.

Егер осылай болса, онда сен бақыттысың. Өйткені соңғы қоңырау соғылған кезде көптеген балаларда «кім боламын», қайда оқуға түскім келеді және жалпы оқу орынына барғым келе ме деген мәселелер шешілмеген.

Мамандықты таңдау мәселесінің мазалауы өте жақсы - бұл сенің әлеуметтік және психологиялық кемелденгеніңді білдіреді. Егер саған бәрібір болса, ең жаманы сол: ата-анаң қолыңнан жетелеп заңгерлік институтқа апарды (өйткені саған тарих «ұнайтын сияқты»), содан соң саған қағаздармен жұмыс істеу және адамдармен қарым-қатынас жасау ұнамайтындығы анықталады.

Кәсіби өз тағдырын өзі шешудің қиыншылықтары балалардың екі бөлімде пайда болады. Біріншілері осы өмірде әлі қызықты еш нәрсе тапқан жоқ. Мұғалімдері мұндай балаларда қандай да бір пәнге деген қызығушылық тудыра алмаған, ал таланттары жерге көмілген. Мұндай балалар жақсы оқи алады, бірақ ештеңеге әуестіктері жоқ, олардың өмірі зеріккен немесе бір сарынды. Міне, сондықтан немен айналысатындығын анықтай алмайды, өйткені өмірде оларды ешнәрсе өзіне ерекше еліктіре алмайды.

Неден таңдау жасайды? Әдетте, олар оқуда және белсенділіктің формалары, мамандықтар әлеміндегі бағдары нашар балалар. Балалардың екінші категориясы оқуда да және белсенділіктің басқа формаларында да өте белсенді. Оларға барлығы қызықты, бір уақытта үш үйірмеге, бес факультативке және он спорттық секцияға қатысады. Олардың қолынан бәрі келеді. Егер адам талантты болса, онда барлығында талантты дегендей. Қолына не алса да, барлығында табысқа жетеді. Бірақ... ол да өзіне не ұнайтынын, өз өмірін немен байланыстыратынын анықтай алмайды. *Өзіңді қалай тануға болады?* Психологтардың есептеуінше, мамандықты таңдауда адамның психологиялық ерекшеліктері мен мамандықтың сәйкесінше сипаттамалары сай келуі керек. Мамандық *қызықты* болуы тиіс. Егер саған өсімдіктер, жануарлар ұнаса, онда өз кәсіби іс-әрекетінде тірі табиғат объектілерімен кездесу сен үшін қызықты болады. Егер сен техниканы ұнатсаң – онда оған деген қызығушылық инженер – конструктор немесе физик-теоретик іс-әрекеттерінде қолдау табады.

Кез келген мамандық адамда «кәсіби маңызды сапалар» деп аталатын сапаларды талап етеді, мысалы, корректорға зейінділік, суретшіге – бейнелік ойлау және т.б. Сондықтан, қандай да бір мамандықты таңдай отырып, сенде кәсіби маңызды сапаларға сәйкес *қабілеттер* бар ма екендігін ұғыну қажет. Мамандықты таңдауда күмәнділік жағдайында, сенің қабілеттерің толығымен

жүзеге асатын болса, бұл іс-әрекетте үлкен жетістіктерге қол жеткізесің.

Жүзеге асыратын мамандық типі сенің тұлғалық, мінездік типіңмен сәйкес келуі керек. Егер сен қарым-қатынасқа жоғары деңгейде түсе алатын болсаң, онда саған көптеген қарым-қатынастар орнатумен байланысты мамандық таңдау қажет. Егер эмоционалды тұрақты емес болсаң, онда сен ұзақ уақыттық зейін шоғырланушылығын талап ететін, бір сарынды іс-әрекеттермен шұғылдана алмайсың.

Сонымен, мамандықты таңдау үшін, ең алдымен өзіңді тануың қажет. Сен өзіңе «*Мен қандаймын?*», «*Осы әлемде мен кіммін?*», «*Немен өмір сүремін?*» деген сұрақтарды жиі қоятын шығарсың. Өзіңді жақсы тануға және бұл сұрақтардың бір бөлігіне жауап беруге (бұл сұрақтарға толығымен ешқашан жауап бере алмайсың) қарапайым жаттығу көмектеседі: өзіңе басқа адамның көзқарасымен қара. Өзің жақсы білетін нақты адамның, мысалы, досыңның, партада бірге отыратын көршіңнің, анаңның немесе сүйікті қызыңның көзқарасымен. Өз қылықтарыңды басқа адам шынайы мотивтерін білмей қалай түсіндіре алса, сондай етіп түсіндіруге тырыс. Сені басқа адамдар қалай көретінін түсінесің, бірақ екінші жағынан, субъективизмнен айырыласың, өйткені өз кемшіліктерін көру адам үшін өте ауыр. Сенің мінезің әлі қалыптасуда, сондықтан өзіңе ярлық жапсыруға және артист мамандығынан сен өзіңді «*ұялшақпын*» деп есептеуіңе байланысты бас тартуыңа болмайды. *Күрес, өзіңмен жұмыс жаса, өзіңді таны.*

Адамның психикалық қасиеттері (қабілеттер, қызығушылықтар немесе мінез сипаттары) өте майыспалы, өзгергіш сапалар екенін естен шығарма. Музыкаға деген қабілеттері жоқ, бірақ онымен айналысуға тілектері өте жоғары адамдарда, музыкалық естуді дамыта алғандықтары жайлы жағдайлар өте көп. Ең бастысы-қызығушылық; қабілеттер іс-әрекет барысында қалыптасатындығын есте сақта. Еңбектенуге, жұмыс істеуге дағдылан. Жалғыз қабілеттермен алысқа бармайсың. Екінші жағынан, қызығушылық – тұрақты зат емес. Көптеген балалар қандай да бір оқу пәнін жақсы көреміз деп ойлайды, бірақ шын мәнінде оларға мұғалім өте ұнайды. Сонымен бірге саған психология немесе экономика пәндерінің ұнайтындығын түсіну қиын, өйткені бұл пәндерді мектеп қабырғасында оқытпайды....

Мамандық таңдауда қателік жасамас үшін мамандықтар әлеміне деген қатынас шеңберін кеңейту керек. Ересектерге олардың кәсіби іс-әрекеттері жайлы сұрақтар қойындар - әдетте, адамдар өздерінің нақты жұмыстары және студенттік өмірлері жайлы үлкен тілекпен айтып береді. Сол кезде сен бұл аймақ саған қызықты ма, әлде сен өз құжаттарыңды тапсырғалы отырған мамандықтың тек атын ғана білетіндігіңді саналы шеше аласың.... Сонымен, өз қабілеттеріңді, қызығушылықтарыңды және тұлғалық сипаттарыңды біле отырып, енді сен мамандықты емес, жоғары оқу орынын немесе факультетті таңдайсың. Сені қызықтыратын іс-әрекет түріне қандай мамандықтар және маманданулар сәйкес келетінін анықта.

Бұл тек бір жақты сәйкес келулер емес (мысалы, жаңа бағдарламалар жасау үшін, «Информатика» мамандығын алу қажет). Шешім қабылдау

психологиялық емес көптеген факторларға негізделуі керек: университеттің беделі және сайыс, достардың, ата-ананың пікірлері, оқу ақысы.

Қағазға ерінбей әрбір нұсқаның оң және теріс жақтарын тізіп жазып шық. Алынған мәліметтерді достарыңмен және туыстарыңмен талда. Ең соңғы таңдау тек өзінде, өйткені мамандықты таңдай отырып, тағдырыңды таңдайтыныңды ешқашан естен шығарма. Мамандық қанағаттанушылық әкелуі (тек оң эмоциялар) және сенің (қоғамға пайдалы) мүмкіндіктеріңнің толықтай жүзеге асуын қамтамасыз етуі тиіс (<http://www.vkgu.kz> сайтынан алынды)

Ғылым мен технология туралы.

Нағыз ғылым дегеніміз – ғалам мен ондағы құбылыстардың астарына үңіліп, шынайы мәнін ұғыну және оның арқасындағы Ұлы Құдіреттің мұратын сезіну. Табиғатты өзіне бағындырарлықтай мүмкіндікте жаратылған адам баласы ғаламды танып-білуге, білгендерін көкейінде түюге тиісті. Көңілге түйіп, көкейге тоқығандары арқылы табиғатты құрық атып бас білдірген тайыншадай дегеніне көндіріп, ықпал жасаудың жолдарын қарастырады. Бұл табиғаттың адамға аманат етілуі, ал адамның Жаратушының әмірлеріне мойынсұнып, құл екенін сезінуі дегенге саяды. Қазіргі жағдайға ой жүгіртсек, физика, химия, астрономия, медицина, т.б. ғылым салалары уақыт озған сайын адам баласының игілігі үшін түрлі жетістіктерін алға тартуда. Осыған қарап ғылым мен технология адам баласының игілігі үшін екендігін пайымдаймыз. Бұдан үрейленіп қорқудың да жөні жоқ. Басқа келер қатерді ғылым-білімнен немесе ғылым-біліммен қаруланған дүниеден іздеу бос әурешілік, нағыз қатер надандықта, санасыздықта және жауапкершіліктен жалтарған табансыздықта. Кейде ғылым-білімге сүйеніп, он ойланып, тоғыз толғанған іс-әрекеттеріміздің өзі оңды нәтиже бермей жататындығы белгілі. Бұған түсіністікпен қараған жөн. Ал бірақ білімсіздіктің, жоспарсыздықтың әрдайым тұйыққа тірейтіндігін ұмытпау қажет. Сондықтан да ғылым мен технологияның жетістіктеріне қол сілтеп теріс айналудың орнына оны адамзат игілігі үшін қолданудың жолдарын іздеген жөн. Бұл бүгінгі таңда адамзаттың ең үлкен мәселесі болып отыр. Әйтпесе, ғылымды тек ядролық бомба жасау мен табиғатты тағылықпен ойрандау деп түсінетін сана-сезімнен құтылуымыз неғайбыл. Ендеше, алдымызда бір ғана таңдау түр: ғылым мен технологияны, оның жетістіктерін теріс мақсатта қолданып, адамзатты орны толмас қасіретке ұрындырғандардың тар шеңгелінен босату қажет. Осылайша, ғылым мен технологияның қуатын пайдаланып, екі дүние бақытын қатар көздейтін жасампаз жана көзқарас қалыптастыру керек. Әйтпесе, қол қусырып қарап отырып, өндіріс машиналары мен зауыт-фабрикаларға лағынет айтудың ешбір мәні жоқ. Өндіріс машиналары да, зауыт-фабрикалар да қажет. Бізге рухани құндылықтар мен ғылым-білімді қос қанат қылып, жүрек пен ақылды бір

арнада тоғыстырған ізгілік жаршыларының үрей мен үмітсіздіктен бойын арылтқаны керек. Әйтпесе, жүгі ауыр жауапты іске бел буып кіріскенге дейін адамзат ғылымды теріс мақсатта қолданудан туындайтын қасіреттен құтылмасы анық. (Фетхуллах Гүлен. <http://kz.fgulen.com> сайтынан алынды)

Майкл Фарадей (1791 – 1867)

Фарадей, Майкл ағылшын физигі, 1791 жылы 22 қыркүйекте Лондон маңында шебердің отбасында дүниеге келген. Г. Дэвидің қамқорлығының арқасында Корольдік ассоциациясына ассистент қызметіне алынды. 1821 жылы ол магниттің тоқтағы өткізгіш бойымен айналатынын және тоқтағы өткізгіштің магнит бойымен айналатынын бақылап, электр қозғағыштың алғашқы моделін жасады. 1831 жылы барлық тұрақты және айнымалы ток генераторларының жұмысы негізделген – электромагниттік индукцияны ашты. 1824 жылы Фарадей Корольдік қоғамының мүшесі болып сайланды, ал 1825 жылы Корольдік ассоциация зертханасының (лабораториясының) директоры болды. 1833 жылдан Корольдік институттың химиядан Фуллерлік профессоры болып 1862 жылға дейін істеді. Фарадейдің жарияланған лекциялары кең таралды. Үлкен тәжірибелік деректерге сүйеніп, Фарадей ол кезде белгілі электр “түрлері”, “жануардың”, “магниттік”, термоэлектрлік, гальваникалық электрлік және басқалардың өрнектелетінін дәлелдеді. Электр тогының тұздардың, қышқылдардың және басқаларының қоспаларынан өтуі оны электр тогының табиғатын ашуға итермеледі. Зерттеу нәтижесінде 1833 жылы электролиз (Фарадей) заңын ашты. 1845 жылы Фарадей жарықтың поляризация жазықтығының магнит өрісінде айналу құбылысын (Фарадей эффектісін) байқады. Сол жылы диамагнетизмді ашты, ал 1845 жылы – парамагнетизмді ашты. Ол бірнеше ұғымдарды енгізді – қозғалғыштық (1827ж.), катод, анод, иондар, электролиз, электродтар (1834ж.); вольтметрді ойлап тапты (1833ж.). 1830 жылдары өріс ұғымын ұсынды, 1845 жылы алғаш рет “электромагниттік өріс” терминін пайдаланды, ал 1852 жылы өріс концепциясының формуласын жазды. Фарадей электр және магнетизмнен негізгі еңбектерін Корольдік қоғамға – Электрден тәжірибелік зерттеулер (Experimental Researches in Electricity) – атты баяндамалар сериясы ретінде тапсырып отырды.

Фарадей 1867 жылы 25 тамызда Хэмптон-Кортта қайтыс болды. (<http://www.kitaphana.kz/> сайтынан алынды)

Эйнштейн Альберт (1879-1955)

А.Эйнштейн 1879 ж. Ульмада туылған (қазіргі ФРГ). 14 жасында Швейцарияға көшіп 1900 ж. Цюрих политехникумын бітіреді. 1902-1908 ж.ж. Бернде патент бюросында эксперт болады, 1909-1913 ж.ж. Цюрих политехникумының профессоры, 1914-1933 ж.ж. Берлин университетінің профессоры және физика институтының директоры болған. Фашистер үкіметі

құрылғаннан кейін Германиядан кетуге мәжбүр болады. 1933 ж. АҚШ-қа көшеді, өзінің өмірінің соңына дейін Принстон институтының перспективті зерттеуінде қызмет етеді. Эйнштейн кеңістік, уақыт және материя туралы түсінікті түбегейлі түрде өзгертіп салыстырмалылықтың арнайы және жалпы теориясын құрды. Өзінің теориясына 2 постулатты енгізді: Галилейдің салыстырмалы механикалық принципін жалпыламасы болатын салыстырмалылықтың арнайы принципі және вакуумдегі жарық жылдамдығының тұрақтылық принципі. Сол теориясының негізінде 1905 ж. масса мен энергияның байланыс заңын ашты.

Эйнштейн кванттық теорияны құруда да маңызды рөл атқарды. Егер 1900 ж. Макс Планк материалды осциллятордың энергиясын ғана кванттаса, ал Эйнштейн 1905 ж. жарықтық сәуле шығаруды, жарық квантының немесе фотондардың ағыны деп қарастырып, кванттық, дискреттік құрылымын зерттеді. Жарықтың кванттық теориясының негізінде фотоэффект құбылысын түсіндірді (<http://www.kitaphana.kz/> сайтынан алынды).

Я.И. Перельманның «Қызықты физика» атты кітабынан мақалалар.
Мәтіндерді оқып, мазмұнын қазақша баяндап беріңіздер.

Сильнее самого себя

Какой груз вы можете поднять рукой? Положим, что 10 кг. Вы думаете, что эти 10 кг определяет силу мускулов вашей руки? Ошибаетесь: мускулы гораздо сильнее! Проследите за действием, например, так называемой двуглавой мышцы вашей руки. Она прикреплена близ точки опоры рычага, каким является кость предплечья, а груз действует на другой конец этого живого рычага. Расстояние от груза до точки опоры, т. е. до сустава, почти в 8 раз больше, чем расстояние от конца мышцы до опоры. Значит, если груз составляет 10 кг, то мускул тянет с силой, в 8 раз большей. Развивая силу в 8 раз большую, чем наша рука, мускул мог бы непосредственно поднять не 10 кг, а 80 кг.

Мы вправе без преувеличения сказать, что каждый человек гораздо сильнее самого себя, т. е. что наши мускулы развивают силу, значительно большую той, которая проявляется в наших действиях.

Целесообразно ли такое устройство? На первый взгляд как будто нет, — мы видим здесь потерю силы, ничем не вознаграждаемую. Однако вспомним старинное “золотое правило” механики: что теряется в силе, выигрывается в перемещении. Тут и происходит выигрыш в скорости: наши руки движутся в 8 раз быстрее, чем управляющие ими мышцы. Тот способ прикрепления мускулов, который мы видим в теле животных, обеспечивает конечностям проворство в движении, более важное в борьбе за существование, нежели сила. Мы были бы крайне медлительными существами, если бы наши руки и ноги

не были устроены по этому принципу. (Я.И.Перельман. Занимательная механика)

Как отличить вареное яйцо от сырого?

Как быть, если нужно, не разбивая скорлупы, определить, сварено яйцо или же оно сырое? Знание механики поможет вам с успехом выйти из этого маленького затруднения.

Дело в том, что яйца вареные и сырые вращаются не одинаковым образом. Этим и можно воспользоваться для разрешения нашей задачи. Испытуемое яйцо кладут на плоскую тарелку и двумя пальцами сообщают ему вращательное движение (см. рисунок 39). Сваренное (особенно вкрутую) яйцо вращается при этом *заметно быстрее и дольше* сырого. Последнее трудно даже заставить вращаться; между тем круто сваренное яйцо вертится так быстро, что очертания его сливаются для глаз в белый сплюснутый эллипсоид и оно может само встать на острый конец.



Рисунок 39- Как завертеть яйцо

Причина этих явлений кроется в том, что круто сваренное яйцо вращается как сплошное целое; в сыром же яйце жидкое его содержимое, не сразу получая вращательное движение, задерживает вследствие своей инерции движение твердой оболочки; оно играет роль тормоза.

Вареные и сырые яйца различно относятся также и к остановке вращения. Если к вращающемуся вареному яйцу прикоснуться пальцем, оно останавливается *сразу*. Сырое же яйцо, остановившись на мгновение, будет после отнятия руки еще немного вращаться. Происходит это опять-таки вследствие инерции: внутренняя жидкая масса в сыром яйце еще продолжает двигаться после того, как твердая оболочка пришла в покой; содержимое же вареного яйца останавливается одновременно с остановкой наружной скорлупы.

Подобные испытания можно производить и иным образом. Обтяните сырое и вареное яйца резиновыми колечками «по меридиану» и подвесьте на двух одинаковых бечевках (см. рисунок 40). Закрутите обе бечевки одинаковое число раз и отпустите. Сразу обнаружится различие между вареным и сырым яйцом. Вареное, придя в начальное положение, начнет по инерции закручивать нить в обратную сторону, затем снова раскрутит ее, — и так несколько раз, постепенно уменьшая число оборотов. Сырое же яйцо повернется раз, другой и остановится задолго до того, как успокоится крутое яйцо: движения тормозятся жидким содержимым.



Рисунок 40- Как отличить вареное яйцо от сырого по их вращению в подвешенном виде

«Колесо смеха»

Раскройте зонтик, уприте его концом в пол и вращайте за ручку; вам не трудно будет придать ему довольно быстрое движение. Теперь бросьте внутрь зонтика мяч или скомканную бумагу; брошенный предмет не остается в зонтике, а будет выкинут из него, что принято неправильно называть «центробежной силой» и что в действительности есть лишь проявление инерции. Мяч выбрасывается не по направлению радиуса, а по касательной к пути кругового движения.

На этом эффекте вращательного движения основано устройство своеобразного развлечения — «колеса смеха» (см. рисунок 41), которое можно видеть, например, в парках культуры. Посетители имеют здесь случай на самих себе испытать действие инерции. Публика размещается на круглой площадке — стоя, сидя, лежа, — кто как желает. Скрытый под площадкой мотор плавно вращает ее около вертикальной оси, сначала медленно, потом все быстрее, постепенно увеличивая скорость. И тогда под действием инерции все находящиеся на платформе начинают сползать к ее краям. Сначала это движение едва заметно, но по мере того как «пассажиры» удаляются от центра и попадают на окружности все большего и большего радиуса, скорость, а следовательно, и инерция движения сказываются все заметнее. Никакие усилия удержаться на месте не приводят ни к чему, и люди сбрасываются с «колеса смеха».




Рисунок 41-«Колесо смеха». Люди на вращающемся круге отбрасываются за его края

Земной шар есть, в сущности, такое же «колесо смеха», только гигантских размеров. Земля, конечно, не сбрасывает нас с себя, но она все же уменьшает наш вес. И на экваторе, где скорость вращения наибольшая, уменьшение *веса* от этой причины, доходит до 1/300 доли. А вместе с другой причиной (сжатие Земли) вес каждого тела на экваторе уменьшается, в общем, на полпроцента (т. е. на 1/200), так что взрослый человек весит на экваторе примерно на 300 г меньше, чем на полюсе (Я.И.Перельман. Занимательная механика)

В погоне за временем

Можно ли в 8 часов утра вылететь из Владивостока и в 8 часов утра того же дня прилететь в Москву? Вопрос этот вовсе не лишен смысла. Да, можно. Чтобы понять этот ответ, нужно только вспомнить, что разница между поясным временем Владивостока и Москвы составляет девять часов. И если самолет сможет пройти расстояние между Владивостоком и Москвой за это время, то он прибудет в Москву в час своего вылета из Владивостока.

Расстояние Владивосток — Москва составляет примерно 9000 км. Значит, скорость самолета должна быть равна $9000: 9 = 1000$ км/час. Это вполне достижимая в современных условиях скорость.

Чтобы «перегнать Солнце» (или, точнее, Землю) в полярных широтах, нужна значительно меньшая скорость. На 77-й параллели (Новая Земля) самолет, обладающий скоростью около 450 км/час, пролетает столько же, сколько успевает за тот же промежуток времени пройти точка земной поверхности при вращении Земли вокруг оси. Для пассажира такого самолета Солнце остановится и будет неподвижно висеть на небе, не приближаясь к закату (при этом, конечно, самолет должен двигаться в подходящем направлении).

Еще легче «перегнать Луну» в ее собственном обращении вокруг Земли. Луна движется вокруг Земли в 29 раз медленнее, чем Земля вокруг своей оси (сравниваются, конечно, так называемые «угловые», а не линейные скорости). Поэтому обыкновенный пароход, делающий 25 — 30 км в час, может уже в средних широтах «перегнать Луну».

О таком явлении упоминает Марк Твен в своих очерках «Простаки за границей». Во время переезда по Атлантическому океану от Нью-Йорка к Азорским островам «стояла прекрасная летняя погода, а ночи были даже лучше дней. Мы наблюдали странное явление: Луну, появляющуюся каждый вечер в тот же час в той же точке неба. Причина этого оригинального поведения Луны сначала оставалась для нас загадочной, но потом мы сообразили, в чем дело: мы подвигались каждый час на 20 минут долготы к востоку, т. е. именно с такой скоростью, чтобы не отставать от Луны!». (Я.И.Перельман. Занимательная механика)

Әдебиеттер тізімі

1. Алдамбергенова Г.Т. Қазақ халық педагогикасында қыздарға моральдық-этикалық тәрбие берудің ғылыми негіздері. – п.ғ.д. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2009.
2. Қазақстан қорықтары. «Аруна Ltd.». –Алматы, 2003. -11 б.
3. Қазақстан, Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы», 2006. -704 б. 8 том.
4. Қазақстан, Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы», 2007. -688 б. 9 том
5. Қазақстан, Ұлттық энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы», 2007. -704 б. 10 том
6. Нуриев М.А. Ұлттық тәрбиенің этика-эстетикалық негіздері// *Таңдамалы лекциялар курсы.*– Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. - 276 бет.
7. Сейлхан А.Қ., Советова З.С. Кәсіби қазақ тілі: Тау-кен металлургия факультетінің 5В070900 - металлургия, 5В070700 - кен ісі, 5В073700 - пайдалы қазбаларды байыту, 5В070600 - геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау мамандықтарында оқитын студенттерге арналған оқу құралы. –Өскемен: ШҚМТУ, 2012. –107 б.

Мазмұны

1	Сәлем – сөздің анасы	3
2	Мамандық таңдау – маңызды іс	10
3	Уақыт және адам	17
4	Туған жер – алтын бесігім	25
5	Қазақстанның тарихи орындары	31
6	Замандас келбеті	37
7	Қазақстан ғылымының жаңалықтары	45
8	Салауатты өмір салтын дәріптейік	56
9	Табиғат құдыреті	65
10	Қазақ кино және театр өнері	73

Мейрімгүл Мұхамедиярқызы Төлеуп

ҚАЗАҚ ТІЛІ
Ғылыми-техникалық мәтіндермен жұмыс дағдыларын қалыптастыру
Оқу құралы

Редакторы Қ.С. Телғожаева
2013 ж жин. тақ. жоспары, 34 реті

____. ____ . 2014 терілуге берілді

Пішімі 60x84 1/16

№2 типографиялық қағаз

Оқу – баспа таб.

Таралымы _____ дана. Тапсырыс _____ . Бағасы _____ теңге.

Басуға _____ 2014 ж. қол қойылды.

«Алматы энергетика және байланыс университетінің»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
көшірмелі-көбейткіш бюросы
050013 Алматы, Байтұрсынов көшесі, 126